

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖӘНЕ БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ**БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ ТҰЛҒАНЫ ҰЖЫМДА ТӘРБИЕЛЕУДІҢ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Қоқымбаева Т.И.- п.ғ.к., доцент (Алматы қ., Қазмемқызпи)

Мектеп тәрбиесін ұйымдастырудың негізгі формасы ұжымда жүргізіледі.

«Тек ұжымда ғана тұлға өзінің жан-жақты даму мүмкіншілігіне ие, сонымен бірге ұжымда ғана жекелей еркіндік болуы мүмкін». Ұжымдық рухта тәрбиелеу педагогикалық тәрбие мақсатындағы негізгі принцип. Бұл мақсатқа жетудің жолдары мен формалары ұжымға байланысты.

Ұжым – күрделі динамикалық құбылыс, ол үнемі алға қарай дамып отыруға тиіс.

Жетілген ұжым алдында тұрған маңызды мақсатты, өмірмен міндеттерді шешуге бағытталған белсенді әрекет жасайды, оларды орындауға кедергі болатын қайшылықтарды, қиындықтарды ығыстырып, оларды жеңудің тиімді жолдарын іздейді. Ұжымның даму заңдарын, ішкі мүмкіндіктерін білудің маңызы зор.

Соңғы кезде психологиялық құрылымына назар аударады, үш буыннан тұратынын ашып көрсетеді.

1. «Қоғамдық» буын – ол әлеуметтік, кәсіптік – іскерлік бағыттылығы.
2. «Жеке бастық» - буын адамдардың ақыл-ой, көңіл сезімдері мен ерік-жігер қасиеттерінің, өзара қарым-қатынастарының ерекшеліктері.
3. «Жалпы қасиеттері» - буын бұған психологиялық ахуал, адамдардың бір-бірімен ынтымақтастығы, бірлігі, келісімшілділігі, ұйымшылдығы т.б. өзінің тобын басқа топтармен салыстырып бағалай білушілік, лидерлік ықпалды атқару т.б. жатады.

Ұжым тәрбиелік талпыныстар орталығына айналды, оны қалыптастыру, мектептің негізгі міндеті ретінде қабылданды.

А.С.Макаренко, Н.К.Крупская, В.А.Сухомлинский және т.б. атақты педагогтар күш жұмсады. Тәрбие жұмыстары жақсы нәтиже бере қоймады. Жылдар бойы үстемдік еткен ұжымдық тәрбие мектептерде адамды жаңаша тәрбиелеуге өзінің елеулі үлесін қоса алмады.

Ұжымдық және тұлғалық үйлесім көп жағдайда тәрбие туралы дұрыс көзқарастар негізіне алынуы шарт. «Ұжым» педагогикалық әдебиеттерде тәрбиеленушілер бірлестігі деп түсіндіріледі.

Мектеп ұжымы құрылымының негізгі де тұрақты бөлігі – басты іс-әрекеті оқу болатын оқушылардың сыныптық ұжымы. Сыныптық ұжымда оқушылар арасында тұлға аралық байланыс пен қатынас пайда болады. Мектеп ұжымдарының басқа да түрлеріне негіз қалайды.

Мектеп сынып ұжымындағы ерекшеліктеріне мынадай қорытындыға келуге болады: оқушылар ұжымы – бұл жалпы әлеуметтік маңызды мақсаттарымен, іс-әрекеттерімен, іс-әрекетті ұйымдастыруымен, жалпы міндеттерімен, теңдік жағдайында ортақ мүдде бірлігімен ұжымдасқан оқушылар тобы.

А.С.Макаренко тағылымы ұжымды сатылы қалыптастырудың егжей-тегжейлі технологиясынан тұрады. Ұжым болу үшін, топ сапалы тіктелі жолынан өтуі қажет. А.С.Макаренко бірнеше сатыларды белгілейді.

Бірінші саты – ұжымның құрылуы. Бұл кезеңде ұжым педагог тәрбие жұмысының мақсаты ретінде көрінеді, ұйымдасқан, белгіленген топты (сынып, үйірме

т.б.) ұжымға айналдыруға талпыну, оқушылардың ұжымға қатынасы бірлескен іс-әрекет мазмұнымен мақсат-міндеттерімен, құндылықтарымен анықталады.

Екінші сатыда – белсенділердің ықпал арта түседі. Белсенділік педагогтардың талаптарын қолдап қана қоймай, ұжым мүшелеріне ұжымға пайдалы, зиянды екенін байқатып, өз түсініктері бойынша басқара бастайды.

Үшінші және одан кейінгі сатылар – ұжымның кемелденуі.

Алдыңғы даму сатыларында қол жеткізген қасиеттер киелі тұлғалық ерекшеліктерді топтастырады: жолдастарына қарағанда өзіне жоғары талап қоюы, көзқарастарының, әдептерінің, әрекет – қылықтарының тұрақтануы. Ұжым осы сатыға жетсе, онда толыққанды, адамгершілікті тұлға қалыптастыру.

Тәрбие жұмысы тәжірибесінде перспективаның үш түрі кездеседі; жақын, орташа және алыс перспективалар.

Жақын преспектива – ертеңгі серуен, яғни ұжым мүшелерінің жеке қызығушылығынан туындайды.

Орташа перспектива – уақыт бойынша алыстау ұжымдық оқиғаның жобасы.


Алыс перспектива – ұзақ уақытқа көзделген үлкен мағыналы, маңызды талаптарға қол жеткізуге арналған мақсат.

Перспективада тұлға мен ортаның қажеттері міндетті түрде үйлеседі.




Тұлға міндетті түрде ұжымға бағыну керек деп есептелінеді. Тұлға мен ұжым арасындағы қатынас тек тұлға сапасына ғана емес, ұжымға да байланысты.

Ғылыми зерттеулер нәтижесінде тұлға мен ұжым арасындағы қатынасы



Бірінші түрі бойынша тұлға ұжым сырттай бағынып, әрі қарай өзінің жекелілігін және тәуелсіздігін сақтауы мүмкін. Егер тұлға ұжымға кіріскісі келсе, онда ұжымның құндылықтарын, нормаларын және дәстүрлерін қабылдайды.

Екінші түрі бойынша жағдай әртүрлі жолмен дамуы мүмкін:



Тұлға мен ұжым арасындағы қатынастың қазіргі мектепке сай типі – бұл бірлікті өмір сүру талпынысы. Тұлға мен ұжым ұдайы қарым-қатынаста болуға тиіс.

Үшінші модельде тұлға ұжымды бағындырады, бірақ бұл сирек кездесетін құбылыс.



Мектеп ұжымын басқарудың педагогикалық тәжірибесінде келесі маңызды ережелерді сақтау керек.

1. Ұстаздың ұлағаттылығын оқушының өз қызығушылығына, ынтасына, тәуелсіздігіне орайластыру, дербес қарапайым талпынысымен саналы байланыстыру.

2. Ұжым динамикалық жүйе болғандықтан ол үнемі өзгеріп, дамып отырады және кемелденеді. Сол үшін педагогикалық жетекшілер қарым-қатынас және әсер ету жобаларын жиі өзгертіп отыруы міндетті.

3. Ұжым мүшелерінің өз міндеттерін орындайын дұрыс қадағалау негізінде тәрбиені дамыту.

4. Тәрбие ұжымдағы қарым-қатынас құрылымының көп деңгейлігін ескере жүргізу.

5. Ұжым мүшелерінің атқарып жүрген ролдері мен олардың шын мәніндегі мүмкіндіктерін дұрыс пайдалану.

6. Ұжымдағы қатынастың өтіп жатқан жағдайына белсене араласу.

7. Ұжымдағы оқушыларды жаңаша қатынасқа кірістіретін ұжымдық іс-әрекет түрлерімен олардың қалпын өзгертуді әркез естен шығармаймыз.

ТҮЙІН

Бастауыш мектеп білім берудің негізі екенін ескере отырып, оның басты компоненттері мақалада түбегейлі қарастырылған. Мақала интеграция тұрғысынан кредиттік технология бойынша мақсаткерлік – мотивациялық құрылымды талдай отырып жазылған.

РЕЗЮМЕ

Учитывая, что начальная школа является основой образования, в статье рассмотрены ее основные компоненты. Статья с интеграционной точки зрения основана на анализе мотивационно-целевой структуры кредитной технологии.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖӘНЕ КІШІ МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ЕҢБЕК ІС-ӘРЕКЕТІНДЕГІ ТӘЖІРИБЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Жиенбаева С.Н – п.ғ.к. доцент (Алматы қ., Қазмемқызпи)

Бүкіл дүниежүзілік білім беру кеңістігіне кіру әлемдік деңгейдегі бәсекеге қабілетті, еңбекқор, өмірлік тәжірибе қоры кемелденген жаңа ұрпақты тәрбиелеу талабын қойып отыр. Бұл тұрғыдан қарағанда президентіміз Н.Назарбаевтың «Елдің экономикалық деңгейі мен оның әлемдегі бәсекелестік ұстанымы бірінші кезекте адамдық капиталға байланысты» деп атап көрсеткені мәлім. Сондықтан өмірге келген әрбір бөбекті өз өмірінің, өзіндік білім мен тәрбиесінің субъектісі ретінде қалыптастыру, оқу-тәрбие процесін дамытушылық, тұлғаға бағдарлану тұрғыда ұйымдастыру мектепке дейінгі ұйымнан басталады. Онымен өзгермелі өмір жағдайына тез бейімделетін, өз жолын дұрыс таңдай алатын, оң шешім қабылдай білетін тәжірибелі жеке тұлға дайындауға бағытталған үздіксіз білім беру ісін сапалы жүзеге асыратын үздіксіз білім беру жүйесін құру заман талабы.

ЮНЕСКО форумындағы үздіксіз білім беру тұжырымдамасында: үздіксіз процесс баланың алғашқы бір жасынан басталып, барлық өмірінде жалғасып және білім берудің барлық сатыларын, барлық типін, формасын қамтиды, формалды білім беру шеңберінен шығарады. Үздіксіз білім беру барлық жастағыларға арналып, қоғамның ахуалын, барлық жағдаяттарын пайдаланып, адамның жан-жақты дамуын қамтамасыз етеді.

Мектепке дейінгі және кіші мектеп жасындағы балаларды еңбек іс-әрекеті субъектісі ретінде тәжірибесін қалыптастыруда басты ескеретін шарттардың бірі – мектепке дейінгі ұйымдар мен бастауыш мектептің жұмысындағы сабақтастық болып табылады. Осы міндетті шешудің маңызды факторы ретінде мектепке дейінгі балаларды мектепке дайындау алынады. Бұны ең алғаш өзінің «Шешенді тәрбиелеу туралы» атты педагогикалық шығармасында ежелгі грек философы Квинтиллиан I

ғасырда атап көрсетті. Оның пікірінше, 7 жасқа дейінгі бала отбасында еңбекке тәрбиеленеді және оқиды, ал 7 жасында мектепке барады.

Мектепке балаларды дайындау идеясы, бастауыш мектепке түсерде міндетті түрде пайда болатын қиындықтардың алдын алу қажеттілігі ретінде, кеңейтілген түрде Я.А.Коменскийдің отбасындағы тәрбие мен оқыту туралы «Аналар мектебі» атты еңбегінде баланың туылғаннан 6 жасқа дейінгі қалыптасу жүйесі қарастырған. Автордың пікірінше, бұл кітап әрбір үйде болуы керек деп, «Ата-аналар балаларын мектепке қалай дайындау керек?» деген бөліммен аяқталады (XII тарау). Онда ұлы педагог осы маңызды мәселе бойынша ата-аналарға кеңес бере отырып, «Адамзаттың барлық істерін пайдалы қолдана білсе, ұқыптылық пен қажетті дайындықты талап етеді, ... өздерінің балаларын мектепке ешбір дайындамаған ата-ана дұрыс істемейді» деп оның бір жолы еңбек іс-әрекетіндегі тәжірибесі мектептегі дене және ақыл-ой еңбегіне негіз болатындығын атап көрсетеді. Я.А.Коменский білім жүйесін құруды адамның жас ерекшелігі бойынша даму сатыларын қамтып, мектепке дейінгі жастан бастағанда соңғы нәтижеге жету табысты болатындығын сол кездің өзінде мән берген.

Ресейде мектепке дейінгі және бастауыш мектептегі сабақтастық мәселесін алғаш қарастырған В.Ф.Одоевский болды, ол «Ғылымға дейін ғылым» деген еңбегінде мектепке дейінгі жастағы балаларды оқыту мен тәрбиелеуге арналып, оның бастауыш мектептің еңбек тәрбиесінің өзара байланысын ұйымдастыру туралы қызықты ой-пікірлер айтылады.

А.С.Симонович балабақша мен мектептің байланысын келесідей көрсетеді: балабақша баланың жалпы дамуын жүзеге асырады, ал мектеп бұл дамуды қолданады. Балабақшада балалар оқымауы керек, олар дамуы керек, «мектеп пен балабақшадағы сабақтар арасында қатаң сызық салынған: мектеп күрделі ғылыммен айналысады, ал балабақша күрделі ойынмен айналысады. Мектепте - берілетін пәнге назар аударылады, ал балабақшада - балаға назар аударылады, ал пән екінші рөлде болады, ол тек мақсатқа жету құралы болып саналады». Сонымен қатар, «...қазіргі заманғы мектеп өзінің құрылымын, әсіресе бірінші сыныпта өзгертсе, оқушыларды грамматикамен шаршатпаса, оның орнына мектеп пәндерін беру енгізілсе, бала үшін балабақшадан қарапайым мектепке тікелей өту болмайтын еді». Бұл пікір К.Н.Вентцельдің жұмыстарында да кездеседі. Ескі мектепті сынай отырып, автор балабақшаны мектеппен байланыстырмау керек, ал мектепті «балабақшаның жаңа типіне» бейімдеу керек деп санады. Ол «жаңа балабақша баланың шығармашылық дара тұлғасын дамытуды дайындау үшін ең қолайлы орта болып саналады» деп атап көрсетеді.

Н.Ф.Каптерев балабақшаны балалардың қоғамдық тәрбие жүйесінің бірінші сатысы ретінде қарастырады. Ол «мектепке дейінгі жылдары баланың ойын, еңбек, оқу іс-әрекеттерінде ақыл-ой дамуына үлкен назар аударуды, оның сезімдерін, еркін дамытуды, дербестік, шыдамдылық, бақылау шеберлігі, салыстыру сияқты мінез-құлық белгілерін дамытуға ерекше назар аударуды атап көрсетеді, бұлардың бәрі баланы оқуға толыққанды дайындау үшін қажет» деп тәжірибесін жинақтау арқылы іс-әрекеттің субъектісі ретінде қалыптасуына мән берген. Педагогтың келесі ой-пікірлері өзекті болып саналады: ересек топтағы балаларды мектепке даярлау, балалардың өзара оқыту барысында, күнделікті өмір процесінде жүзеге асырылуы керек, сонымен бірге әрбір баланың күшіне сәйкес келетін ұйымдастырылған сабақтарда жүзеге асырылуы керек.

Танымал педагог Е.И.Тихеева балабақшаның мектеппен тығыз байланысын қалыптастыру қажеттілігі туралы жазған болатын: «Балабақша мен мектеп арасында ешқандай демаркациялық сызық жоқ және болмауы да керек. Балабақшаның ересек сатысы – үштен бір мектеп, ал мектептің кіші сатысы – үштен бір балабақша болып

саналады». Автордың пікірінше, балабақшаның ересек тобында балалардың білімдері мен елестетулерінің бірқатар жүйесін реттеу қажет, оларды балалар балабақшадағы оқу-тәрбие процесінде меңгереді». Осылайша, аталған кезең үшін балабақша мен мектептегі өтпелі топтарда, білім беру процесін осылайша құру тән болды, олай құру осы жастағы балалардың психологиялық ерекшеліктерін есепке алады, бұл гуманистік бағыттылықтағы еркін тәрбиелеу идеясына сәйкес келеді. Сонымен бірге, балабақша мен мектептің жұмысындағы сабақтастықты жүзеге асыру мәселесіне басқаша көзқарас та болды. Ол балабақшаның мектеп жұмысының мазмұны мен әдістерін қайталап көшіруді болжайды.

XX ғасырдың алғашқы он жылы мектепке дейінгі ұйымды білім беру жүйесінің алғашқы буыны деп санаған, халыққа білім берудің кеңестік жүйесінің қалыптасуымен сипатталады. Осыған байланысты, мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастық мәселесі, мемлекеттік деңгейде шешілуі керек еді. Н.К.Крупская «дұрыс қойылған мектепке дейінгі тәрбие, мектепті жоғары дәрежеге көтеруге мүмкіндік береді, бұл үлкен тиімділік береді. Балабақша, бастауыш және орта мектеп – бұлардың барлығы өзара тығыз байланысқан жалпы дамудың буындары, осы мекемелердің бір ғана мақсаты - жеке тұлғаны толыққанды, жан-жақты дамыту, оны қалыптастыруға жағдай жасау болуы керек».

Сабақтастық мәселесін шешуді Н.К.Крупская дайындық топтардың іс-әрекетінде мектептің төменгі құрылымы ретінде қарастырды. Оларды құрудың қажеттілігі сол уақытта, мектепке дейінгі жастағы балаларды қоғамдық мектепке дейінгі тәрбиемен біршама қамтуды талап етіледі.

Мектепке дейінгі жастағы балаларды мектепке дайындау мәселесі, көптеген педагогтар мен психологтарды қызықтырды. Бұл мәселені шешу балабақшадағы балаларды оқыту арқылы байқалды. Мектепке дейінгі педагогикада балалардың оқытуын ұйымдастыру мәселелеріне ерекше назар аударылды. Бірақ, оқытуды балалық шақтың мектепке дейінгі кезеңінің өзгешелігін есепке алу арқылы құрудың қажеттілігі атап көрсетілді (Л.С.Выготский, Е.А.Флерица және т.б.). Е.А.Флерица мектепке дейінгі оқытудың өзгешелігін, жағымды эмоциялармен толтырылған, мазмұнды, қуанышты өмірді ұйымдастыруда деп атап көрсетті. Автор тәрбиешінің барлық балалармен міндетті сабақтарын ұйымдастыру ретіндегі, оқыту мәселесін тар шеңберде шешу, тек жағымсыз нәтиже беруі мүмкін деп санады. Кейіннен бұл көзқарастар, мектепке дейінгі балаларды оқыту мәселесі, В.А.Сухомлинскийдің «қуаныш мектебі» жұмысының тәжірибесінде бекітілді, онда 6 жасар балаларды оқыту ойын, сурет салу, фантазиялау, практикалық іс-әрекет түрінде жүргізілді және баланы жан-жақты дамуға бағытталды.

1950-жылдардың басында балабақшаларға А.П.Усованың басшылығымен құрастырылған оқыту енгізілді, онда негізгі назар тәрбиешінің топтағы барлық балалармен міндетті сабақ жүргізу формасында, оқытуды ұйымдастыруға аударылды.

1970-жылдардың басында, мектепке дейінгі ұйымдар мен мектептің жұмысындағы сабақтастық мәселесіне қызығушылық арта түседі. Бұл бастауыш мектептің оқушылардың 3-жылдық оқытуға өтуімен және бастауыш білім берудің теориялық деңгейін арттырумен байланысты болды. Сабақтастық мәселесін шешуге педагогтар, психологтар, практиктер айналысты. А.В.Запорожец, А.А.Люблинская және т.б. еңбектерінде, мәселені шешуге біржақты тәсілдің жеткіліксіздігі атап көрсетіледі. Мысалы, А.В.Запорожец балабақша мен мектептің оқу-тәрбие жұмысында, сыртқы сәйкестікті қалыптастыру, сыртқы келісу ретінде сабақтастықты тар, шектеулі түсіндіру қанағаттанарлықсыз болып саналады және бұнда мектепке дейінгі және мектептегі балалық шақтың шекарасында, жалпы дене және рухани

дамудың ішкі органикалық байланысын, дамудың бір сатысынан келесі сатысына ішкі дайындықты қарастырады.

Ғалымдар мектепке дейінгі ұйымдар мен бастауыш мектептегі тәрбиенің дене, ақыл-ой, еңбек, адамгершілік және басқа жақтарының бірыңғай жүйесін құру туралы идеяны ұсынады, бұнда балалардың психикалық дамуының заңдылықтары есепке алынады. Балалардың мектептегі оқуға психологиялық дайындығына арналған зерттеулер жүргізіле бастады. Осы дайындықтың деңгейін арттыру мүмкіндіктері анықталады, бұнда мектепке дейінгі білім беруді оңтайландыру, іс-әрекеттің мектепке дейінгі түрлерін рационалды қолдану есепке алынады.

Мектепке дейінгі және бастауыш білім берудегі сабақтастықты жүзеге асыруда, балаларды мектепке пәндік даярлау тактикасы басым болды, ол балабақшадан мектепке дейінгі өтпелі кезеңде, баланың даму заңдылықтарымен сәйкес келмейді.

Аталған тактиканың тиімсіздігі 1980-жылдардың басында етек жайған, 6 жастағы балаларды жаппай оқытуды ұйымдастыруға ұмтылыс кезінде анықталды. Бұнда қойылған міндет - мектеп мен мұғалімдердің, 6 жасар балаларды оқыту үшін қажетті жағдай жасауға дайын болмауы себепті, орындалмайды. Осы жылдары жинақталған осындай оқыту тәжірибесі, ғалымдар мен педагог-практиктердің, білім берудегі сабақтастық пен үздіксіздік принциптерін жүзеге асыру сыртқы жағдайларды (оқыту мен тәрбиенің мазмұны, формалары мен әдістері), баланың ішкі мүмкіндіктерін, оның ахуалын талап етеді. Бұндай тәсіл білім беру сатыларының сабақтастығын қамтамасыз етуде жаңа аспектілерді ашады, екі буындағы педагогтардың баланың өз дамуының жаңа кезеңіне өтуі үшін, қолайлы жағдай жасау үшін жауапкершілігін арттырады.

90 жылдардағы нарықтық қатынастарға өту қарсаңы түрлі деңгейдегі үздіксіз білім беру мекемелерінің кіріктілуімен қатар жүргізілді. Мәселен, «балабақша-мектеп», «мектеп-колледж», «мектеп-жоо», «мектеп-колледж-жоо» Оның ішінде «балабақша-мектеп» кешені мектептегі сапалы білімнің берілуі 1-6 жасқа дейінгі балалардың мектепке дейінгі ұйымға жаппай тартылуы, мектепалды дайындық деңгейіне, бір сөзбен айтқанда мектепке дейінгі ұйым мен бастауыш мектептің сабақтастығымен тығыз байланысты.

«Сабақтастық» термині тарихи кезеңдерде білім беру мазмұнының құрылымын, компоненттерді, белгілі бір идеяларды қолдану немесе білім берудің барлық буынында бірізділікті белгілеу үшін қолданылып, алдыңғы басқыш келесі басқыш үшін база болып саналады.

Қазіргі кезде елімізде С.Смайылов, М.С.Керімбаева, А.М.Мубаракوف, Т.О.Оспанов, Ұ.Б.Төлешева Г.В.Наумов, Ж.Р.Баширова және тағы басқалардың зерттеу жұмыстары бар. Мектепке дейінгі және бастауыш білім берудегі сабақтастық мәселелері Р.И.Афанасьева, Л.Д.Глазырина, О.Ю.Зырянова, Т.С.Комарова, Т.С.Казаковцева, В.С.Кузин, В.Я.Лыкова, О.Р.Лагутина, Л.В.Туровцева, Т.Я.Шпикалова, елімізде В.А.Завалко, Ә.Мұханбетжанова, А.Манкеш және т.б және т.б. еңбектерінде қарастырылды.

«Сабақтастық» ұғымына берілген анықтамаларды талдай келе: мектепке дейінгі және кіші мектеп жасындағы балалардың еңбек іс-әрекетіндегі тәжірибесіндегі сабақтастық деп, жаңа мен ескінің байланысы түсіндіріледі, осы байланыста пайда болатын диалектикалық қарама-қайшылықтар сәйкес компоненттердің ұйымдастырылған өзара әрекеті жолымен шешіледі. Аталған мәселені қарастыра отырып, сабақтастықты ең алдымен, еңбек және құрал-жабдықтар туралы білімді меңгерудегі сабақтастық деп қарастырады, бұған еңбекке баулу мазмұны, технологиясы мен психологиясы сабақтастығы болмай, қол жеткізу мүмкін емес деп санайды. Мектепке дейінгі балалардың еңбек іс-әрекеті арнаулы пән болып аталмайды, стандарт бойынша, құрастыру және шығармашылық іс-әрекет шеңберінде

қарастырылады. Дегенмен, еңбек іс-әрекетін меңгерту білім беру мазмұны арқылы шешіледі.

Білім беру мазмұнындағы сабақтастық – бұл пәндік-мазмұнды компоненттің үздіксіз дамуы, атап айтсақ: әрбір кезеңде мектепке дейінгі кезеңде еңбекке баулу мен «Технология» пәнінің тақырыптарын кеңейту және тереңдету есебінен, жоғары деңгейде зерттеу үшін базаны құру болып табылады. Үздіксіз білім берудің әртүрлі сатылары мен деңгейлеріндегі сабақтастықты жүзеге асыру негізінде, базалық буындарда қаланатын фундаменталды мазмұнды анықтау қажет, оны қарым-қатынас тәсілдерінен, қарапайым технологиялық әдістерінен бастап, білім саласы мен іс-әрекет сфераларына сәйкес негіздермен аяқтау қажет. Білім берудің технологиясындағы сабақтастық оқытудың әдістері, формалары мен құралдары арқылы, білім берудің әртүрлі сатыларында қолданылатын өзара іс-әрекет арқылы көрінеді, бұнда оқытудың әрбір кезеңінде оқушылардың білім және біліктеріне, жаңа материалды түсіндірудің формалары мен тәсілдеріне талап қойылады.

Білім беру психологиясындағы сабақтастықта дамудың алдыңғы кезеңі, келесі психикалық жаңа құрылымдардың пайда болуына алғышарттарды құрады, онда балалардың жас ерекшеліктерін ескеру, олардың іс-әрекетінің жетекші типтерін ескеру талап етіледі, сонымен бірге бейімделудегі өтпелі кезеңдердегі психологиялық қиындықтарды төмендетуге ықпал етеді.

М.М.Пашкова мектепке дейінгі және бастауыш білім берудегі сабақтастықты жүзеге асырудағы негіздеме ретінде төмендегілерді атап көрсетеді:

- балалардың денсаулық күйі және дене дамуы;
- оқу іс-әрекетінің қажетті компоненті ретінде олардың танымдық белсенділігінің даму деңгейі;
- оқушылардың ақыл-ой және адамгершілік қабілеттері;
- бағытталған интеллектуалды және тұлғалық даму ретінде, оқушылардың шығармашылық қиялының қалыптасуы;
- коммуникативтілікті дамыту, яғни ересектер мен қатарластармен қарым-қатынас жасау шеберлігі.

Құзыреттілік тұғыры негізінде балабақшада балалардың жаңа «Технология» меңгеру үшін алғы шарттар қалыптасады. Мемлекеттік жалпы міндетті 5-тен 6 жасқа дейінгі мектепалды дайындық жастағы балаларға білім беру стандартында «баланың бастапқы біліктілігінің қалыптасуының базисі болатын бес білім саласының мазмұны денсаулық сақтайтын жеке тәжірибе, когнитивтік жеке тұлғалық тәжірибе, шығармашылық тәжірибе, қатынасты- өзара қатынасты қалыптастыратын тәжірибе, тұрмыстық іс-әрекет тәжірибесі деп бөліп белгіленген. Мұның өзі мектепке дейінгі кезеңнен баланың еңбек іс-әрекеті субъектісі ретінде тәжірибесінің қалыптасуына мүмкіндік туғызады. Аталған тәжірибе түрлері 12 жылдық жалпы білім берудің басатуыш сытысында жалғасын табуы қажет деп санаймыз.

12-жылдық жалпы білім беруге көшу жағдайында 3-10 жастағы балалардың еңбек іс-әрекеті субъектісі ретінде тәжірибесін қалыптастыруда бағыттары ұсынылады:

1. Аталған кезеңдегі психикалық жаңа құрылымдар: өзін және өзінің іс-әрекетін саналау ретіндегі рефлексия, қиял, танымдық белсенділік, белгі-символдық жүйелерді түсіну және операциялау (модельдер, графиктер).
2. Әлеуметтік даму: әлеуметтік құқық пен міндеттерді саналау; қоршаған ортамен өзара әрекет, әлеуметтік тәжірибесінің қалыптасуы, әлеуеттенуі.
3. Әрекеттік даму: заттық, ойын, оқу және еңбек іс-әрекетті меңгеру (мақсаттарды, нәтижеге жету тәсілдерін құрастыру), іс-әрекеттің шығармашылық сипатын қалыптастыру.

4. Әрі қарай білімді меңгеруге дайындығы дайындық: технологиялық, көркемдік-эстетикалық.

5. Эмоциональдық-құндылық дамуы: еңбекке құндылық қатынасы, еңбекке сүйіспеншілігі. Сондықтан бүгінгі таңдағы мектепке дейінгі және бастауыш мектептегі сабақтастықтың аталған бағыттары өзекті болып табылып, жеке –жеке зерттеу жұмыстарын жүргізуді талап етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Коменский Я.А. Избранные педагогические сочинения: В 2т.-М.: Педагогика, 1982.-Т.1-656 с.

2. Сағымбекова П. Преемственность в обучении математике дошкольников и младших школьников: Дис... канд. Пед. Наук. 1979.-192.

3. Завалько В.А. Теория и практика индивидуализации процесса обучения в многоступенчатой системе «Детский сад-школа-вуз» -. – Алматы, 2001.

4. Муханбетжанова А. Система воспитания детей в сельском комплексе «Школа-детский сад».- Алматы, 1991

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада мектепке дейінгі және кіші мектеп жасындағы балалардың еңбек іс-әрекетіндегі тәжірибесін қалыптастырудағы сабақтастық мәселесі қаралады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются проблемы преемственности в формировании опыта трудовой деятельности детей дошкольного и младшего школьного возраста

ЖАЛПЫ ПЕДАГОГИК БІЛІМ БЕРУ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ЭТНОПЕДАГОГИКА

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМ ҚАБІЛЕТТЕРІН АРТТЫРУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

Базылғаламова А. С. – оқытушы (Алматы қ., Қазмемқызпи)

Шетел тілі қазіргі кезеңде заман талабына сай көптеген мектептерде 2 – ші сыныптан бастап жүргізілуде. Бұл оқушы бойында ерте кезеңнен бастап ұлтаралық, мәдениетаралық бірлестікке дайындықтың қалыптасуына тікелей ықпал етеді. Шетел тілін бастауыш мектептен бастап оқытудың артықшылығы әрбір балаға психологиялық ойлауына, шет тілі сөзіне көңіл аударуына, түсінуіне оң әсер ететіндігі, содан соң негізгі мектепте білімін берік нығайтуын, білім сапасын арттырып, шетел тілінде қарым-қатынасқа түсіп, ерте мәдениетаралық коммуникацияға мүмкіндік беретіндігінде.

Шет тілін оқып, үйрену, бірден қалыптаса қалмайды. Өз ана тілін әлі толық меңгермеген балаға шетел тілін үйрету оңайға соқпайды. Бастауыш мектептің бастапқы сыныптарында баланы шетел тіліндегі дыбыстарды дұрыс айтуға, буындарды сөз тіркестерін, сөйлемдерді дұрыс меңгеріп, хат жазу, анкеталарды үлгі бойынша толтыру үйретіліп, негізгі грамматикалық категориялардан жалпы мағлұмат беріледі. Осы бастапқы сыныптарда-ақ оқушыларды түрлі тәсілдермен білім алуға үйрету қажет. Жоба әдісін қолдануда оқушылар өз бетімен қажетті хабарды жинауға дағдыланып, өздік шығармашылық қабілеттері артады.

Жалпы жоба жұмысы - белгілі бір өтілген материалдың қорытындысы ғана болмай, танымдық әрекетінің әдістемелік жемісі де болуы керек. Яғни, белгілі мақсатқа жетудің нәтижесін көрсеткен жөн. Жобалау әдісінің негізінде оқушының өз бетімен танымдық қабілеті дамиды, хабар кеңістігінде жаңалықты бағдарлай алу, алған жаңалықты сараптау, шығармашылық зерттеуге дағдыланады.

Жобалау әдісі 21 ғасырдың технологиясына кіріп, басқа елдерде бұрыннан қолданылса да біздің елімізде тек соңғы жылдары әсіресе қазақ мектептерінде сирек, оның өзінде 5-11 сыныптар аралығында ғана қолданылуда. Жоба әдісін қолдана отырып, оқушы өмір талаптарына сай, қоғамдық жағдайларға байланысты мәселелерге мұқият дайындалады. Олардың лингвистикалық белсенділігі жазу, сөйлеу, оқуда дамиды. Ол үшін шығармашылық хат, газет, журналдар, монологтар, шығармашылық ойын (пьеса) т.б. қолданылады. Жобаны жасауда балаларға әр түрлі бейнефильмдер, мультфильмдер, компьютерленген бағдарламалар ұсынылады. Дене қимыл қозғалысы - ұлттық билер, музыкалық - ритмикалық қимылдар арқылы, ал өлең, тақпақ, хормен немесе жеке ән айтуда дауыс ырғағы, сезім мүшесі дамиды. Түрлі жұмыстар тек ойлау қабілетін ғана дамытып жобамен өз бетімен жұмыс істеуге де үйретеді. Сабақты түрлендіре өткізу оқушының пәнге деген қызығушылығын арттырады. Бала мұндай сабақтан жалығып, шаршамайды. Ал жобаны әр баланын психологиялық ерекшеліктеріне байланысты беру керек. Жобаны оқу жылының басында оқытушы жоспарланған бағдарламадағы тақырыптарға сай етіп алады. Бастауыш мектепті бітірген оқушы бағдарламадағы белгіленген тақырыптар бойынша қарапайым үлгіде өз сыныптастарымен шет тілінде қарым-қатынас жасай алуы керек. Өзі, жанұя мүшелері туралы, мектеп, қала, достары жайлы әңгімелей білу керек.

Шетел тілін оқытып, үйрету мақсаты - оқушылардың қарым-қатынас жасай алуға түсе алатын қабілеттерінің негізін қалау болып табылады. Жаңа тілге үйретуде оқытудың жаңа тәсілі төмендегідей талаптарға сәйкес келуі көзделеді:

- оқушыға қолайлы оқу ортасын қалыптастыру;
- оқушының оқуға деген қызығушылығын арттыру, ой-тілектерін ояту;
- оқушының эмоциялық сезіміне әсер етіп жеке тұлға ретінде қалыптастыру;
- оқытуды түрлендіру үшін түрлі әдісті қолдану;
- ойын түрінде оқыту арқылы оқушының белсенділігін арттыру;
- шет тілін оқушының жеке қызығушылығымен байланыстыру;
- оқушы – субъект, оқытушы - кеңесшісі болу;
- сатылап өз бетімен жұмыс істеуге үйрету.

Жоба әдісін қолданып оқыту бұл талаптарға жауап бере алады.

«Шетел тілі оқу курсы» - оқушылардың шетел тілінен берілетін білімге деген мемлекеттік стандарттан тыс сұраныстарын қанағаттандыратындай мазмұнын анықтайтын, олардың бойында іргелі білім негіздері мен оның қосымша бөліктерін өз бетімен танып-білу дағдысына ие болуға, тілге деген қызығушылығын жетілдіруге қажетті курс. Шетел тілін оқытудың басты мақсаты – оқушыларға шетел тілінде қарым-қатынас жасауды базалық деңгейде игерту. Осыған сәйкес оқыту мазмұнына қарапайым коммуникативтік біліктілікті, яғни шетел тілін қажетті жағдаяттағы ауызша және жазбаша (сөз, тыңдап түсіну, оқу, жазу) өзара мәдени қарым-қатынас процесінде қолдана алу қабілеттілігі мен дайындығын қалыптастыруды қамтамасыз ететін тілдік, сөздік, әлеуметтік-мәдени білім, білік дағдылар енеді.

Осыған орай ғылыми зерттелген білім беру әдістерін іс жүзіне асыруда білім берудің сан алуан жаңа технологиялары пайдаланылып жүр. Солардың бірі – Ұлыбританияның «Кэмбридж» университетінің әдістемесінің басылымындағы «Cutting Edge» оқулығы. Модульдеп оқыту технологиясы негізінде жасалынған оқулық – біріншіден, жасөспірімдерге күнделікті тұрмыс қажетіне, ситуацияларға негізделген

коммуникативтік курс. *Екіншіден*, бұл әдіс ағылшын грамматикасын анық және жанамалап таныстыратын күнделікті сөздерде қолдануға үйрететін структуралық курс. Сондықтанда, бұл әдісте оқушылардың тілге деген қызығушылығын арттыратын тақырыптар мен тапсырмалар көп берілген. Коммуникативтік курс негізінде оқытудың түрлері: тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу тығыз байланыстырылып құрылған.

Жобалау әдісінің жаңа түсінігінің негізін Е.Полат былай деп тұжырымдаған: «Көлемді мәселені зерттеу, өңдеу әдістері шынайы тәжірбиелі қортындыға негізделген, мәселенің қайта өңделуі әр түрлі деректерді қосқанда қолданады. Мұндай нәтижеге жету оқушының өз бетімен ойлауға, мәселені шешуге, болжауға және оның себеп-салдарына байланысты».

Біз осы жоғарыда айтылғандарды тұжырымдай келе, жобалау әдісімен оқыту үнемі жеке тұлғаға негізделіп бағытталған және ол оқушының белсенділік, танымдық, іскерлік, т.б. қабілеттерін қалыптастырушы фактор деп түсінеміз.

Еліміздің шет елдермен қарым – қатынасымыз күшейіп отырған қазіргі кезде оқушылардың шетел тіліне қызығуын, білімге құштарлығын ояту, танымдық белсенділігін арттыру әрбір шетел тілі мұғалімінің міндеті. Шәкірттерінің сабақтағы белсенді іс-әрекеттерін ұйымдастыру, ойлау, шығармашылық, ізденіс қабілеттерін дамыту арқылы білім сапасын көтеруде оқытудың жаңа технологияны пайдаланудың мәні зор.

Жобалау әдісін сабақ барысында қолдану арқылы оқушыларды өз бетімен жұмыс істеуге, сабақта алған білімдерін іс жүзінде қолдануға көмегін тигізеді.

Жобамен жұмыс істеу барысында оқушылар берілген тақырып бойынша туылған проблемаларды шешуге, өз ойларын дәлелдеуге, пікірлесуге үйренеді.

Сабақты түрлендіріп өткізу үшін, әрине, оқушылардың білім деңгейі жоғарғы дәрежеде болуы шарт, сондықтанда жобалау сабақтарын жоспар бойынша берілген тақырыптарды меңгерген кезде, қортынды сабақ ретінде өткізсе, тиімділігі жоғары болады.

Жобамен жұмыс істейтін оқушылар бірнеше топқа бөлінеді. Әр топқа білім деңгейі жоғары оқушы жетекшісі болып, басқаларға көмек көрсету, түсінбегенін түсіндіру. Топқа бөлуде оқушылардың психологиялық үйлесімділігін де ескеру өте маңызды.

Жобалау әдістемесі бойынша істелетін жұмыс бірнеше кезңдерден тұрады:

Бірінші кезеңде мұғалімнің көмегімен оқушылар істейтін жұмыстарының мақсатын белгілеп, проблемаларды анықтайды. Өртүрлі сурет, сызба, мәтін т.б. жобаға қажетті материалдар жинастырады.

Екінші кезеңде істейтін жұмыстың жоспары жасалып, топ мүшелері өздеріне нақты тапсырма алады.

Үшінші кезеңде оқушылар әртүрлі лексикалық, граматикалық, ойлау, оқу, сөйлеу т.б. қабілеттерін дамытатын жаттығулар орындап, білімдерін жетілдіреді, туындалған проблеманы шешуге, жобаны жасауға әдіс, тәсілдер мен жұмыс түрлерін анықтайды.

Төртінші кезеңде әр топ өздері белгіленген жобаны жасап, дайындайды.

Жұмыстың бесінші, қортынды кезеңінде оқушылар дайындаған жобаларын қорғап, пікірлерін дәлелдейді.

Эксперт тобы әр топтың жұмысына талдау жасап, қортындылайды. Сабақ соңында оқушылар сабақ туралы өз пікірлерін айтып, келесі сұрақтарға жауап беріп, қортынды жасайды:

1. Жобалау әдістемесі пайдаланылған сабақтан қандай әсер алдыңдар?
2. Жасаған жұмыстың білімдеріңді кеңейтуге тигізген пайдасы болды ма?
3. Дайындық кезінде қандай ізденіс жұмыстарын жүргіздіңдер?

4. Жұмысты жасауда жіберген кемшіліктерді жою жолдары қандай? Нені ескертіп, неге көңіл аудару қажет?

Мұғалім әр кезеңде әр түрлі роль атқарады, ол – көмекші, бақылаушы, нұсқаушы жұмыстың барлық кезеңінде мұғалім шәкірттерінің іс - әрекеттерін қолдап, мадақтай келе, олардың ынтасын көтерген жағдайда ғана жақсы нәтижеге жетуге болады.

Жобамен жұмыс істеу әрбір оқушының жұмысқа деген жауапкершілігін арттырады, шығармашылық қабілетін дамытып, оқытудың түпкі мақсаты: білім сапсын жақсартуға үлкен ықпалын жасайды.

Тіл – ол әрбір халықтың мәдениетін, тарихын, тұрмыс – тіршілігін, сол халықтың стереотипін сипаттайтын зерделі айна.

Тіпті жеке тұлғаны алып қарасақ та оның сөйлеген сөзіне, айтқан әңгімесіне, сөйлеу мәнеріне қарап, біз ол адамның мәдениетін, қандай әлеуметтік топқа жататынын, тіпті оның географиялық мекенін де анықтай аламыз. Соңғысы ол әрине ол диалектологияға байланысты.

Жастарымыз еліміздің болашағы дейміз, өркениетке жету жолында жастарымызға сенім артамыз. Егер жастарға білім беру, оларды тәрбиелеу жауапкершілігі мына біздерге, ұстаздарға жүктелетін болса, шет тілдердің үйренудегі коммуникативті – танымдық оқыту әдісін ұсынғым келеді.

Бірақ алдымен, осы шет тілдерін оқыту әдістемесінің зерттеулеріне сүйене отырып, өткен ғасырдың соңғы 30 жылында жеткен жетістіктеріне тоқтала кетейін.

1) Шет тілін оқу процесін сипаттайтын әдістемелік білімнің категориялары анықталып, әдістемелік түсініктердің жүйе құрылымы пайда болуы.

2) Даму заңдылықтары бұрынғыдай пәлсапаның жаңа зерттеулерімен, лингвистикамен, психологиямен, психолингвистикасы және жалпы дидактикамен байланысып жатқан шет тілін оқытудың теориялық және практикалық әдістемелер негіздерін түзету жобасы ұсынылады.

3) Көптеген әдістемелік зерттеулердің арқасында оқу жүйесінде әртүрлі жас ерекшеліктеріне қарай шет тілін үйренуде бір – бірімен тығыз байланысты сөйлесім әрекетінің негізгі түрлерін: тыңдалым, айтылым, жазылым, оқылым әрекеттерін сабақ барысында комплексті түрде пайдаланудың тиімді жолдарын анықтады.

4) Шет тілін оқуға үйренуші тіл және сол тіл елінің мәдениетін зерттеуде айтулы нәтижелерге қол жеткіздік. Дегенмен, тіл және мәдениет арасындағы қатынас мәселесі шет тілін үйренудегі белгілі ережелер ретінде әлі күнге дейін толық қанды ашылмай отыр.

5) Шет тілін үйренудің қай сатысында болсын оны меңгеру процесінде ана тілінің «ерекше маңызы» анықталады.

6) Шет тілін үйрену процесіндегі комунативті бағытталған негізгі ұсынылады, ол дегеніміз шет тілінің үйренуші тұлғаның тілге деген құштарлығы, белсенділік әрекеті, өз бетінше жұмыс істей алу еркі, яғни осы әрекеттердің барлығы шет тілін үйренушінің бойынан табылатын болса, онда бұл әрекеттер шет тілін үйрену процесін жеңілдеткен болар еді.

7) Шет тілін оқыту процесінде аудио-видео және электронды техникалық аппараттарды пайдаланудың тиімді жақтары көрсетілді.

8) Шет тілін оқытуда, оқытылып жатқан шет тілінде сөйлеу проблемалары көтеріліп, сабақ барысында сөйлеу ортасын туғызу арқылы коммуникативтік жаттығулар орындау, коммуникативтік компетенцияларды дамыту енгізіледі.

9) Шет тілін оқытуда әсіресе жоғарғы оқу орындарына көп көңіл аударылып, шет тілін оқыту жүйесінің қай саласы болсын, білімді стандарттау, реттеу әдістемесі ғылымның актуалды проблемасы ретінде қарастырылып, сараптау, яғни тестілеу

арқылы шет тілін үйренушінің нәтижелері қадағаланып, олардың оқу сатылары анықталып отыратын болды.

Дегенмен, жоғарыда шешімі табылғандай көретін проблемаларға үңіле кетсек олардың әлі де болса зерттеулер мен толықтыру қажет ететінін байқаймыз. Қазіргі жаңа әдістемелік зерттеулерге сүйенсек те, бұрынғыларына қарасақ та, коммуникативі оқыту әдісі проблемасының маңызы зор.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Фазылова Р.Л. Проект на кроках немецкого языка. // Иностранный язык в школе. 1999. №3.
2. Зимняя И.А., Сахарова Т.Е. Проектная методика обучения английскому языку. // Иностранный язык в школе. 1991. №3.
3. Бородулина М.К. Шет тілін үйрету. – М. Просвещение, 1975.
4. Кузьмичева Т.Н. Технические средства в обучении английскому языку. – М. Просвещение, 2001.
5. Полат Е.С. Новые педагогические и информационные технологий // Иностранный язык в школе. 2004. №3.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада шетел тілі пәнін оқытуда оқушылардың таным қабілеттерін арттырудың негізі берілген.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются вопросы методики образования иностранного языка для начальных классов.

НЕМІС ТІЛІН ОҚИТУДЫҢ ҒЫЛЫМИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Байнеш Ш.Б. - п.ғ.к., доцент (Алматы, Қазмемқызпи)

Қазақстан тарихындағы профессор Н.М.Құрманбаев жазған шетел тілін оқытудың тұңғыш тұжырымдамасында тәжірибелі тіл маманы ретінде білім беру арқылы тәрбиеге ерекше мән беріп, білім беру мен тәрбиені шебер астастыра білген.

Оқушылар бойында шетел тілі пәндерінің оқу материалдарын меңгеру барысында әдеп, ұстамдылық, тәртіптілік, берілген тапсырмаларға жауапкершілікпен қарау, өз құрбы-құрдастарына, мұғалімдері мен ата-аталарына деген құрмет, өзін-өзі ұстау мәдениеті қалыптасып, олардың адамгершілік құндылықтарға деген көзқарасын арта түсіру басты міндет екенін кезінде атап айтқан болатын профессор Н.М.Құрманбаев.

Оқушылардың ақыл-ой тәрбиесінің міндеті деп олардың байқау, өзге тіл мен ана тілін салыстыру арқылы құндылықтарға көз жеткізе алу қабілетін, дағдысын дамытуды атады ғалым. Эстетикалық тәрбиенің міндетіне ол оқушылардың табиғат сұлулығын эмоционалды түрде қабылдай алуы мен адамдардың өзара қарым-қатынастарын ғалым шетел тілінің көркем әдебиетін оқу арқылы түйсіне білуді жатқызды. (Конц. 125,9)

Қазақстан республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты мен негізгі ережелерінде тәрбие берудің қаралуы:

Білім беру – қоғам мен мемлекеттің рухани, әлеуметтік, экономикалық, мәдени алға басуының негізі. Егеменді Қазақстанның қалыптасу жағдайында ұлттық білім

беру жүйесін демократиялық принциптер мен жеке тұлғаның құқықтары және әлемдік тәжірибе отандық дәстүрлер негізінде реформалау елеулі маңызға ие болып отыр.

Қазақстан Республикасының білім саясаты білім берудің мемлекеттік стандартын жасау және енгізу арқылы жүзеге асады. Педагогикадағы стандарттау – көп типті мектеп жағдайында білім беру саласында бірыңғай мемлекеттік саясат жүргізуге ықпал ететін білім беру процесін жобалаудың жаңа тәсілі.

Стандарт мектеп түлектерінің білім деңгейіне мемлекеттің қоятын минимум талаптарын және оған жетудегі мемлекеттің кепілдіктерін айқындайды. Қазақстан Республикасы Ата Заңының 30-бабының 4-параграфында: «Мемлекет жалпы білім беру стандарттарын белгілейді. Кез келген оқу орындарының қызметі осы стандартқа сәйкес болуы тиіс» деп көрсетілген. Мемлекеттік стандарт жалпы білім беруді жүзеге асыратын барлық білім беру ұйымдарында олардың меншіктік түріне және типіне тәуелсіз сақталуы міндетті. Стандартты енгізудің негізгі мақсаты – қоғам сұраныстары мен оқушылардың мүмкіндіктеріне сәйкес азаматтар білімділігінің орнықты деңгейін қолдау, барлық оқу-тәрбие орындарында білім алуға тең жағдайларды қамтамасыз ету, мектеп түлектерінің білімі мен біліктеріне бірдей талаптар тағайындау. [гост, негізгі ережелер, 3-бб./

Жалпы білім деңгейіне мемлекеттік талап оқушылардың оқу кезеңін бітіру кезеңіндегі алатын білімі мен біліктіліктерінің қажетті минимум деңгейін анықтайды: мектеп түлектерінің дайындық деңгейі Мемлекеттік стандарт тағайындаған талаптардан төмен болмауы тиіс. Бұл деңгейлерге жету білім ұйымдарының алға қойылған мақсаттарға жетуінің куәсі болып табылады.

Білім беру стандарты әлеуметтік-педагогикалық ерен құбылыс ретінде болашаққа бағдарланған білім моделі болып табылады. Ол күтілетін (жоспарланатын) білімдік жетістіктерді, атап айтқанда: меңгерілген білім мен біліктіліктерді таныс емес жағдайларға өз бетінше қолдануды, оларды шешуді, объектілердің жаңа қызметін көре алуды; таныс іс-әрекет тәсілдерін өз бетінше белгісіз жаңа жағдайға қисындастыра қолдануды, өмірге қажетті дағдыларды (компетенциясы), альтернативті ойлауды қалыптастыруды және т.б. көрсетеді.

Білім мазмұнын жетілдіру білім беру процесіне айқын жеке тұлғалық мән беруді, білімдік тұжырымдарға қарағанда әрекетшілдіктің басым болуын көздейді, оның нәтижесінде компетенттік тәсіл жүзеге асырылуда. Компетенттік деп оқушылардың күнделікті өмірдегі нақты, ақиқат мәселелерді шешу мүмкіндігі (қабілеті), практикалық іс-әрекетке дайын болуы түсініледі. Стандарт оқушылардың өз бетінше шығармашылық әрекеттеріне арналған тұжырымдарды, мектептен тыс шаралардың бағыттарын анықтайды.

Шетел тілі бойынша 1998 жылы алғашқы жасалған мемлекеттік білім стандартында білім беру барысында оқушылардың танымдық қабілетін қалыптастырып, жетілдіру қарастырылды. Мысалы, лингвоелтану және елтану туралы мағлұмат мынадай тараулар арқылы берілді:

1. Білім тілін оқып жатқан елдің және Қазақстанның мәдениеті туралы және оның дүниежүзі мәдениетіне қосатын үлесі туралы
2. Сөйлеу мәдениетіндегі ерекшеліктер.
3. Тілін үйреніп жатқан елдегі және Қазақстандағы тұрмыс пен бос уақыттағы көңіл көтеруді ұйымдастыру жайы.
4. Балалар мен жасөспірімдер қозғалысы.
5. Шетел мен өз еліміздегі мемлекеттік құрылым туралы жалпы мәліметтер. /1998ж. госс.т-127б./

Аталған білім стандарты республиканың Білім және ғылым министрлігі тарапынан жалпы орта білім беретін мектептегі білім деңгейі қандай бағдарда

болатыны әлі де болса нақты болмай тұрған кезде дайындалған болатын. Сонау өтпелі кезеңде асығыс та болса жасалған осы білім стандартына деген мұғалімдерінің, білім саласындағы мамандардың көңілі, ықыласы ерекше болды десек артық айтпаймыз. Білім стандарты облыстарда да, Алматыдағы арнайы семинарларда да жан-жақты талданған болатын. Бұл білім стандартын талдауға әсіресе Германиялық ғалым доктор Х.М.Дедеринг белсене атсалысып, стандарттың әлі де болса толықтыруды қажет ететінін кезінде айтқан. Ал Қазақстан Республикасының шетел тілінің 2002 жылы дайындалған мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты алғашқы стандартқа қарағанда орта білім саласындағы неғұрлым толық етіп дайындалған стандарт болып табылады./гос 2002ж., 85-113б./

Осы стандартта шетел тілінің қоғамның әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-техникалық және жалпы мәдени алға басуына, әсіресе білім беру арқылы тәрбие беруге қорғаушы фактор болып отырғаны нақты көрсетілді.

Қазіргі уақыт талабына сай шетел тілінің пән ретінде қажеттілігі күннен-күнге артып отыр. Ол қоғамның әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-техникалық және жалпы мәдени алға басуында қозғаушы фактор болуда. Мұның өзі шетел тілін мектептерде пән ретінде оқытудың мәртебесін жоғарылатады.

"Шетел тілі" пәнінің зерттеу объектілері:

- тілдік бірліктер – сөз тіркестері, сөйлемдер, мәтіндер;
- экстралингвистикалық бірліктер – шетел тілінің атқаратын қызметінің ерекшеліктерін көрсететін қарым-қатынас аумағы мен жағдаяттар;
- сөздердің этномәдени бірліктері, сөз тіркестері, мәтіндер (фразеологизмдер, сөз әдеби ережелері, республиканың және шет елдердің мәдениетінің реалияларын көрсететін мәтіндер).

Оқу пәнінің негізгі мазмұны коммуникативтік, тілдік, этномәдени біліктілікті қалыптастыруды көздейді.

Коммуникативтік бағдарды ұстанған оқу курсының сөздік және тілдік компоненттерін синтездеу алға қойылған міндеттерді неғұрлым толық түрде іске асыруға мүмкіндік береді. /гост-ит, новый S 83/

Шетел тілін оқыту мақсатына сай оқыту міндеттері екі үлкен бағыт бойынша белгіленді:

Танымдық бағыт бойынша:

- оқушының лингвистикалық дүниетанымын қалыптастыру;
- тілдің қоғамдық-әлеуметтік мәнін түсіндіру;
- оқушының тілін дамыту, тілдік шығармашылық қабілеттерін жетілдіру;
- сөз мәдениетінің адам тіршілігіндегі мәнін ұғындыру;
- сөз мәдениетін таныту;
- пікірталас мәдениетін жетілдіру;
- ғылыми ізденіс бағытындағы жұмыс түрлеріне төселдіру;
- мәтін арқылы танымдық қызығушылығын арттыру;
- өмір, түрлі ғылымдар саласынан оқушылардың танымын кеңейту;
- оқушылардың логикалық ойлауының бірізді болуын қалыптастыру;
- сөйлеу түрін, сөйлеу тәсілін меңгерту;
- мәтіндегі тіл бірліктерін функционалдық тұрғыдан танып білуге жетелеу;

Коммуникативтік, практикалық бағыт бойынша:

- оқушыларға тіл нормаларын меңгерту;
- тілдік жағдаяттарға лайық дұрыс қарым-қатынас жасаудың амал-тәсілдерін үйрету.
- оқушылардың тілдік сауаттылығын арттыру;
- оқушылардың тілдік - эстетикалық талғамдарын қалыптастыру;

- этикет нормаларына сай тіл мәдениетін жетілдіру;
- сөйлеу әрекетіне қажетті заңдылықтар мен талаптарды меңгерту;
- шығармашылық қабілеттерді дамыту;
- қарым-қатынас талаптарына сай іскерліктерді қолдана білуге баулу;
- пікірталас түрлеріне сай сөз қолдану біліктілігін қалыптастыру.

Бұл міндеттердің жүзеге асырылуы тілдік білімнің әрі оқушының дүниетанымының қалыптасуына, әрі олардың практикалық іскерлік-дағдыларының базасы ретінде қызмет етуіне негіз қалайды. /жаңа гост-ит, 88-89б/

Шетел тілінен білім беру қазір жалпы орта білім мазмұны дүниені біртұтас қабылдауды қамтамасыз ететін білім салаларының мазмұны арқылы жүзеге асырылады.

Оқытудың бастауыш сатысының міндеттеріне оқушыларды тәрбиелеу және дамыту, оларға оқуды, жазуды, есептеуді, оқу әрекеттерінің негізгі дағдыларын, өзін ұстай білуді және тіл мәдениетін, жеке басының гигиенасының және салауатты өмір салтының негіздерін меңгерту жатады.

Оқытудың негізгі сатысының міндеттеріне оқушылардың жеке тұлға ретінде тәрбиеленуіне, қалыптасуына, олардың бейімділігінің, қызығушылығы мен қабілеттерінің дамуына жағдай туғызу жатады. Осы мақсатпен білім мазмұнының міндетті пәндеріне қосымша оқушылардың таңдауы бойынша курстар енгізіледі.

Оқытудың жоғарғы сатысының міндеттеріне саралап оқыту негізінде оқушылардың танымдық қызығушылығын, шығармашылық қабілеттіліктерін дамыту, өз бетінше білім алу дағдыларын қалыптастыру жатады.

Шетел тілін үйрету ең алдымен, тілді басқа оқу пәндерімен тығыз байланыста оқытқанда ғана толығырақ түседі.

Шетел тілін басқа пәндермен, қоршаған ортамен, музыкамен, бейнелеу өнерімен, еңбекпен т.б. байланыстыра оқыту нәтижесінде ғана қарым-қатынас әрекеті жүзеге асады. Әсіресе, шетел тілдерін қазақ және орыс тілдерімен байланыстыра оқытудың маңызы зор. Бұл пәндер тілді мәдениеттің бір бөлігі ретінде үйретіп қана қоймай, жалпы адамзаттық мәдениеттен үлгі, тәжірибе алуға, өз елінің мәдениетін бойына жақсы сіңіруге сөйлеу әрекеті арқылы мүмкіндік тудырады.

Жаңа мемлекеттік білім (нов. гост 105) стандартында орта мектептегі оқушылардың міндетті (минимум) дайындық деңгейінің сөз мәдениеті мен қарым-қатынасына қойылатын талап төмендегідей:

- адам өміріндегі сөз мәдениетінің мәнін білу;
- тіл табысуға қажетті коммуникативтік дағдыларды саралай білу;
- тұрмыстық-әлеуметтік қатынасқа тән белгілерді білу;
- тұрмыстық-әлеуметтік қатынастағы әдептілік нормаларын білу;
- іскерлік қатынастардың түрлерін және оларға тән белгілерді білу;
- іскерлік қатынаста тіл табысуға қажетті тілдік амалдарды білу;
- жеке адам өміріне қажетті ресми құжаттардың тілдік-құрылымдық ерекшеліктерін білу;
- мекеме, ұйым жұмысына қажетті ресми іс-қағаздардың тілдік-құрылымдық ерекшеліктерін білу;
- кей сөздердің өзіне тән белгілерін білу.

Тіл үйретуді тәрбие берумен тікелей байланыстыру қарастырылуда. Білім бере отырып тәрбие беру басты рөл атқаруы білім стандартында этномәдениет материалдары арқылы да жүзеге асырылуда. Ол білім стандартында былай қарастырылған:

Үйреніп отырған шетел тілінде танысу кезінде әдепке байланысты сөздерді қолдану.

Дастархан басындағы сөз әдебі. Шетел тілінде шәкірттің аты-жөнін айта білуі. Ұлттық ойындар мен ойыншықтар. Ұлттық тағамдар. Үй жануарлары. Ана тілінде және шетел тілінде балаларға арналған өлеңдер, тақпақтар, өз еліндегі және шет елдердегі үлкен қалалардың аттары. /Жаңа гостт 107 б./

Оқушыларға елтану материалдары арқылы да біз шет мемлекеттің мәдениетін, білім беру жүйесін, тұрмыс-салтын т.б. өз еліміздегімен салыстыра отырып тәрбие беруді жүзеге асырудамыз. Тіл үйренуші жастарға елтану материалдарын беру арқылы олардың танымдық біліктілігін арттыру мынадай бағыттарда талап етіліп отыр:

Тілін үйреніп, оқып жатқан елдің және Қазақстанның мәдениеті туралы және оның дүние жүзі мәдениетіне қосқан үлесі туралы білім.

Сөйлеу мәдениетіндегі ерекшеліктер.

Тілін үйреніп жатқан елдің білім беру мекемелері туралы жалпы мәліметтер.

Тілін үйреніп жатқан елдегі және Қазақстандағы тұрмыс пен бос уақыттағы көңіл көтеруді ұйымдастыру жайлы.

Балалар мен жасөспірімдер қозғалысы.

Шет елдегі мемлекеттік құрылымы, географиясы, табиғи жағдайы туралы жалпы мәліметтер.

Шет елдегі тұрмыс пен демалыс.

Интернационализмдер, реалиялар, олардың ана тілінде берілуі.

Аутентті мәтіндердегі мәдени танымдық бағдар, фондық лексика. /Нов. гос S. 111/.

Бағдарламалардағы тәрбие мәселесі

Қазақстан ғалымдары өздері жасаған бағдарламаларында үнемі шетел тілін тәрбие беру негізінде оқытуды нақты мақсат еткен.

Қазақстанның Халыққа Білім беру министрлігі (ҚазССР) 1989 жылы бекіткен неміс тілін балабақшада ана тілі ретінде тереңдетіп оқытуға арналған тұңғыш бағдарламасында балаларға тіл үйрету арқылы тәрбие беру ісі бастан аяқ көрсетілген. Бағдарламада балабақша бүлдіршіндеріне білім беру арқылы патриоттық, эстетикалық адамгершілік тәрбие беру мақсаты қойылған. /1989ж./

Ал, Ы.Алтынсарин атындағы педагогикалық ғылымдар ғылыми-зерттеу институтында дайындалған 1990 жылғы "Жалпы білім беретін қазақ орта мектептерінің V-XI кластарына арналған ағылшын, неміс және француз тілдері бағдарламасында" және 1994 жылы "Рауан" баспасынан жарық көрген "Шетел тілдерін тереңдетіп оқытатын орта мектеп бағдарламаларында" өзге ел тілін үйрету үрдісінде тәрбиені білім берумен қатар өрбіте беруге үлкен көңіл бөлінді.

Шетел тілін оқып-үйрену оқушылардың өз бетінше ойлай білу, есте сақтау қабілеттерінің жетілуіне, сезімі мен эмоциясының (көңіл күйі) дүниеге, рухани және эстетикалық көзқарастары мен мінез-құлқының қалыптасуына, өз бетімен ізденіп, білімін көтеруге деген ұмтылыстарын дағдыға айналдыруға әсер етіп олардың жан-жақты жетілген азамат болуына ықпал жасауды мақсат етуін және тілдік материалмен жұмыс істеу нәтижесінде оқушылар бір ойды білдірудің әр тілдегі түрлі тәсілдерімен танысады, оқушылардың өз ортасына байланысты мәселелерді талқылауы, халқымыздың қаһармандық еңбегі туралы мақалаларды оқуы арқылы оларды еңбекті, еңбек адамдарын құрметтеуге тәрбиелеуге болатыны бағдарламада көрсетілді.

Тілін оқып отырған елдің өмірі, тарихы мен мәдениетімен, тұрмыс жағдайымен танысу арқылы оқушылар интернационализм, халықтар достығын құрметтеу, оны терең сезіну рухында тәрбиеленеді деп бағдарлама авторлары Н.Р.Жексенбиева, Р.Ә.Сәрсенбаева, Ш.Б.Бәйнеш т.б. тәрбие беру мәселесін нақты көрсетті. /тереңдет. оқыту прак-ы 1994 S. 6./

Тәрбие беру мақсатына 1998 жылы "Республикалық баспа кабинетінен" шыққан бағдарламада да айтарлықтай кең ауқымды көңіл бөлінген болатын. Яғни шетел тілін оқып, үйрену оқушылардың өз бетінше ойлау, есте сақтау қабілеттерінің жетілуіне, сезімі мен эмоциясының, дүниеге рухани және эстетикалық көзқарасының, мінез-құлқының қалыптасуына, өз бетімен ізденіп білімін көтеруге деген ұмтылыстарын дағдыға айналдыруға әсер етіп, олардың жан-жақты дамыған азамат болуына ықпал жасауды мақсат етуі керек. Тілдік материалмен жұмыс істеу нәтижесінде оқушылар бір ойды білдірудің әр түрлі тәсілдерімен танысады.

Оқушылардың өз ортасына байланысты мәселелерді талқылауы, адамдардың еңбегі туралы мақалаларды оқуы арқылы олардың еңбекті, еңбек адамдарын құрметтеуге, интернационализмге тәрбиелеуге болады.

Шәкірттер тілін үйреніп жүрген елдердегі адамдардың өмірі, тарихы мен мәдениетімен, тұрмыс жағдайымен танысу арқылы оқушылар халықтар достығын құрметтеу, оны терең сезіну рухында тәрбиеленеді.

Оқушылардың интеллектуалдық және психикалық жағынан жетілуі, олардың тілдік және әлеуметтік көзқарасының, қабілетінің дамуы, қарым-қатынас барысында өзін еркін ұстауы, өз бетімен жұмыс істей алуы мен жауапкершілігі, ана тіліне мұқият көңіл бөлуі, басқа халықтардың мәдениеті жайлы білімнің көбеюі, оны елінің мәдениетімен байланыстыруы, өз бетімен оқи алу қабілеті, оқу мен білімге деген қызығушылығының арта түсуі, жетілуі бұл кезеңде де шетел тілі пәнінің тәрбие және білім берудегі аса маңызды мақсаты болып саналады. /пр-а 1998 РИБКСО S.13./

Білім беру барысында тәрбие беру шетел тілін оқытудың 1999 жылы "Рауан" баспасынан шыққан 5-9 сынып бағдарламасында жан-жақты көрсетілген.

Шетел тілін оқып, үйрену оқушылардың өз бетінше ойлау, есте сақтау қабілеттерінің жетілуіне, сезімі мен эмоциясының, дүниеге рухани және эстетикалық көзқарасының, мінез-құлқының қалыптасуына, өз бетімен ізденіп, білімін көтеруге деген ұмтылыстарын дағдыға айналдыруға әсер етіп, олардың жан-жақты дамыған азамат болуына ықпал жасауы керек. Тілдік материалмен жұмыс істеу нәтижесінде оқушылар бір ойды білдірудің әр түрлі тәсілдерімен танысады. /5-9 кл. бағд. 1999 ж. бб.+2001 пр-а S.43-44./

Шетел тілін үйрету барысында балаларға білім бере отырып тәрбие беру мәселесі төл жаңа буын бағдарламасында кеңінен қарастырылды. Мысалы, 2003 жылы "РОНД" баспасынан шыққан 5-7 сыныптардың бағдарламасында шетел тілін оқыту мен тәрбие беру барлық жағынан: оқушылардың дүниетанымының, ой-өрісінің, жадының, сезімі мен эмоциясының, адамгершілік және эстетикалық көзқарастарының, мінез бітістерінің, өздігінен ары қарай білімін жетілдіруге деген қажеттіліктің дамуына септесуі тиіс екендігі, сондай-ақ тілдік материалмен және мәтінмен жұмыс істеу кезінде оқушылар ойды әр тілде түрлендіре беруге мүмкіндікті түсінетіні атап айтылды.

Оқушылардың жан-жақты дамуы және олардың тұлға ретінде тәрбиелі болып қалыптасуы үшін тілдік материалмен жұмыс істеу сипаты мен сөйлеу біліктілігінің елеулі мәні бар. Шетел тілдері құралдарымен (лексикалық, грамматикалық, фонетикалық) және сөйлесу іс - әрекетінің негізгі түрлерімен қарулана отырып, оқушылар танымдық белсенділік, дербестілік көрсетуі, өз елінің тұрмыс-салтын, әдеп-ғұрпын т.б. шет елдікімен салыстырып, қорытынды жасай алуы маңызды болып табылады. /5-7 сын. бағд. 5-6б./

Ал 8 және 9 сыныпқа арналған 2004 ж. бағдарламада шәкірттер "Шет ел адамдарының өмірі, тарихы және мәдениетімен, тұрмыс жағдайымен танысу арқылы оқушылар халықтар достығын құрметтеу, оны терең сезіну рухында тәрбиеленеді", – деп интернациональдық тәрбиеге баса назар аударылған. (8-9С. бағ. 5б.)

10-11 сыныптарға арналған Ы.Алтынсарин атындағы Қазақ Білім академиясынан шыққан (бағдарлы мектеп) бағдарламасының талабы бойынша қарым -қатынас жасай білу біліктілігін жетілдіру барысында оқушының жеке басына ерекше көңіл бөлінеді, яғни, оның өзін қоршаған әлемнің қарқынды өзінше әрекет етуі, өз шама-шарқын байқап көруі, өз бойындағы қасиеттерді жетілдіру, басқа ұлттар мен ұлыстардан тәлім-тәрбие жинақтау әрі оларды пайдаланып, қуаныш пен ренішті, халықтар достығын түйсіну т.б. іске асырылады. (10-11с. бад. 6б.)

Мектептерде оқу мен сөйлеу басты әрекет бола отырып, оқытудың тәрбиелік, білім беру, жетілдіру мақсаттары төмендегідей бағытта нақтылана түседі:

- мамандық таңдауға оқушының саналы түрде қатынасы, өзінің болашақ мамандығында шетел тілдерін іс - жүзінде қолдана білу қажеттігін сезінуін тәрбиелеу;
- оқушының өз мамандығына қажетті жалпы мәдени ой -өрісін кеңейту;
- таным процесінде оқушының ойлауы, есте сақтауы, тіл мәдениеті, жаратылыстану және математика ғылымы саласына қызығушылығы, ғылыми көзқарасы мен тілді қолдану білігін, сөйлеу мәдениетін дамыту;
- оқушыларды ауызша және жазбаша түрде болашақ мамандықтарына байланысты өзара мәдени қарым -қатынас жасай білуге дайындау;

Шетел тілі пәндері мектепте білім, тәрбие берумен қатар жасөспірімдердің жеке бас қасиеттерін тұлға ретінде жетілдіруге, қоғамдағы өз орнын табуға ерекше ықпал етеді.

Шетел тілі сабақтарының басты мақсаты – шәкірттерге өз елінде басқа пәндерден, күнделікті өзін қоршаған ортада, қоғамнан алған білім, білік дағдыларына қоса басқа елдердің тыныс-тіршілігінен хабардар болып, мағлұматтар алып, жеке бас тәжірибесін жетілдіре түсуге көмектеседі. Шетел тілін үйрену арқылы оқушылар білім деңгейін көтеріп, өз халқы мен басқа халықтар арасындағы ұқсастықтар, ерекшеліктерді ажыратуға дағдыланады, өз пікірі қалыптасады, түрлі елдер мәдениетін үйренеді. Шетел тілін үйрену сондай-ақ өз бетінше білім алуға, интермәдениет коммуникациясын бойына сіңіруге септігін тигізеді.

Шетел тілі пәнінің жоғарғы сыныптарындағы ең басты міндеті – шәкірттердің тілдік қарым-қатынас жасай алу біліктілігін жетілдіру болып табылады.

Қарым -қатынас жасай білу біліктілігін жетілдіру барысында оқушының танымдық қабілетін жетілдіруге ерекше көңіл бөлінеді, яғни, оның өзін қоршаған әлемнің қарқынды өзінше әрекет етуі, өз шама -шарқын байқап көруі, өз бойындағы қасиеттерді жетілдіру, басқа ұлттар мен ұлыстардан тәлім тәрбие жинақтау әрі оларды пайдаланып, қуаныш пен ренішті, халықтар достығын түйсіну т.б. іске асырылады. Осы орайда тілдік қарым-қатынас жасау (коммуникация) біліктілігі әлеуметтік - мәдени мазмұнда жүзеге асады:

- өзінің және өзге елдің мәдениетін танып білу;
- өз елін және шетел әлемін жан-жақты саралау, білу, зерттеу, бағалы жақтарын талдау;
- этнографиялық жағдайларды оқып білу. (10-11кл. бағд. S 6)

ӘДЕБИЕТТЕР

1. ҚР Конституциясы. –Алматы., 1988. -95 б. (24 бап)
2. Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы. //Алматы ақшамы, 1993, 14 маусым.
3. Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы. –Алматы., 2000.,
4. Қазақстан Республикасында гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы. // Егемен Қазақстан, 1994, 26 тамыз.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада автор республикамыздағы жалпы білім беретін орта мектепте неміс тілін оқытудың оқу-тәрбие кешеніндегі тәрбие мәселелерін қарастырған. Ізденуші тұжырымдаманың, мемлекеттік стандарттың, бағдарламалар мен оқулықтардың авторы ретінде тілдік материалдардың тәрбиелік мәнін жан-жақты зерттеген.

РЕЗЮМЕ

В данной статье автор рассматривает воспитательные вопросы в учебно-методическом комплексе обучения немецкому языку в общеобразовательной средней школе нашей республики. Являясь автором и соавтором концепции, госстандарта, программ и учебников, соискатель подробно исследовал воспитательные роли языковых материалов.

ПРОВЕДЕНИЕ ЗАНЯТИЙ ПО МАТЕМАТИКЕ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ЭЛЕКТРОННОГО УЧЕБНО-МЕТОДИЧЕСКОГО ПОСОБИЯ «МАТЕМАТИКА» ДЛЯ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ СПЕЦИАЛЬНОСТЕЙ

Даниярова Ж.К. – доцент
(г.Павлодар, Инновационный Евразийский университет)

Анализ тенденций в развитии методов обучения позволяет установить, что усилия теоретиков и практиков направлены на наиболее эффективное и активное использование методов обучения, на разработку новых средств обучения.


К активным методам обучения относят те методы, которые ориентированы в одно и то же время на мышление, действие, воображение и творчество. Другими словами, данные методы направлены на взаимосвязанное формирование интеллектуальной и практической сфер личности. Такое понимание активных методов основывается на идеях Пиаже, Рубинштейна, Леонтьева о том, что реальная деятельность включает в себя механизмы познания, мышления и воображения. Применение активных методов требует разнообразных форм представления материала, условий для самостоятельной работы, для самоконтроля студента. Становление профессионализма будущего педагога начинается с обучения студента тому, как применять научные знания и методы исследования к изучению содержания будущей педагогической деятельности. Именно в этом процессе информация, приобретая практическую ценность с точки зрения получения конкретных результатов, и становится знанием. Сочетание же в преподавании математики методологических и надпредметных знаний, углубляя теоретическую и предметно-методическую подготовку, развивает у будущего педагога умение мыслить дедуктивно и «версионно». Профессиональная направленность обучения предполагает не только профессиональную ориентацию личности (на трудовую деятельность и конкретную профессию), но и профессионально-педагогическую направленность математической подготовки будущего педагога. На наш взгляд, должна включать освоение как значимого и профессионально интересного материала, вводимого в содержание обучения, так и деятельности, направленной на овладение такими мыслительными операциями, с аналогами которых педагогу придется встретиться в своей будущей работе. Желательна методическая поддержка;

удобство в использовании и возможность копирования. Все эти проблемы с особой актуальностью встали перед студентами и преподавателями, занимающимися математикой.

В практической работе с группами педагогических специальностей преподаватели математики столкнулись с трудностями обеспечения обучающихся научно-методической литературой и проблемой отсутствия электронных учебников и методических пособий на электронных носителях по данной дисциплине.

В связи с этим было разработано электронное учебное пособие «Математика» для педагогов. (Рисунок 1)

Рисунок 1 – Титульный лист электронного учебно-методического пособия для педагогов



В последние годы роль электронных изданий непрерывно возрастает. Как отмечают Гасов В.М. и Цыганенко А.М., в технологии создания гипертекстовых изданий, выделяют следующие составляющие: содержание; оформление; программные средства, которые во взаимодействии с аппаратными средствами позволяют получить полноценное электронное учебное пособие /3/. При создании электронного учебного пособия нами учитывались необходимые требования по разработке подобного рода гипертекстовых изданий /2/.

Во-первых - информация по выбранному предмету или курсу должна быть хорошо структурирована, и представлять собой законченные фрагменты курса с ограниченным числом новых понятий (традиционное требование к любому учебнику, но для ЭУ оно становится решающим).

Во-вторых - структурным элементам учебного курса должны соответствовать ключевые темы с гипертекстом, иллюстрациями, аудио- и видео-комментариями или видео-иллюстрациями.

В-третьих - текстовая информация может дублировать некоторую часть «живых» лекций. Это особенно важно для быстро меняющихся специальных курсов, для которых бывает трудно подготовить печатное издание, отвечающее требованиям сегодняшнего дня. Весь ЭУ должен включать возможность копирования выбранной информации, ее редактирования в блокноте и распечатки без выхода из самого

учебника. Это позволит готовить курсовые работы и рефераты непосредственно с помощью ЭУ.

В-четвертых - электронный учебник не должен являться полным аналогом печатного издания; он должен обладать принципиально новыми качествами по сравнению с традиционным учебником, объединяя в себе компьютерные и педагогические технологии. В противном случае ЭУ, как правило, будет уступать обычному учебнику и по качеству, и по удобству использования.

Цель данного электронного пособия - восполнить имеющийся пробел области математики для педагогов, помочь обучающимся в усвоении дисциплины, а преподавателям - при подготовке к учебным занятиям.

Данное электронное учебное пособие позволяет получить целостное представление о курсе и работать с каждым модулем и блоком материалов в индивидуальном и коллективном режимах.

В содержание электронного учебного пособия входят пять основных модулей: Теория. Практика. Материал для СРС (самостоятельной работы студентов). Материал для СРСП (самостоятельной работы студентов с преподавателем). Специальный курс. Литература. Самоконтроль

В теоретический модуль электронного учебного пособия входит глоссарий. Назначение глоссария - дать краткую информацию об основных понятиях курса. При этом весь основной материал расположен по определенным темам, отраженным в программе курса. В этом модуле представлен теоретический материал, дополняющий классический стандартный курс высшей математики в гуманитарных и прикладных аспектах.

В практическом модуле представлены блоки заданий по отдельным разделам курса и тестовый материал для самоконтроля по наиболее важным разделам курса. Данный модуль содержит блок занятий, направленных на освоение методов интегрирования, решения дифференциальных уравнений и задач по разделу «Теория вероятности и математическая статистика». В практическом модуле представлены тренинги. В следующем модуле электронного учебного пособия представлены научные и публицистические статьи по различным направлениям математики, её приложений и популяризации. Специальный курс представлен элективным курсом «Математические методы в педагогике». В блоке для самоконтроля представлены задания для рубежного контроля по математике, а также тесты для компьютерного тестирования.

Приведем некоторые разработки занятий, проведенных с помощью данного пособия. Технология проведения СРСП проектная. Методические указания по подготовке проекта даны в самом модуле.

СРСП имеет целью дать представление студентам о миссии и роли математики в современном мире, мировой культуре, и истории; о принципах математических рассуждений и доказательств о различных неевклидовых математических системах, о математическом моделировании и роли математики в гуманитарных исследованиях. Для этого во время СРСП студенты должны освоить разные формы учебной деятельности. Чтение. Выделение тезисов из математических текстов, планирования изложения, реферирования, создания творческих заданий, по математике по своему профилю или на стыке математики и других наук, также предлагается проектная форма работы, описание которой дано в основной папке.

Примерный план СРСП №1.

Тема «О роли математики в системе образования»

Задания:

Ознакомьтесь с содержанием пункта 1,

Выделите главное и составьте тезисы к тексту,
 Ознакомьтесь с приложениями,
 Составьте три задачи по экологии с применением математического содержания,
 Составьте две задачи на применение математики в вашем профиле,
 Подготовьте и слайте отчет о работе (тезисы и задачи).
 Разработка практического занятия

Основы теории вероятностей и математической статистики

Тема 1. Введение в теорию вероятностей

Цели: Освоение основных понятий и простейшего математического аппарата Т.В.

Развитие интереса и понимания роли Т.В. в решении практических задач.
 Пропедевтика приложений Т.В в математической статистике.

Оборудование – компьютерный кабинет для использования ЭУМП «Математика для педагогов».

Таблица 1 – Разработка практического занятия «Введение в теорию вероятностей»

Содержание этапов занятия	Деятельность		Результат
	преподавателя	студента	
1. Актуальность	Что Вам известно о теории вероятностей? Где она применяется? Как измеряют точность прогноза? Запишем тему занятия. (Подчеркивается цель занятия)	ТВ изучает вероятность чего-либо. Применяют для прогнозирования. В %.	Обозначение проблемы
2. Изучение нового теоретического материала	Повторение нового теоретического материала проведем с помощью ЭУМП «Математика для педагогов». Для запоминания сделаем опорный конспект. Открываем ЭУМП, в теории открываем 1.6. Основы ТВ и МС. Читаем и заполняем конспект по п.6.1 и п.6.2. (примерно 15-20мин).	1. Студентам дается образец схемы опорного конспекта. Через 15 мин после просмотра работы студентов, демонстрируется готовый образец. 2. студенты отвечают на вопросы с помощью компьютера или конспекта.	Создание опорного конспекта
3. Практическая часть нового материала	Рассмотрим типовые задачи. 1. Способы подсчета вероятности. 2. Использование комбинаторики 3. Использование теорем.	Работа синхронно с препод. Задачи в раздаточном материале.	Освоение типовых задач

Таблица 1.

1	2	3	4
4. Тренинг	Открываем в ЭУМП п.2.3 Устно решаем вместе задачи.	Работа по цепочке	Осмысление метода и алгоритма решения вероятностных задач
5. Рефлексия	Заходим в тестер 2005	Выполняют тест	Самоконтроль
6. Итоги и оценка деятельности	Выводы преподавателя. Вы узнали о ТВ и её применении. Это начальный уровень на следующем этапе рассмотрим функциональный подход в этой науке.	Мнения студентов	Домашнее задание. Выход на следующую тему. Записать определения комбинаторных элементов. Решить задачи

Проведение занятий по математике с использованием электронного учебно-методического пособия «Математика» для педагогических специальностей способствует формированию творческого подхода к овладению математических знаний, решению профессиональных задач. Составители учебника расположили учебный материал таким образом, чтобы он в максимально возможной мере стимулировал рефлексивную деятельность студентов, способствовал активизации когнитивных процессов, побуждал их к самостоятельному завершению работы, к сознательному осмыслению тех схем и правил, в согласии с которыми они действуют.

РЕЗЮМЕ

В статье представлен опыт использования интерактивной технологии обучения математике. Для педагогических специальностей обучение математике в электронном учебно-методическом пособии должно быть адаптировано к основному профилю специальности, что требует профессиональной направленности в содержании и методах обучения.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада математиканы оқытудың интерактивті әдісін қолдану тәжірибесі қарастырылған. Математиканы үйретудегі педагогикалық мамандарға арналған электрондық оқу-әдістемелік құрал мамандықтың негізгі профиліне икемделуі тиіс, бұл білім берудің мазмұны мен әдісінің кәсіптік бағытты талап етеді.

СТРУКТУРА ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ БУДУЩЕГО ПЕДАГОГА ПРИ ОБУЧЕНИИ МАТЕМАТИКЕ

Даниярова Ж.К. – доцент (г.Павлодар, Инновационный Евразийский университет)

Формирование профессиональной компетентности будущего специалиста начинается в вузе. Поэтому актуальной задачей высшего педагогического образования выступает необходимость формирования профессиональной компетентности как конечного результата обучения.

В нашем исследовании мы рассматриваем компетентности с позиций нормативных требований педагогического образования к будущему специалисту и определяем их как интегративный комплекс знаний, умений и навыков и профессионально важных качеств, обеспечивающий будущему учителю эффективную самореализацию в профессиональной деятельности, т.е. реализацию на практике своей компетентности. /1/

Сущность профессиональной компетентности будущих педагогов трактуется учеными с учетом специфики педагогической деятельности.

М.В Семенова /2/, беря за основу направленность личности, под профессиональной компетентностью будущих педагогов понимает качественную характеристику личности будущего педагога как субъекта профессиональной деятельности, проявляющуюся в гностическом, процессуальном, коммуникативном, личностном, творческом и рефлексивном компонентах, интегрированных в опыте практической деятельности. Представители деятельностного подхода (Ожегов С.Я., Сластенин В.А., Мищенко Л.И., Коджаспирова Г.М., Кузьмина Н.А. и др.) выделяют в качестве основных критериев компетентности уровень подготовленности и квалификации специалиста, выражающихся в разнообразных сочетаниях знаний, умений и опыта. Личностно-деятельностный подход представляют ученые (Гершунский Б.С., Лаптев Л.Г., Менлибекова Г.Ж., Кенжебеков Б.Т, Рубинштейн Е.Ю, Ферхо С.И. и др.), определяющие компетентность как совокупность личностных качеств, возможностей и квалификации, включающей в себя знания и умения.

Из приведенного сравнительного анализа толкований профессиональной педагогической компетентности в разных источниках очевидно довлеющее требование к интеллектуальным способностям, поэтому правомерно вести речь об интеллектуально-педагогической компетентности /3/. Интеллектуально-педагогическая компетентность выражается в умении применять имеющиеся знания для установления педагогически целесообразных взаимоотношений, приобретения и преобразования знаний обучающимися и самим педагогом, а также для выработки способов инновационной деятельности.

Работы казахстанских и зарубежных педагогов- исследователей проблем высшего педагогического образования подтверждают эту мысль. Так, работы Марушкина А.Н. «Формирование педагогической направленности у студентов университета с учетом структуры способностей», Кузнецова Э.И. «Общеобразовательные и профессионально-прикладные аспекты изучения информатики и вычислительной техники в педагогическом институте», Каргина С.Т. «Влияние профессионально - педагогической направленности обучения на формирование педагогического мышления будущих учителей», Дурай - Новаковой К.М. «Формирование профессиональной готовности студентов к педагогической деятельности» раскрывают эффективность процесса подготовки педагога именно с позиций профессиональной направленности обучения в вузе.

Естественно предположить, что и математика, как компонент содержания подготовки педагога, должна отвечать требованиям профессиональной направленности и должна развивать профессиональные способности. Исследуем этот вопрос также методом сравнительного анализа имеющейся педагогической литературы по проблемам обучения математике в вузе, и, в частности, на педагогических факультетах.

Математика занимает особое место в системе подготовки специалистов любого профиля. «Особость» математики объясняется теми функциями, которые может выполнять в обществе эта поистине великая наука.

Она выполняет онтологическую функцию («онтос» — по-греч. «сущее»), эвристическую функцию («эуриско» — по-греч. «нахожу»). Как фундаментальная наука выполняет вполне определенную методологическую функцию («методос» — по-

греч. «путь исследования»). Организаторская, или *практически-организаторская*, функция связана с осуществлением на практике тех или иных теоретико-познавательных моделей. Греческая этимология термина «органон» дает значение «орудие», «инструмент», что недвусмысленно заставляет рассматривать математику как своеобразный «инструмент» преобразования, реформирования реальных процессов и явлений. Предложить варианты научно обоснованных решений «горящих» вопросов — хорошо, но математика пытается предвидеть их появление. К этому ее призывает *прогностическая* функция. «Прогносис» — по-гречески означает «предсказание», «предвидение, основанное на определенных данных». Наше время характеризуется бурным проникновением математики во все сферы человеческой деятельности. Появление новых наук, базирующихся на математических представлениях и методах исследования, проникновение математики в традиционно далекие от нее области знания и практической деятельности, все более развивающаяся математизация естествознания — все это поставило математику в положение науки с универсальной сферой приложений.

Приведенный выше качественный анализ показал глубокую взаимосвязь интеллектуального развития и математики; взаимосвязь личностного развития и математики; взаимосвязь профессионального развития в алгоритмическом, методическом, проективном планах и математики. Исходя из этого будем считать показателем качества математической подготовки студента педагогического факультета интеллектуально-педагогическую компетентность как комплекс умений по анализу, синтезу, сравнению, абстрагированию, обобщению, конкретизации и как качества интеллекта: аналогия, фантазия, гибкость и критичность мышления. Операциональная компетентность определяется набором навыков, необходимых педагогу для осуществления профессиональной деятельности: прогностические, проективные, предметно-методические, организаторские, педагогической импровизации, экспертные. Профессиональная компетентность с точки зрения целей обучения математике в вузе является синтезом названных показателей:

$$ПК = ИПК + ОК, \text{ где}$$

ПК - Профессиональная компетентность;

ИПК - Интеллектуально-педагогическая компетентность;

ОК - Операциональная компетентность

Важные качества личности конкурентоспособного педагога, подготовленного для работы в динамично изменяющихся рыночных условиях, могут быть представлены в виде совокупности постоянно развивающихся и взаимодействующих компонентов, синтез которых и дает профессиональную компетентность.

Цель обучения математике студента – педагога в вузе – это формирование информативной, функциональной, общекультурной и методологической математической компетентности.

При этом влияние профессионально-направленного процесса обучения математики на личность студента можно изобразить в виде следующей функции на рисунке 1, где α – плоскость процесса обучения математике;

β – плоскость отражения процесса обучения математике на формирование качеств личности выпускника университета.

Уровни:

1 – общекультурная компетентность;

2 – профессиональная компетентность;

3 – методологическая компетентность.

I – гностический компонент;

II – когнитивный компонент;


- III – действенно-практический компонент
- IV – креативно-психологический компонент.

ГОСО РК для педагогических специальностей задают начальные количественные параметры математической подготовки. Качество регламентируется опосредованно, через *определение уровня компетентности выпускника* (в чем и состоит главная отличительная черта современных стандартов), т.е. через указание видов профессиональной деятельности к выполнению которых он должен быть подготовлен, и задач его профессиональной деятельности. Кроме того, стандарт формулирует квалификационные требования (перечень видов деятельности, необходимых для решения профессиональных задач), а также требования к профессиональной подготовленности педагога.

Далее, для каждого вида профессиональной деятельности стандарт определяет еще и ряд профессиональных задач, к решению которых тоже должен быть подготовлен выпускник.

Перечислим те из них, умение решать которые, на наш взгляд, в значительной мере связано с математической подготовкой специалиста:

Рисунок 1 - Функция математического образования в развитии личности выпускника



Далее, для каждого вида профессиональной деятельности стандарт определяет еще и ряд профессиональных задач, к решению которых тоже должен быть подготовлен выпускник.

Перечислим те из них, умение решать которые, на наш взгляд, в значительной мере связано с математической подготовкой специалиста:

Например в деятельности бакалавра по специальности 050102 - Педагогика и методика начального обучения имеют место следующие направления:

- моделирование педагогической деятельности;

- планирование педагогического процесса;
- прогнозирование результатов педагогической деятельности;
- педагогическая диагностика;
- управление и корректировка функционирующего педагогического процесса.

Как видно, решение профессиональных задач требует от выпускника не только фундаментальных знаний, но и навыков математического моделирования, т.е. фактически — навыков применения этих знаний на практике.

Качественный анализ показал глубокую взаимосвязь интеллектуального развития и математики; взаимосвязь личностного развития и математики; взаимосвязь профессионального развития в алгоритмическом, методическом, проективном планах и математики. Исходя из этого будем считать показателем качества математической подготовки студента педагогического факультета интеллектуально-педагогическую компетентность как комплекс умений по анализу, синтезу, сравнению, абстрагированию, обобщению, конкретизации и как качества интеллекта: аналогия, фантазия, гибкость и критичность мышления. Операциональная компетентность определяется набором навыков, необходимых педагогу для осуществления профессиональной деятельности: прогностические, проективные, предметно-методические, организаторские, педагогической импровизации, экспертные. Профессиональная компетентность с точки зрения целей обучения математике в вузе является синтезом названных показателей:

$ПК = ИПК + ОК$, где

ПК - Профессиональная компетентность;

ИПК - Интеллектуально-педагогическая компетентность;

ОК - Операциональная компетентность

Важные качества личности конкурентоспособного педагога, подготовленного для работы в динамично изменяющихся рыночных условиях, могут быть представлены в виде совокупности постоянно развивающихся и взаимодействующих компонентов, синтез которых и дает профессиональную компетентность.

ЛИТЕРАТУРА

1. Петров А. Профессиональная компетентность: понятийно-терминологические проблемы // Alma mater (Вестник высшей школы). — 2004. — № 10.
2. Семенова М.В. Педагогические условия формирования профессиональной компетентности будущих педагогов в вузе. — дисс...канд.пед.наук. — Караганда, 2005 — 162 с.
3. Слостенин В.А. Формирование социальной активности личности учителя // Советская педагогика. -1981. - N4.- С.76-84.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Қазақстан Республикасының Мемлекеттік білім стандарттарының педагогикалық мамандардың жүзеге асу кезеңіндегі педагогиканың өзекті міндеті математиканы үйрену үрдісін ұйымдастыру педагогтің кәсіби біліктілік мазмұнын анықтау, дәстүрлі математикалық жасаушы контекстіндегі операциональдық біліктілік мәселелері қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается определение содержания профессиональной компетентности педагога, формируемой в процессе обучения математике, что является актуальной задачей педагогики на этапе реализации Государственных общеобразовательных стандартов Республики Казахстан педагогических специальностей.

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА СТУДЕНТТЕРДІҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМІН ЖАҢА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР НЕГІЗІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

Ерназарова Г. - б.ғ.к., оқытушы, Рысқұлбекова А.Д. - оқытушы
(Алматы қ., Қазмемқызпи)

Қазіргі кезеңдегі жастар тәрбиесінің өзекті мәселелерінің бірі – бұл экологиялық білім мен тәрбие беруді қамтиды. Себебі, ғылыми техникалық прогрестің қарқындап дамуы экологиялық жағдайға тікелей ықпалын тигізуде. Экологиялық дағдарыстың неғұрлым қауіпті көріністері – аймақтың техногенді шөлейттенуі, топырақтың тозуы, су ресурстарының тартылуы, атмосфераның ластануы, ормандардың сиреуі, табиғаттың генетикалық қорының бүлінуі, тіршілікке қатер төндіретін қауіпті табиғи құбылыстар мен өнеркәсіп орындарының белең алып, әрі улы қалдықтарының жинақталуы қоршаған ортаға терең зиянын тигізуде. Соған байланысты бүгінгі таңда жастарға, жаппай үздіксіз экологиялық білім мен тәрбие беру мәселесі мемлекеттік деңгейде қойылып отыр. Ол «Қазақстан - 2030» даму стратегиясында басты орын алды.

Экологиялық білім берудің мақсаты – жеке адамның бойында өз ұлтына тән ізгілік пен әдет-ғұрыптарын дамыта отырып, «адам – қоғам - табиғат» арасындағы үйлесімділікті қалыптастыру және дамыту болып табылады.

Экологиялық білім беру әрқашанда жеке адамның тәрбиесін, экологиялық мәдениетін дамытудан бастап, көпшілікке экологиялық білім беру деңгейіне көтеріледі. Сондықтан, экологиялық білім беру өте күрделі процесс. Оны «дайын» күйінде ұсынуға болмайды. Ол үшін студенттердің санасына, ой өрісіне, дүиеге деген көзқарасына қоршаған табиғи ортаның өзі мен қоғам үшін қажеттілігін сезіндіре отырып беру керек.

Оқытушылардың келер ұрпаққа қоғам талабына сай білім мен тәрбие берудегі жаңа педагогикалық технологиялардың мәнін, яғни инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі – маңызды мәселелердің бірі болып отырғаны айқын.

Инновациялық процесс мәселелерін зерттеу маңыздылығы В.П.Беспалько, В.И.Загвязинский, Г.К.Селевко, М.В.Кларин, П.И. Пидкасистый, М.М.Поташник, А.Я.Найн, В.П.Монахов, Т.И.Шамова, Н.Р.Юсуфбекова және т.б. зерттеулерінде қарастырылған.

Қазақстандық зерттеушілердің еңбектерінде жаңаша оқыту әдіс-тәсілдері, оқытудың түрлері орта және жоғары оқу орындарындағы педагогикалық процесте қарастырылған. М.Жанпейісова, Ж.А.Қараев, Қ.Құдайбергенова, С.Н.Лактионова, С.С.Мирсеитова, А.Қ.Рысбаева, Ш. Таубаева, Б.А.Тұрғанбаева еңбектерінде оқытудың жаңа технологиялары арқылы оқушылар мен студенттерге сапалы білім беру мәселелері қарастырылған.

«Инновация» ұғымына зерттеушілер мынадай түсініктеме береді: «Инновация - бұл нақты қойылған мақсатқа, ойға бағытталған жаңа нәтиже» Нақты мақсат дегеніміз не? Нақты мақсатқа қандай әдіс-тәсілдердің көмегімен жетуге болады? деген сұақтарға жауап іздеу барысында біздер талқылаған көптеген ғылыми еңбектерде мынадай анықтамалар берілген.

Инновациялық процестің негізі – жаңалықтарды қалыптастыру, қолдану, жүзеге асырудың тұтастық қызметі. Инновация - «жаңалық», «жаңа әдіс», «өзгеріс», «әдістеме», «жаңашылдық», ал инновациялық процесті «жаңа әдістеме құралы» деп ұғынуға болады. Инновация білім деңгейінің көтерілуіне жағдай туғызады.

Педагогикалық технология білім стандартына сәйкес көзделген оқыту нәтижелеріне қол жеткізу жолындағы мақсат, мазмұн, әдістер мен құралдардың біртұтас қызметін бейнелейтін процесс.

В.П.Беспальконың пікірінше: «Педагогикалық технология – оқу процесін жүзеге асыратын мазмұндық техника». Ал, В.М. Монаховтың анықтауынша: «Педагогикалық технология – бұл оқушы мен мұғалімнің оқу процесін жобалап және ұйымдастыруда бірігіп қызмет етуіне қолайлы жағдай туғызатын, жан-жақты ойластырылған педагогикалық іс-әрекеттің үлгісі».

ЮНЕСКО – ның анықтамасы бойынша педагогикалық технология – бүкіл оқыту процесі мен білімді техникалық және адам ресурстарын, олардың бір-біріне өзара әсерін, білім берудегі формасын оңтайландыру міндеттерін ескере отырып, меңгеруді жүзеге асырудың жүйелі әдісі.

Г.К.Селевко педагогикалық технологияларды – мұғалім мен оқушының немесе оқытушы мен студенттің іс-әрекетінің мақсаты мен мазмұны, құрылымы мен құралдары, әдістері мен ұйымдастыру түрлерін біртұтастығымен айқындайды. Педагогикалық технология құрылымы тұжырымдамалық, мазмұндық, процессуалдық бөліктерден тұрады.

Жаңа педагогикалық технологияларды қолдану жоғары оқу орындары оқытушыларына студенттердің білім алуға деген қызығушылықтарын арттыруға, дәрістердің кәсіби – практикалық бағытталуына көп мүмкіндіктер береді.

Бүгінгі білім беру процесінің жаңаруында ЖОО – ның оқытушыларының алдында мынадай талаптар тұр:

- студенттерге сапалы білім беруде түрлі жаңа педагогикалық технологияларды тиімді қолдана білу;
- интерактивті оқыту арқылы дәрістердің кәсіби – практикалық бағытталуын қамтамасыз ету;
- әртүрлі жаңа оқыту технологияларды педагогикалық процеске енгізу арқылы, студенттердің өз бетінше білім алуына жағдай жасау;
- рефлексия, талдау, бағалау дағдыларын қалыптастыру арқылы студенттерді болашақ кәсіби іс-әрекетке даярлау;
- педагогикалық технологияларды қолдана отырып, студенттің шығармашылық қабілеттерінің қалыптасуына әсер ету;
- жалпы және кәсіби білімнің даму бағыттарын болжай білу.

Жалпы ректорат тарапынан студенттердің экологиялық білімін жетілдіруде әдістемелік жүйенің тиімді болуы үшін әртүрлі экологиялық мекемелермен тығыз байланысты жұмыстар ұйымдастыру қажет.

Әр түрлі экологиялық мекемелер ЖОО – нан сапалы білімді мамандар даярлауды талап етеді. Олай болса, қазіргі кезеңде экологиялық мекемелерге қандай маман даярлау қажет? Олардың білімдерін жақсарту үшін қандай жаңа оқыту технологиялары бар екенін анықтау үшін ЖОО – мен экологиялық мекемелер арасында кездесулер, пікір-талас, семинарлар, дөңгелек үстелдер, конференциялар т.б. іс-шаралар ұйымдастырылуы қажет. Бұл жұмыстар өз нәтижесіне тиімді құрылған әдістемелік жүйе арқылы жетеді.

Деканат тарапынан студенттерге экологиялық білім беруде факультеттің әдістемелік кеңесінің өзіндік қызметі бар. Факультет кеңесінде студенттерге экологиялық білім беру міндеттерін атқаруда төмендегідей іс-шаралар қарастырылуы тиіс:

- Оқу-жұмыс жоспарына студенттердің экологиялық мәдениетін қалыптастыруда экологиялық білім беретін пәндерді ендіру;

- Барлық мамандықтар үшін дайындалған оқу-әдістемелік кешендерге студенттердің экологиялық мәдениетін қалыптастыратын оқытудың тиімді технологияларын ендіру.

Экологиялық білімді жетілдіру мәселесіне байланысты практикалық жұмыстарды ұйымдастыру (зертханалық жұмыстар, өлкетану, туризм, жоғары оқу орындары жанынан саябақтар ашу т.с.с.) үшін:

- Жаңа педагогикалық технологиялар негізінде студенттердің экологиялық мәдениетін қалыптастыруға арналған арнайы курстар енгізу;

- Студенттердің экологиялық білімін жаңа педагогикалық технологиялар негізінде жетілдіруге арналған курстық, дипломдық, ғылыми – зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру;

- Студенттердің экологиялық мәдениетін қалыптастыру мақсатында әр түрлі тәрбиелік іс-шараларды өткізу (конференциялар, пікірталастар, кештер, тәлімгерлік сағаттар, кездесулер, сайыстар және т.б.) керек.

Факультеттегі әдістемелік кеңес институт кафедраларымен тығыз қарым-қатынаста болып, әдістемелік жүйенің үздіксіздігін, сабақтастығын қамтамасыз етуі тиіс.

Факультеттің әдістемелік кеңесі жоғарыда аталған мәселелерді қарастыруда кафедрадағы әдістемелік кеңестің ұсыныстарын есепке алады. Мәселен, «Жалпы педагогика» кафедрасында «Педагогика» пәніндегі «Тәрбие теориясы» бөлімінде «Экологиялық тәрбие» тақырыбы берілген. Сонымен бірге кафедраның пән тізбесінде «Жаңа оқыту технологиялары» деп аталатын оқу пәндері жүргізіледі. Ал, биология кафедрасында «Экология негіздері» пәні жүргізіледі. Жоғарыда аталған пәндер бойынша дәріс беретін оқытушылар бір-бірімен тығыз қарым - қатынаста жұмыс жүргізіп, әдістемелік кеңесте пәнаралық мәселелері бойынша оқытудың тиімді әдістері қарастырылып, студенттердің экологиялық мәдениетін қалыптастыру мақсаты көзделсе, біздің пікірімізше мұндай педагогикалық ынтымықтастық оң нәтиже береді.

Қоршаған орта жайында білім беру – сол ортаның жай - күйін және онымен байланысты проблемаларға жауапкершілікпен қарап, оларды шешуге қамқорлық жасау процесі. Ол үшін күнделікті туындайтын проблемеларды шешетіндей білім және ұжымдық жұмыстардың дағдысы болуы керек.

Бұл міндетті табиғат қорғаудан жан-жақты әзірлігі бар мұғалімдер ғана атқара алады. Сондықтан эколог мұғалімдерді әзірлеу – ең маңызды міндеттердің бірі. Оларға *біріншіден*, экологиялық факторлар және әлеуметтену мен адам экологиясының өзара байланысы негіздері туралы білім беру қажет. *Екіншіден*, мұғалімдер қоршаған ортаның проблемеларын сын көзімен қарап, оны сақтай білудегі оқушылардың жауапкершілік сезімін тәрбиелеуі керек. *Үшіншіден*, табиғат қорғау мәселелері мен экологиядан сабақ беретін мұғалімдердің білімін жетілдіру және қайта даярлау институттары арқылы арнайы курстарын өткізу. *Төртіншіден*, оқу – ақпараттық технологиялар арқылы мұғалімдердің өзара тәжірибе алмасуы керек.

Қоршаған орта саласындағы мектеп мұғалімдері үшін жасалған халықаралық бағдарламаларда мынадай мәселелер ескерілуде. Болашақ мұғалімдер үшін қоршаған орта туралы білім аса қажет. Олар білім беру әдістерінің, әсіресе оқушылардың қоршаған ортаның негізгі заңдылықтарын түсініп, бағалай білетіндей болуы қажет. Биологтар, экологтар және барлық пән мұғалімдері қоршаған орта жөніндегі мемлекеттік құжат түрлерінен хабардар болуы тиіс.

Мұғалімдер оқыту процесінде психо-педагогикалық білімді игеріп, қолдана білуі, ақпараттың алынуы мен жинақталу процесін және оның адамдардың мінез-құлқы мен қарым-қатынасына әсерін және мүмкіндіктерін пайдаланып қоғам мен мектептің өзара

байланысы, білім берудің тенденциялары мен қоршаған ортаның проблемаларын түсінуі, құндылықтарды қастерлеп, экологиялық мәселелерді шеше білуі керек.

Жаңа педагогикалық технологиялар негізінде ЖОО студенттеріне экологиялық білім беру процесінде ЖОО педагогтары мен мұғалімдердің білімін жетілдіру институттары (орталықтары) мен экологиялық мекемелер арасындағы өзара әрекет түрлеріне сипаттама бере отырып, мынадай әдіснамалық тұғырларын анықтадық:

Жүйелілік: жоғары оқу орындарында экологиялық білім беруді жаңа педагогикалық технологиялар негізінде ұйымдастырушылық, әдістемелік жүйесі төменде көрсетілген бағыттарды көздейді:

- студенттердің табиғат қорғаудағы ізгілікті дүниетанымын қалыптастыру;
- қазіргі жағдайдағы ландшафттар туралы студенттердің білімін тереңдетіп, жетілдіру;

- қоршаған ортаны қорғаудың адам өміріндегі ерекше маңызы жөнінде экологиялық білім берудің әлеуметтік, ізгіліктілік аспектісі бойынша ағарту жұмыстарының мәнін күшейту;

Тұлғалық-бағдарлық тұғырының мәні студент пен оқытушының тұлғалық дамуына қолайлы ортаның құрылуы, педагогикалық процесс субъектілерінің әрқайсысының экологиялық жағдаятты жақсартуға өзіндік үлесін қосуына ықпал етуін көздейді.

Технологиялық тұғырдың мәні жоғары оқу орындары мен білім жетілдіру институттарының алдына қойылған экологиялық зерттеу проблемасындағы тұжырымдамалық және жобалаудың жаңа мүмкіндіктерін ашады, сонымен бірге:

- студенттерге экологиялық білім берудегі оқу-тәрбие процестерінің тиімді бағытын айқындайды;

- экологиялық білімнің мазмұнын жетілдіруге, тереңдетуге ықпал етеді;

- жаңа технологияларды пайдалану экологиялық білім берудің пәрменділігін арттырады.

Рефлексивті тұғыр - әрбір студенттің өзіндік көзқарастарының өзгеруі процесінде «Мен - тұжырымдамасына» сәйкес студенттің қоршаған ортаны қорғауға деген ынтасын, түсінігін, сезімін қалыптастырады.

Экологиялық білім берудегі әдістемелік жүйені жобалау, зерттеу жұмысының келесі міндетіне сәйкес экологиялық білім берудегі жаңа педагогикалық технология негізінде экологиялық білім мен тәрбие мазмұнын жетілдіріп, приоритеттік мақсатын айқындау мәселелері қарастырылады.

Экологиялық білім беру әрқашанда жеке адамның тәрбиесін, экологиялық мәдениетін дамытудан бастап, көпшілікке экологиялық білім беру деңгейіне көтеріледі. Сондықтан, экологиялық білім беру өте күрделі процесс. Оны «дайын» күйінде ұсынуға болмайды. Ол үшін студенттердің санасын, ой-өрісін, дүниеге деген көзқарасын дамыта отырып, қоршаған ортаның адамның жеке басы мен қоғам үшін қажеттілігін сезіндіру көзделеді.

Қазіргі кезде ғылыми-техникалық прогрестің жедел дамуы адамзат өмірін жақсартуға игі ықпал етумен қатар, қоршаған ортаға орны толмас зиянын да тигізіп келеді. Осындай табиғи эко-жүйелердің бұзылуы халықтың денсаулығына зиян келтіріп, елдегі қолайсыз экологиялық жағдайлардың өріс алып, көптеген экологиялық апат аймақтарының туындауына себеп болды. «Адам-қоғам-табиғат» заңдылығымен санаспауы нәтижесінде пайда болған экологиялық қайшылықтардың артуы, әлемдік дәрежеге көтерілген ең негізгі мәселенің біріне айналды.

ЖОО-да студенттерге экологиялық білім берудің мынадай негізгі міндеттері басшылыққа алынады:

- студенттерді табиғат қорғау ісімен және экологиялық біліммен қаруландыру;

- студенттердің табиғат қорғау жұмыстарындағы шығармашылық шеберліктерін дамыту;

- зерттеу жұмыстары мен практикалық іс-әрекетіндегі ептілігін қалыптастыру.

Жоғары білім беру жүйесіндегі реформалардың басты мақсаттарының бірі - жоғары оқу орындарындағы педагогикалық процеске жаңа оқыту технологияларын енгізе отырып, студенттердің экологиялық мәдениетін қалыптастыру.


Тұлғаның табиғатпен қарым-қатынасының үйлесімділігі оның экологиялық мәдениетін қалыптастырудың маңызды бір бағыты болып табылады. Біздің пікірімізше экологиялық мәдениет дегеніміз: қоғамдағы барлық рухани өмір мен табиғаттың құндылығын түсінетін, ізгілік қарым-қатынасымен сипатталатын тұлғаның ерекше қасиеті. Экологиялық мәдениет – табиғи ортадағы ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік ортадағы тұлғаның жағымды іс-әрекетімен де сипатталады.

Зерттеу жұмысының міндеті бойынша жаңа педагогикалық технологиялар негізінде студенттерге экологиялық білім беру процесінде жоғары оқу орындары және педагогтардың білімін жетілдіру институттары (орталықтары) мен экологиялық мекемелер арасындағы өзара әрекет түрлеріне сипаттама беру болып табылады.

Студенттерге экологиялық білім беру әдістемесін қамтамасыз етуге тікелей қатынасатын субъектілер деп мыналарды атайды:

- Жоғары оқу орындарының әкімшілігі; - Оқытушылар;- Экологиялық мекемелер; - Мұғалімдердің білімін жетілдіру институттары (орталықтар);- Факультет кеңесі;- Кафедралар.


Жоғарыда аталған субъектілердің атқаратын өзіндік функциялары бар. Мәселен, жоғары оқу орындарының әдістемелік жұмыстарын басқаратын проректор тікелей студенттерге экологиялық білім беруін қадағалайды. Осы орайда оқу процесінде жаңа педагогикалық технологияларды қолдану әдістемесі маңызды орын алады. Ал, тәрбие ісі жөніндегі проректор студенттердің экологиялық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды ұйымдастырады



Сурет 2. Студенттердің экологиялық мәдениетін қалыптастыру моделі

Студенттің қоршаған ортамен қарым-қатынасына мәдениетін қалыптастыру - студенттердің санасын, ой-өрісін, дүниеге деген көзқарасын дамыта отырып, қоршаған ортаның адамның жеке басымен мен қоғам үшін қажеттілігін сезіндіру. Экологиялық мәдениетті қалыптастыру - адамның бүкіл өмірін камтитын біртұтас жүйе болуы тиіс (2 сурет).

Жоғары оқу орындарында студенттердің экологиялық мәдениетін қалыптастыруда біз жобалаған әдістемелік жүйенің негізі төмендегі № 1 суретте көрсетілген.



Экологиялық мәдениетті қалыптастырудың басты мақсаты - адамның табиғатпен бірлестігінде және оның мәдениеті мен барлық практикалық іс-әрекетінің табиғатты пайдалануға емес, тіпті оның алғашқы түрін сақтау да емес, табиғаттың қоғамдық дамуына ықпал етуіне негізделген адамның жаңа ой,

көзқарасының қалыптасуы, әр бір адамның өнегелік қасиетін нығайту болып табылады.

Мұнда қазіргі антропоцентризмнің принципі адамзаттың әрі қарай дамуы тек табиғаттың дамуымен, оның көптүрлілігі мен байлығына байланысты болашағына негізделген.

Жалпы экологиялық мәдениет ерте жастан басталу керек. Отбасында және мектепке дейінгі тәрбие беретін мекемелерде жеке тұлға қоршаған әлем, табиғат туралы алғашқы түсініктер алып, өсімдіктер мен жануарларды қорғаудың, сулардың, ауаның, жердің тазалығын сақтаудың қажеттілігі және пайдалығын түсінетін болады.

Жеке тұлғаның табиғи ортаның қазіргі жағдайын жауапкершілігін қалыптастыру мен дамыту проблемаларын жасауда мына мәселелерге қол жеткізуге болады:

- Қоғам мен табиғаттың байланысы жөнінде, табиғаттың біртұтастығы жөнінде ғылыми білімді игеру

- Табиғаттың көпқырлы құндылығын түсіну, табиғаттағы саналы мінез құлықтың практикалық білігі мен дағдысын меңгеру

- Қоршаған ортаны күту мен жақсартудағы еңбек әрекетіне қатысу

Студенттердің табиғи ортаға деген жауапкершілікті қатынастарын қалыптастыруды психологияның біраз ережелеріне сүйене ортырып жүзеге асыруға болады:

- Қоршаған ортаға деген көңілдерін төселдіруді әрекет пен сананың өзара байланысын қалыптасқандығы деңгейінің әрекеті

- Жеке тұлғаның жас ерекшелік дамуымен байланыстырылуы

- Жеке тұлғаның табиғатқа деген қарым-қатынасы әлеуметтік тәжірибе арқылы іске асады.

Экологиялық білім берудің маңызды мәселелерінің бірі – студенттерді өмірге, мамандық таңдауға және еңбек етуге баулиды.

Экологияны оқыту барысында студент барлық өндіріс ортасының (материалды, рухани) технологияларымен танысып, өзінің күшін теориялық және конструктивті мәселелерді шешуде байқау қажет. Сонда ғана студент өзінің таңдаған болашақ мамандығына психологиялық жағынан дайын болады. Бұл өте маңызды шарт болып есептеледі.

Экологиялық мәдениетті қалыптастыруда жоғарғы оқу орнының мүмкіншіліктері ерекше. Өйткені, мектеп табалдырығынан аттап бастағаннан ол студент атанып, институт бағдарламасы бойынша жүйелі білім алуымен қатар тәрбиеленіп, - оның әлемге деген көзқарасы дамиды. Институтты бітіріп, мамандық алған кезде жеке тұлғаның әлемге деген көзқарасы біршама қалыптасады.

Студенттің экологиялық мәдениетін қалыптастыруда экологиялық білім берумен айналысатын мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелердің, табиғат үйлерінің, жас натуралистер стансаларының және басқа ұйымдастыру құрылымдарын нығайту және дамыту жұмыстарының аса мүмкіншіліктері бар. Бұл жұмыстардың табысты болуы мынадай жайларға тәуелді:

- Студенттердің экологиялық мәдениетін қалыптасыруға қойылған мақсатты айқын жете түсіну;

- Экологиялық тәрбие беру процессінің құрылымының компоненттерін анықтау, оларға: мақсаты, міндеті, принциптері, мазмұны, әдістері, формалары және тәсілдері, жұмысты жүргізу жағдайлары, нәтижелерді анықтау әдістері туралы баяндау;

- Экологиялық ақпаратқа интернет арқылы қол жеткізу және жаңа экологиялық ақпараттық жүйесін қалыптастыру жұмыстарын тиімді үйлестіріп қолдану;

- Экологиялық мәдениетті қалыптастыруға топ жетекшілерін белсендіре қатыстыру;

- Студенттердің экологиялық мәдениетін арттыру мақсатында «Экологиялық білім беруді тиімді пайдалану» практикалық жұмыстарын нығайту;

- Студенттердің белсенді азаматтық позициясын қалыптастыру, олардың жергілікті және халықаралық экологиялық ұйымдар жұмысына тарту.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «ҚР қоршаған ортаны қорғау туралы» Заңы.–Алматы: Атамекен.2004, Мамыр. – 3б.
2. ҚР 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамасы. 2003ж
3. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии, М., 1998, 256с.
4. Беспалько В.П. Слагаемые педагогических технологий, М., 1989, 192 с.
5. Сарыбеков М.Н. Теория и практика экологической подготовки будущего учителя начальных классов. – Алматы: Ғылым, 1997ж.
6. Бейсенова Ә.С. Қазақстанда экологиялық мәселелерді шешуде мамандар даярлау қажеттігінің тұжырымдамасы.// Алматы, 1996. №24
7. Таубаева Ш.Т. Оқытудың қазіргі технологиялары. Алматы, 2002ж.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада ЖОО студенттеріне жаңа педагогикалық технологиялар негізінде экологиялық білім берудің әдістемелік жүйесін орнатудың кейбір мәселелері баяндалған.

РЕЗЮМЕ

В статье излагаются некоторые вопросы формирования методической системы экологического образования студентов на основе новых педагогических технологий.

ЖАПОНИЯНЫҢ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ДАМУЫНДАҒЫ ПАРАДИГМАЛЫҚ БАҒЫТТАР

Есеева М. - аға оқытушы (Алматы қ. Қазмемқызпи)

Білім беру жүйесінің даму тарихы көрсеткендей, адамға білім беру үрдісі түрлі дүниетанымдық негізде құрылған және құрылады, оны дамытудың түрлі мақсаты және әдістері бар. Г.Б Корнетовтың пікірі бойынша, «білім берудің базалы үлгісінің жиынтығы педагогикалық жүйені, микроконцепцияны, теорияны, технологияны, бұрынғы және қазіргі күнгі әдістемені жіктеуге, олардың ұқсастығы мен айырмашылығын айқындауға мүмкіндік туғызады, ...және де, білім үрдісінің әрбір негізгі үлгісіне нақты педагогикалық парадигма сәйкес келеді» /1/.

Білім беру үрдісі мен педагогикалық құбылысты парадигмалық тәсіл арқылы қарастыру қазіргі танда жаңа тәсіл емес. Оны М.В Богуславский, Е.В Бондаревская, В.Ф Взятыхшев, В.Н Давыдов, Г.Ф Карпова, И.А Колесникова, В.Г Шукшунов, И.С Якиманская сынды басқа да белгілі ғалымдар өз еңбектерінде пайдаланған. Ал, қазақстандық ғалымдар У.Ж Алиев, Ш.Т Таубаева, Г.К Ахметова, К.М Арынгазин бұл мәселені әдіснамалық тұрғыда қарастырды.

Парадигма (гр. *paradeigma* – мысал, үлгі) – қазіргі кезеңде ғылыми практикада жүзеге асырылатын теориялық және әдіснамалық алғышарттар жиынтығы. Парадигма педагогикалық мәселе мен зерттеу міндеттерін шешу барысында қолданылатын үлгі болып табылады. Парадигма ұғымын америка ғалымы Т.Кун енгізіп, ғылымның дамуында келесі кезеңдерді айқындаған: парадигмаға дейінгі (парадигманың

тұрақталуының алдындағы), белгілі бір парадигманың тұрақталуы, парадигманың ауысуына әкелеіп соғатын ғылыми революциядағы дағдарыс /2/.

Н.Ф Головановтың пайымдауынша, парадигма нақты бір уақытта ғылыми идея мен теория жүйесінің үстемділігін сипаттайды және ғылыми білімнің түрлі құндылықтарға негізделуіне байланысты оның келесі түрлерін көрсетеді: теоцентрикалық, рациоцентрикалық, антропоцентрикалық /3/.

Көптеген педагогикалық зерттеулерде парадигманың түрлері мен нақты сипаттары толығымен ашылып көрсетілгендіктен, оның белгілеріне тоқталмай, ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде оның келесі түрлерінің сипатталып жүргенін айта кетуді жөн көрдік:

1. дәстүрлі-тұрақты (консервативті),
2. рационалдық,
3. феноменалды(гуманитарлы).

Дәстүрлі-тұрақты парадигма бойынша білім беру үрдісі оқушылардың дамуы мен әлеуметтенуін құрайтын негізгі академиялық білімді меңгеру жолы. Осы тұрғыда мектеп келер ұрпаққа өткеннің мәдени мұрасын сақтау және беруді қамтамасыз ететін тұрақтандырушы әлеуметтік институт ретінде қарастырылады.

Рационалдық парадигма оқыту үрдісінде үйретудің тиімді тәсілдеріне көңіл бөледі. Жетекші принцип ретінде оқыту үрдісінде сыртқы жағдайын теңестіру, қоғамның әлеуметтік мөлшеріне және талабына сай бейімді «мінез-құлық репертуарын» ала отыра, білімді, икемділікті және дағдыны алушы ретінде есептелінетін оқушылардың ырығы ойластырылады. Рационалдық мектеп өкілдерінің күші ең алдымен жастардың мектептік-білім механизмі арқылы қоғамның шартына бейімделуіне орай прагматикалық сипатта алатын тапсырмаларды шешуге бағытталған.

Гуманитарлық парадигма «субъект-субъект» қатынас түрінде жүргізіледі. И.А Колесникованың пікірі бойынша, гуманитарлық парадигмада «педагогикалық іс-әрекет сапасының өлшемдерінің негізінде адам мен оның сол уақыттағы және кеңістіктегі өзіне деген қимылы, жеке даралық қасиетінің айқынды динамикасы жатады»/4/. Сабақта жұмыстың ырғағы мен тәртібі таным субъектісінің жеке дара тәсілімен шарттыланады.

Жалпы, парадигманы зерделеу және сараптау барысында төмендегідей сұрақтарға жауап ала аламыз: Басты педагогикалық феномен ретінде «Бала бейнесінің» типологиялық сипаттамасы қандай? Тәрбиелеу және оқыту процесінің мәні, білім беру мақсаты, мазмұны мен ұйымдастырушылық технологиялар сипаттамасының ерекшеліктері?.

Қазіргі Жапонияда өтіп жатқан үрдістерге көз жүгірте отырып, оның өзіндік және бүкіләлемдік тарихының әлеуметтік-мәдени контекстінде қарасақ, біз екі күрделі өзара байланыстағы ақиқатқа көз жеткіземіз. Қазіргі кезде кең тараған мәдени ұстанымға сәйкес, Жапонияның жылдам дамуының ең басты факторы өнеркәсіпте, саудада және әлеуметтік өмірдің басқа салаларында дәстүрлі жүйе қатынасын тиімді пайдалануда болды. Бұл жерде білім беруге де үлкен мән беріледі. Сонымен қатар, білім берудің әдет-ғұрыппен тығыз өзара байланыстылығының тиімділік маңыздылығы соншалықты, ол ұлттық айырмашылық болып саналып «жапондық ғажайыпты» туындатқан факторлар қатарында өз орны бар деп айтуға болады.

Еуропаның мәдени парадигма көлемінде қалыптасқан білім берудің дәстүрлі-тұрақтылық үлгісі, қазіргі уақытта әлемдік білім беру кеңістігінде кең тараған үлгі болып келеді. Басқа мәдениет ортасының жағдайына бейімделген дәстүрлі-тұрақтылық парадигма, өзінің өмірге бейімділігін Жапония білім беру жүйесінің нәтежиелігі арқылы дәлелдеді.

Жапон мектептері ұлттық рухты сіңіреді, өз шәкірттерінде қажетті адамгершілік нормаларын қалыптастырады, олардың бойына ұлттық сипатты сіңіріп, дарытады. Жапондықтардың мәдени құндылықтары ұлттың адамгершілік құндылықтарының қайнар көзі ретіндегі дәстүрге негізделген, олар сонымен тұрақтылыққа сүйеніш іздейді. Бұл қасиеттер жапондықтардың ұлттық сипатының мәнін ашатын түпкі негізді құрайды. Соған қарамастан бұл елде өсіп келе жатқан жас буынның өзіндік ойлау, және өзін көрсете білуіне, шығармашылық қабілеттерін дамытуға, оқытылатын пәндердің жан-жақтылығына, ең бастысы, мектеп өмірін жақсартуға көп көңіл бөлінген. Сонымен қатар қазіргі заманғы менеджмент тілімен айтқанда «бірлескен рух» немесе жеке тұлғадан ұжымдық және топтық мүдделердің асып түсуі, шыдамдылықпен орындаушылықты қалыптастыру тәжірибесі алдыңғы орында.

Жапонияда білім, тәрбие, жеке тұлғаның қалыптасуы философиялары өзара тығыз байланысты екенін атап өту қажет. Жапон мектебі білім беруден бұрын тәрбиелік бағытқы ерекше мән береді. Көптеген оқу құралдарының ішінде жапон мектебінде адамгершілікке тәрбиелеу (дотоку кеику) және арнаулы қызмет (токубэцу кацудо) деген пәндер тәрбиелік ықпалдың ұйытқысы болып саналады. Бұл пәндердің мазмұны балалардың қоршаған орта мен үйлесімді тіл табысу дағдысын қалыптастыру идеясына негізделген. Адамгершілікке тәрбиелеу сабағын өткізу технологиясы әр түрлі: сабақ басталардан 20 минут бұрын кең тақырыпта сөйлесу, түскі ас кезінде, сабақтан кейін өткен күннің әсерін талқылау. Кейде оқытушыға балалардың алдында тұрған мәселенің өзектілігін көрсету үшін ескі бір аңызды оқудың өзі жеткілікті. Талқылау тақырыптарына күнделікті өмірден алынған оқудағы қиындықты жеңу, денсаулық немесе қоғамдағы өнегелікті қорғау сияқты, әйтеуір бір уақиға болуы мүмкін.

Жапония білім беру жүйесінің барлық құрамы (мектепке дейінгі, мектептегі, сонымен қатар жоғары оқу орны) өзара тығыз байланысты және біртұтас мақсат - өсіп келе жатқан жастарға қазіргі заманғы жапон қоғамының мәдени және дәстүрлі адамгершілік құндылықтарын үйретуге бағынады (ұжымшылдық, табиғат пен адамға құрметпен қарау, шығармашылық тұрғыда тер төгу). Бұдан басқа келесі міндеттер орындалады:

- ✓ білім адамның әлеуметтік баспалдақпен табысты көтерілуін қамтамасыз ететін мектеп қызметі;
- ✓ әр-бір адамды отаншылдық сезіміне баулу;
- ✓ барлық жапондықтар қазіргі заманғы мемлекет құруға және қоғамға пайда келтіретін практикалық ғылымды оқуға міндетті.

Жалпы білім беруде білім беру жүйесін одан әрі дамытуға анағұрлым маңызды пәндер бар. Мұндай пәндерге әдетте жапон тілі, математика ғылымы, әлеуметтік зерттеу және ағылшын тілдері жатады. Жапонияның әлемдік экономикадан алдыңғы қатарлы орын алып, дамуында міне осы пәндер маңызды болып есептеледі. Ағылшын тілі - әлемдік экономика тілі, математика-техника мен экономика тілі, ал ғылым дегеніміз экономикалық және технологиялық даму әдісі, ал әлеуметтік зерттеулер осы кездегі саяси және экономикалық жүйені қолдау негізі.

Жапония мәдениеті қытай өркениетінің әсер етуінен қалыптасқан. Бұл дәлел ғалымдардың Жапонияны шартты түрде қытай-конфуциан дәстүрінің кең тараған жері деуіне әкеледі. Дәстүрлі конфуция идеялары жапон білім беру жүйесін реформалаудың барлық кезеңінде кездеседі. Жалпы, Жапон қоғамында білімге деген қарым-қатынас шығыс конфуциан әсерінің негізінде жасалған және ол өз сипаттары бойынша дәстүрлі-тұрақты парадигмаға ұқсас келеді.

Осыған байланысты біз Жапон білім беру жүйесінің дамуына ықпал еткен келесі ұстанымдарды айқындадық.

1. Тәрбие адамда адамгершілік қасиетті дамытуды мақсат етеді, оның қоғаммен тіл табысуын, өмірді қандай болса сондай қабылдай білуге тәрбиелейді. Сонымен бірге адамның маңызды қасиеттерінің бірі адамдар алдында адамгершілік жауапкершілікке сүйенген парыз сезімін сезіну қасиеті.

2. Әлемнің құрылысы ретсіз емес, ол өз реті бар сипатқа ие, және күнделікті өмірде тазалық пен тәртіпті қатаң сақтау талаптарынан тұрады. Сондықтан, бастауыш мектепте балалармен жұмыс істеу барысында ұқыптылық пен тазалықты қалыптастыруға ерекше мән беріледі.

3. Қоғамда қалыптасқан мұғалімге құрмет келесі афоризмдермен бекітілген: “мұғалімнің көлеңкесіне түспеу үшін 3 адым шегін”, “мұғалім – жел, оқушы – шөп, жел соғады – шөп иіледі” және т.б. Оқушылар өз пікірін айтуға міндетті емес, сондықтан да осы кезге дейін Жапонияда оқушылар өз пікірін дәлелдеуге және пікірталас жасауға арналған оқытудың қатынас әдісі кеңінен қолданылмайды.

4. Конфуциан философия бойынша дүние о бастан мінсіз және үйлесімді, сондықтан оны қайта жасаудың қажеті жоқ. Осыған орай, жапон мәдениеті қайта бастауға бағыт бермейді, ал ғарыштық ырғақпен бірге қызмет етуге шақырады. Осыдан жапон этикасы мен эстетикасының маңызды бөлшегі ретінде қарапайымдылық пен табиғилыққа деген талап келіп шығады. Сонымен, осыған орай мысалы оригамиді қағаздан пішін жасау өнерін қолдану сабағын айтуға болады.

Жапондық білім беру жүйесін зерттеуші Ю.В.Боярчук, әр түрлі пішіндерді жасағанда қағазды бірнеше қабаттап жасау табиғи жайт болып саналады, ал қағазды қиып, оны желімдеу материалды жәбірлеу болып саналады, сондықтан да жапон педагогтарының пікірінше жұмыс істеушілерге жағымсыз әсер қалдырады дегенді айтады.

5. Өткенді жақсы меңгеруден туындаған барлық нәрсенің тұрақтылығы мен өзгермейтіндігіне деген сенімділік деңгейі жоғары. Осы ұстанымдардан – ақ Жапонияның тарихты үйренуге жіті көңіл аударғандығы дәстүрде қалып қойған ақиқат пен ескіге деген құрмет белгілі болды. Бұрынғы өмірге деген конфуциандық ұғым және болашақты жоспарлауға деген қарсылық өткеннен сабақ алып (тарихи тұлғалар мен әке-шешелері, ата-бабалары), осы күнмен өмір сүре білуге бағыттайды. Жапон оқушылары «осы жерде және қазір» осы күн ұранымен «басқалар сияқты және әрқашан» үлгісімен «басқалардай» болашақты жақындата отырып, өткенге өте ұқсас деген қағидалармен өмір сүреді.

6. Адам мінезінің үйлесімділігі мен жинақылығын білдіретін жиынтық идеясынан бастау алатын қоршаған ортаның өзгерісіне қатты бейімделу бұл жапон халқының бірден-бір ұлттық ерекшелігі. Мұндай жағдайда адам белгілі бір идеяға берілмейді, ол мінезін қадағалай отырып, кез-келген жағдайға бейімделеді. Бұл идеяға Жапонияда «барлық оқушылардың өз топтарымен ғана достасып, басқалардан бөлектенуін болдырмау, олардың бәрін тең ұстау, көшбасшылардың қысым көрсетуін болдырмау мақсатында өзгерген ортадағы жүріс-тұрыс дағдысына үйрету» үшін оқушыларды оқытушылардың қалауы бойынша бір сыныптан екінші бір сыныпқа ауыстыру тәжірибесі кең тараған /6/. Шығыс дүниетанымдық жүйесінде адам өмірін толығымен Құдай немесе ғарыштық заң шешеді деп есептеледі. Діни тұрғыда Жапония шыдамдылығымен ерекшеленеді. Жапондықтар бірнеше дінге сенуі мүмкін, ал әр түрлі діндегі адамдар көршілес орналасқан Жапон мектебіндегі оқу мазмұны «өзге ұлттарды да қамтығанымен», оларды жапон мәдениетін білу және құрметтеу, жақсы көру жағына аса көңіл қоя отырып орындайды.

Жоғарыда сипатталған жағдайларды ескере отырып біз Жапон білім беру жүйесінде дәстүрлі-тұрақты парадигманың ықпалы үстем екенің байқадық. Осы мақала көлемінде Жапония білім беру жүйесінде батыстық білім беру үлгісі мен

технологияларының енгізу барысында түрлі парадигмалардың өзара әрекеттестікте бола отырып, тиімді нәтижелерге қол жеткізуге шарт болатындығын және басқа елдің білім беру жүйесінің өзіндік дәстүрлі сипаттамасын жоғалтпағандығын дәлелдеуге талпыныс жасадық.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Корнетов Г.Б., Богуславский М.В. О педагогических парадигмах // Магистр. -1992.-май.-С. 15-21.
2. Коджаспирова А.М., Коджаспиров А.Ю. Словарь по педагогике. М., 2005. – 448с.
3. Голованова Н.Ф. Общая педагогика. Учебное пособие. – СПб.: Речь, 2005.- 317 с. – с.34
4. Колесникова И.А. Педагогические цивилизации и их парадигмы // Педагогика. – 1995. - №6. - С.84-89.
5. Боярчук Японская школа: Проблемы и перспективы // Педагогика.-1996. -№ 1.- С.107-111.
6. Завьялова О.И. Токио и токийцы: будни, выходные и праздники - М.: Наука. Главная редакция восточной литературы, 1990. - 152 с.

РЕЗЮМЕ

В статье предпринята попытка исследования характера функционирования в системе образования Японии заимствованных западных образовательных моделей, а именно механизмов обеспечения эффективности традиционалистско-консервативной парадигмы образования, сложившейся в рамках культурной парадигмы Европы и адаптированной к условиям японских школ.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада батыстық білім моделдерінің тиімді жақтарын жапон мектептерінің жағдайына сәйкестендіріп енгізген Жапонияның білім беру жүйесінің ерекшеліктерін зерттеуге талпыныс жасалған.

НАШАҚОРЛЫҚТЫҢ ЖАСТАР АРАСЫНДА ТАРАЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Іліпов М. Т. - т.ғ.к., доцент, Елжанова П. А. – студент (Алматы қ., Қазмемқызпи)

Халқымыздың бүгінгі күндегі әлеуметтік ажарына көлеңкесін түсіріп отырған келеңсіздіктердің бірі осы нашакорлық. Мұның елді кең жайлап кетсе, залалы мол, қайтуы қиын дерт екенін әркім-ақ түсінеді.

Ел Президенті Қазақстандықтарға жолдауында: “Қазақстан есірткі тоқтаусыз тасымалданатын белдеуде жатқан ел. Орналасқан жеріне байланысты Қазақстан есірткі бизнесінің халықаралық құрылымдарының мүддесі үйлескен аймаққа айналған. Бұл мәселенің географиялық, экономикалық тұрғыдан қарағандағы өлшемдерінің маңыздылығын ескерумен қатар есірткіге салынушылық пен есірткі бизнесімен күресті қазақстандықтардың өздерінің қолдауынсыз жүргізуге болмайтынын да ескеруге

тиіспіз.” – деп жазды. Еліміздің өзге алпауыт елдер күресіп жеңе алмай отырған мәселемен бұлайша бетпе-бет келіп қалуы әрине өкінішті жағдай.

Қытайда өткен “Шанхай” бестігінің саммитінде Президентіміз Н. Ә. Назарбаев Ауғаныстанда өндірілген есірткіге қару-жарақ сатып алынып, террористер қаржыландырылатынын баса айтқан болатын. Ал, “Еуропаға ашылған терезе” - Қазақстанға есірткі ең алдымен Ауған-Тәжік бағытымен ағылады. Егер наркотикалық өнімдердің 70 пайызының Ауғанстанда өндірілетінін ескерсек, елімізге әкелінетін және одан әрі асатын есірткі көлемінің тіпті аз емес екенін болжай аламыз. Есірткі лаңы тек осы тасымалдаумен ғана тынбайды, бізде есірткіге салыну нысанының белең беруі осының айғағы.

Жасыратыны жоқ, ел ішінде есірткіге жақындар жыл өткен сайын қарқын алып келеді. Бұлардың көбінің жастар екендігі тіптен алаңдатады. Мұндағы басты себептің бірі жастардың жұмыссыздығы мен халықтың әл – ауқатының төмендігі сынды әлеуметтік-экономикалық факторлар болса, оған қосылып отбасындағы берекетсіздік пен жастардың бақылаусыз, бейәдеп өсуінен де туындап отыр.

Қазақстан есірткі тасымалында транзиттік белдеу болғаны аздай, Шу алқабындағы “қарасораның” кесірі де өршіп тұр. Бір қызығы біреулер “қарасора” енді біреулер “кендір” дейтін бұл заттың Қазақстан аумағында жерсіңбейтін, өспейтін жері жоқ екен. Қайда апарып ексең сонда шығатын көрінеді. Қарасорадан уыты апииннан аздап қана кем түсетін “марихуана”, “гашиш”, “анаша” сықылды наркотиктер жасалады. Жылдар бойы осынау кендірден дайындалатын “дәрілік шөп” жастардың елтіп есінен тана шегетін шылымына, жанқалтасына басатын “теңгесіне” айналған.

“Іштен шыққан жау жаман” демекші, өркениет көшіне ілестік деген бүгінгі заманда мұндай дертпен бүкіл ел болып жұмыла күреспесек, күні ертең рухани құлдыраудың, тұрмыстық азып-тозудың алдын алуға тым кеш болып қалуы ғажап емес. Өйткені нашақорлық өзі ғана келмейді, өзімен бірге туберкулез, Спид сынды аурудың нешеме түрін ерте келеді. Ал, Спид ауруы ХХ ғасырдың дерті болса, есірткі ғасырлардың дерті болмақ. Есірткі түрлерін ынтызарлар оның опиаттар, кендірден (коношия) жасалатын препараттар, жүйкені ынталандырушылар (психостимуляторлар), галлициногендер, тұрмыстық химия өнімдері секілді санаттарға ажыратылатынын білеміз:

- * Опиаттар: Героин, метадон, ацетидценген опий (апиин);
- * Кендір өнімдері: Гашиш, план, марихуана;
- * Психостимуляторлар: Кокаин, эфедрон, первитин, экстаз, феномин;
- * Галлициногендер: Псилоцибин – саңырауқұлақ тұқымдастар, кетамин;

Морфин 1803 жылы табылып ХІХ ғасырда ауырсындырмайтын препарат ретінде кеңінен қолданылған болған. АҚШ-тың азаматтық жылдарында алдымен дәрігерлер соң әскерилер жаралы солдаттардың емделу барысында морфинге тез тәуелді болатынын байқаған. 1874 жылы британдық химик Олдер Райт ауырсынбау амалы үшін морфинді үнемі қолдануға мәжбүр ауру санаттарына көмектесу мақсатында морфиннің өндірістік қалдықтарынан жаңа химиялық зат – диацетилморфинді (героин) жасап шығарған еді. Алайда Райттың жаңалығы өз кезінде ғылыми ортада ескерусіз қалып тек аспиринді синтездеуші тамаша неміс фармакологі Генрих Дрейздердің 1898 жылы көңіл аударуымен ғана жарыққа шыққан.

Біздің Шу алқабында өсетін қарасорадан жоғарыда баяндалған наркотиктің әрбірі жасалатыны анық болып отыр. Егер халықтың денсаулығы, қоғамдық тәртіп қалыпты болсын десек, еліміздің ертеңі – балғын жастар азып-тозбасын десек нашақорлықтың алдын алу жолында пәрменді күрес жүргізуіміз қажет-ақ.

Итальян биологы Паоло Мантегатцидің кока жапырағы жайлы суреттемелері Еуропада оған терең қызығушылық тудырды да, ХІХ ғасырдың 40-жылдарында

ғалымдар химиялық зертханаларда кока жапырағынан психоактивті зат – кокаинді жасап шығарды. Бірақ көп ұзамай кокаиннің өмірге қауіпті екені анықталды.

XX ғасырдың 80- жылдары кокаиннің крэк деп аталатын жаңа бір түрі пайда болды. (Крэк сөзі ағылшын тілінде шатыр-шұтыр ұғымын білдіреді.). Бұл өңделу барысында морт сынатын пластинкаға айналған кокаин әдеттегіден шапшаң әсер етеді. Крэктің беретін әсері 15 - 20 минут көлемінде тарап кететіндіктен оны жиі-жиі шегіп тұру керек болады. Крэк шамамен бір айдың көлемінде адамды не жүйке аурулары ауруханасына жатқызып, не болмаса өлтіріп үлгереді екен

Қазіргі таңда жаһандану дәуірінің күрделі індеттерінің бірі-нашақорлық екенін білсе де, жастар жағы еліктеушілікке бой алдырып отыр. Есірткі ол, химиялық тұрғыда улы заттардың қосындысынан құралғанын және адам денсаулығының қас жауы екенін, осыған қарамастан үстіртін әрекет жасаушылар қоғамда күн сайын артып отыр. Мұның барлығы құлаққа қандай жағымсыз болса,оның адам денсаулығына кері ықпал етеді.Ол адамның жүйке жүйесін зақымдап қана қоймай, дененің физикалық қабілетін нашарлатады, ой санада нашар елестер пайда болады. Ең қауіптісі экстази есірткісі. Мұндай жағдайда наркомандар әлсіз, ұйқышыл, сондай-ақ өздерін аса ауыр жағдайда сезінеді. Мұның соңы адамның аузы құрғап, денеде артық терлер пайда болып, бүйрек ауруына шалдығып өліп кетуі де мүмкін. Дегенмен жастар түрлі жағдайларда қоршаған орта, достарының ықпалымен өте көп немесе аз мөлшерде пайдалануы мүмкін. Кейбір еліктірушілер аз доза аса да білінбейді деп күрделісіне дейін үйретуге тырысады.

Егер болмаған жағдайда бірнеше рет тегін беру саясатын ұйымдастырады. Осының салдарынан ол үлкен қателікке бой алдырады. Дегенмен есірткінің ауыр немесе жеңіл деген түрлері жоқ. Оның аты қандай суық болса , есірткі адам ағзасына солай әсер етеді. Одан адамның ойлау, есте сақтау қабілеті нашарлап, оны пайдаланушы ашуланшақ қалыпта болады. Есірткіге неліктен жас өспірімдер бой алдырады; себебі қазіргі уақытта жас өспірімдерге қоршаған орта, ата-анасы және достары әсер етеді.Дегенмен ең негізгі тәрбие отбасы, оның ішінде ата-ана. Жаһандану дәуірінде ата-ана күн көрістің қамымен балаға көңіл бөлмей қойған кездері де жасырын емес. Әр бала есейгеннен кейін, әсіресе өтпелі кезеңде ата-ананың қамқорлығына қатты мұқтаж болады. Осындай сәттерде ата-ана баладағы жауапкершілік сезімді қалыптастыру, өмірдегі құндылықтарды, оның ішінде адамгершілік қасиеттерді бала бойына сіңіре білу қажет. Кейде жасөспірімдерге өзінің қасында жүрген достарының пікірі маңызды болуы мүмкін. Яғни есірткіні пайдалану жөнінде және оның рахаты мен ләззаты жайлы қызықтырып айтуы мүмкін. Оған өмірде тәжірибесі жоқ жастар тез шырмалады емес пе? Сондықтан ата-ана балаларымен дос тәрізді қарым қатынас жасауы тиіс. Себебі жастар достары үшін түрлі әрекеттерге баруы мүмкін.

Өмірден тырнақтай да тәжірибе алмаған бала, өмірдің қызығы осы екен деп үлкен қателікке ұрынады. Алайда достың да досы болады емес пе? Достығыңды дәлелде, сенің бізден қай жерің артық деп намысына тиетін сөздерді айтуы мүмкін. Бұл достық қоғамда үлкен тобыр жасап, елдегі жағдайға кері әсерін тигізеді. Осындай жағдайда нашақорларға жас өспірімдерді үгіттегені үшін 3жылдан 5 жылға дейін жаза қарастырылады. Жазасыз болса түбінде ата-ананың көз жасы, баланың қанымен бітетіні шындық. Мұны тек қана елдегі жағдай деп қарастыруға болмайды. Себебі нашақорлық дүние жүзінің барлық аймақтарында кездеседі. Елдегі қалыптасқан жағдайды қарастыратын болсақ 2003-жылдың 1-қаңтарында Алматы қаласының наркодиспансерінде 7643 адам есепке тіркелген. Мұндағы сұмдық жағдай олардың 332-сі жасөспірімдер.Яғни бұл көрсеткіш бұрынғы жылдармен салыстырғанда нашақорлардың саны күн сайын артып отыр. Олардың ішінде12-18 жастағы

нашақорлар қоғам үшін де, ата-ана үшін де нағыз дерт. Олар жастайынан бойын қылмысқа үйретіп, жиі қылмыстар жасап отырады. Оларда спид, гепатит, бедеулік аурулары пайда болып, қоғамда дені сау ұрпақтың дамуына жол бермейді. Себебі 1 нашақор 10 адамның өміріне зиян келтіреді. Есірткі экономикалық және демографиялық жағынан аса қауіпті. Заңсыз жолмен ақша тауып, өз үміткерлерінің санын көбейтеді. Осыдан кейін мемлекет оларды емдеуге қыруар қаржы жұмсайды. Қазіргі таңда дамыған елдерде айталық Дания, Нидерланды, Қытай мемлекеттерінде есірткі заттарын таратушыларға өлім жазасы белгіленген. Неге Қазақстанда сондай шараны ұйымдастырмасқа! Сонымен қатар жастарды жұмыспен қамту шараларын ұйымдастыру қажет. Неге десеңіз жұмыссыз жүрген жастар бір немесе екі рет ақысыз достыққа мәз болып, өзінің қалай кіргенін білмей қалады. Оның аяғында ұрлық, қарлық өмірге дағдыланып оны пайдаланбасқа жол қалмайды.

Сондықтан жастарды жұмыспен қамту нашақорлықпен күрестің ең тиімді жолы болып табылады. Ондай жаста балалардың профилактикалық психоактивті заттарға әуестігі жоғары болады. Жастардың негізгі өмір сүру ортасы мектеп, отбасы, демалыс орындары болғандықтан түрлі қауіпті жағдайларда болады. Бұл проблеманы мемлекеттік деңгейде қолға алмайынша, іс нәтижесіз қалмақ. Оған мысал ретінде АҚШ-тың білім департаментінде нашақорларға арналған бағдарлама жасалған. 4 жыл көлемінде 19-аймақтан 10000 оқушы қатысқан. Осының өзі айтарлықтай нәтиже көрсетті. Ал Қазақстанда жағдай асқынып барады. Адамзат баласы жаман әдеттерге үйір келеді. Өйткені апиынды бір рет қабылдағанда, көңіл күй көтеріліп, тез арада үйірсектік қалыптасып, денеге жылу тарап өте жайлы сезінуі мүмкін. Осыдан созылмалы интоксикация дамиды. Біртіндеп қоғамдық өмірге қабілеті бәсеңдеп дәрекі, өзімшіл, отбасында немқұрайлылық қалыптасады. Ғалымдардың айтуынша нашақорлық жойылмақ емес, ол өркениетпен жүретін қара құрт деп дәлелдеп отыр.

Сөз соңында ел ішінде есірткіге бейім болудың үдеп бара жатқанын, мұның алдын алмасақ, нашақорлыққа қарсы күресті жұртшылықпен тізе қоса отырып, пәрменді жүргізбесек кейін тосқауыл бермей кететіндігін ескергеніміз жөн. Елінің қамын жейтін әр бір адам қоғамда, әсіресе жастар арасында өршіп отырған бұл дерттің көзін жоюға, сақтануға күш шығарады деген ойдамыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Несіпбай А. СПИД дертінің деңгейі төмендеді. // Егемен Қазақстан, 2004, 8 маусым.
2. Құлманбай Ә. Қатерлі дертке қарсы күрес - бүкіл халықтық іс. // Егемен Қазақстан, 2004, 8 маусым
3. Воротной И. Инвестиция Казахстан 6 ноябрь 2003.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада жастар арасында кеңінен таралып, қоғамдық проблемаға айналып отырған нашақорлық мәселелері қарастырылған. Ғасыр індетіне айналып отырған дерттің алдын алу, сақтық шараларын ұйымдастырудың жолдары қарастырылады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются вопросы распространения и употребления наркотиков среди молодежи.

ЖАСТАРДЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ - САЯСИ ЖАҢАРУДЫҢ НЕГІЗІ ТІРЕГІ

Иманбаева С. - п.ғ.д., доцент,
Жексембекова В.- с.ғ.к., доцент (Алматы., Қазмемқызпи)

Еліміздегі бейбітшілік пен ұлтаралық бірлік, ішкі және сыртқы саясат мәселелері, соның ішінде ұлтаралық мәдениетті қалыптастыру мен рухани-адамгершілік тәрбие беру мәселесі негізгі орын алады. Қазіргі таңда білім беру саясатының негізгі міндеті – бәсекеге қабілетті ұлт, жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру.

ЮНЕСКО-ның генералдық директоры Федерико Майор «ЮНЕСКО-ның әлемдегі білім жағдайы жөніндегі IV есебінде» әлемнің болашаққа деген үміті бүгінгі күннің жастары келе жатқан ғасырды қаншалықты дайындықпен қарсы алуына байланысты екеніне тоқтала отырып, ХХІ ғасыр алдындағы жастар білімі ресурстар мен біздің қолдауымызды әлі ешқашанда мұншалықты қажет етпегені, жалпыға бірдей келешек алдында тәрбиешілеріміздің маңызы әлі күнге дейін тап қазіргідей артпап еді,“ - деп тәрбиеленуші мен тәрбиешілердің өзара бірлескен үрдісіне аса мән береді.

Сондықтан да, біздің алдымызда тұрған негізгі міндет - ұлттық мәдениет пен әлемдік өркениетті өзара сабақтастыра отырып бүгінгі ХХІ ғасыр ағымына лайықты тұлға қалыптастыру. ХХІ ғасыр ағымына лайықты тұлға - өз ана тілін білетін, басқа тілді құрметтейтін, тарихи зердесі жоғары, ұлттық салт-дәстүрден нәр алған, әлемдік ғылыми-техникалық прогресс көшіне ілесе алатын адам.

Еліміз егемендік алуымен және қоғамның жаңа әлеуметтік даму жағдайында білім беру мәселелері жаңа санатқа ие болды. Адамгершілік құндылық – жеке тұлғаның “табиғат-адам-қоғам” жүйесінде әлеуметтену үрдісін қамтамасыз ететін тұлғаның құнды сапалық қасиеті. Сондықтан да тәрбиені философиялық категориялар тұрғысынан қарастыратын болсақ, онда тәрбие адамның табиғатпен үйлесе дамуының басты факторы, адамдармен қарым-қатынасының құралы, қоғам дамуының дәйекті әсер ететін негіз болып табылады. Осыған орай тәрбиенің мәні мен мазмұны “мәдениет – тарих – білім” деп аталатын қоғам дамуының макропарадигмалы логикасы арқылы дамиды.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2007 жылғы «Ұлы мұраттар ұлы ниеттерден бастау алады немесе дамушы мемлекеттен – дамыған елдерге» атты Қазақстан халқына жолдауында тұлғаны әлеуметтендіру мәселесіне аса мән берілді. Тұлғаны әлеуметтендіре отырып, оның бойындағы рухани-адамгершілік, азаматтық -патриоттық құндылықтарды қалыптастыру бүгінгі егемен елімізді дамыған 50 мемлекет қатарына қосуда негізгі орын алады деп атап көрсетті.

«Қазақстандық патриотизм мен саяси ерік–жігер – жаңа Қазақстанды құрудың аса маңызды факторлары» атты тарауында «Біз осы таяуда ғана Тәуелсіздігіміздің он бес жылдығын атап өттік. Өткен жолымыз лайықты жол болды, ал біздің бірлескен шешімдеріміз бен тындырған ісіміздің нәтижелері таңданарлықтай болды.

Мұның бәрі де, жаңа жалпықазақстандық патриотизмнің ірге тасын қалап, біздің Отанымыздың, біздің барша көпұлтты және көпконфессиялы қоғамымыздың, біздің балаларымыздың тамаша келешегі бар екеніне негізді мақтаныш пен сенімділікті туындатады», – деп Қазақстандық патриотизм жаңа Қазақстанды құрудың негізгі тірегі екеніне тоқтала отырып, халық өзінің ерік–жігерін тарихи ауқымдағы жобаларды іске асыру үшін жұмылдырған кезде жаңа даму деңгейіне жалпықазақстандық патриотизмнің іргесі қаланатынын атап көрсетеді.

Көп ұлтты Қазақстан халқы үшін Отансүйгіштік сезімінің рухани саладағы тату-тәтті тірлік, азаматтық келісімге ғана емес, мемлекеттік материалдық негізін нығайтуға

да тікелей ықпалы бар. Отансүйгіштік рух - қазақ елінің әлемдік өркениетті елдер көшіне қосылып, дүниежүзілік қауымдастықтан лайықты орын алуына мүмкіндік беретін бірден-бір күш.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік “Білім” бағдарламасында тәрбие жүйесін жетілдіруге байланысты алдына қойған негізгі мақсаты - “қазақстандық патриотизм, азаматтық, ізгілік және жалпыадамзаттық құндылықтар идеяларының негізінде тәрбиеленушінің жеке тұлға ретіндегі сапалық қасиетін қалыптастыру” – деп бүгінгі ХХІ жаһандану ғасырында ұлттық мәдениет пен өркениетті өзара кіріктіре отырып, жеке тұлға қалыптастыру көзделіп отыр.

Қоғамның жаңа әлеуметтік даму жағдайында оқушыларға адамгершілік-рухани тәрбиенің негіздері, тұлғаны дамыту әлеуметтік кеңістікке, әлеуметтік дамуға, тұлғаны әлеуметтендіруге тікелей байланыста болады. Тәрбие үрдісінің мақсаттылығы нақты өмір талабына сай белгіленсе ғана өз нәтижесін береді. Себебі тәрбие мақсаты қоғамның саяси-экономикалық, мәдени даму деңгейімен тығыз байланысты.

Қазақстан Республикасы бүкіләлемдік білім кеңістігіне енуді мақсат етуіне орай, білім беру саласының түбегейлі өзгеріске түсуі тұлғаның тәрбиелік, мәдени деңгейін әлемдік жетістіктер деңгейіне көтеруді қажетсінеді. Осыған орай қазіргі заман жастарының тәрбиелеу мақсаты ізгілікті, білікті, мәдениетті, өзіндік өмірлік ұстанымы бар, қарым-қатынас мәдениеті жетілген, өз өмірін құруға, кез келген жағдайда дұрыс шешім қабылдауға бейім жас ұрпақты тәрбиелеу болып табылады.

Тәрбие - жеке тұлғаның қалыптасуының ең басты факторы. Жеке тұлға өзінің қалыптасу барысында өзіндік дамуының объектісі ғана емес, сонымен қатар субъектісі екенін ескеру керек. Субъектінің әрекеті – жеке тұлға дамуының факторы. Сана мен іс-әрекеттің тұтастығы материалистік диалектика мен психологияның ең маңызды заңдылығы болып табылады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің құзырлығында өткен “Білім беру ұйымдарындағы тәрбие жүйесінің қазақстандық үлгісі: өзекті мәселелері мен болашағы” атты республикалық семинар-кеңес республикадағы білім беру мекемелерінде оқу және тәрбие жұмыстарының алдында тұрғын стратегиялық және тактикалық мәселелерді айқындап берді.

Қоғамдағы жаһандану үрдісі, ұлттық білім жүйесінің әлемдік білім кеңістігімен кіріктірілуін негізге ала отырып, *үздіксіз білім беру мекемелерінде тұтастай тәрбие жүйесінің ғылыми теориялық және әдістемелік негізін* айқындау негізгі мәселе болып табылады. Қазақстан Республикасында тәрбиенің ұлттық жүйесін әлемдік білім кеңістігімен кіріктіре отырып мазмұнын айқындау бүгінгі ғалымдардың алдында тұрған өзекті мәселе. “Білім беру ұйымдарындағы тәрбие жүйесінің қазақстандық үлгісі: өзекті мәселелері мен болашағы” атты республикалық семинар-кеңесте негізгі алға қойылған негізгі мәселе - “*Үздіксіз білім беру жүйесінде тәрбие тұжырымдамасын*” жасауды ұсынды.

Осы мақсатта үздіксіз білім беру жүйесі бойынша тәрбиенің тұжырымдамасында ұлттық және әлемдік кеңістіктегі жалпыадамзаттық құндылықтарды негізге ала отырып - мектепке дейінгі мекемеден бастап, мектеп, орта және арнаулы, жоғары оқу орындағы, қосымша білім беру мекемелерінде тәрбиенің негізгі бағыттары; отбасы тәрбиесі, патриоттық тәрбие, рухани-адамгершілік, ақыл-ой, дене, эстетикалық, экологиялық тәрбие, салауатты өмір салты бір-бірімен сабақтастыра отырып, үйлестіре жүргізудің ғылыми-теориялық негізі қамтылуы керек.

Қоғамдағы тәрбиенің даму үрдісін зерделей келе, әлі де болса жоғары және кәсіптік арнаулы оқу орындарында тәрбие мәселесі өз дәрежесінде ғылыми тұрғыда зерттелмей отырған мәселелердің бірі. Семинар-кеңесте студенттердің өзін-өзі басқару

ұйымының рөлін кеңейту мақсатында студенттік жастар ұйымдарына қолдау көрсету, жұмыстарын күшейтуді қолға алуды ұсынды.

Сонымен қатар, әсіресе тұлғаны әлеуметтендіруде еліміз егемендік алғаннан кейінгі төл оқулықтар мен 12 жылдық білім беру жүйесіне негізделіп отырған болашақ оқулықтардың тәрбиелік мүмкіндіктері жан-жақты сараланып, талданып, дамыған 50 ел қатарына еруге өз үлесін қосатын азамат-тұлға қалыптастыруға бағытталуы керек. Қоғамдағы негізгі міндеттердің бірі үздіксіз білім беру жүйесіндегі оқулық, оқу-әдістемелік құралдардың мазмұнындағы тұлғаны әлеуметтендіруге бейімделуіне негізделген материалдар қамтылуына аса мән беріле отырып, талаптар қойылуы керек. Осы тұрғыдан алғанда үздіксіз білім беру жүйесінде тұлғаны әлеуметтік бейімдеу, тұлғаның дамуының психологиялық-педагогикалық негіздерін айқындай отырып, ғылыми-әдістемелік ұсыныстарды дайындау, Қазақстан Республикасы тәрбие жүйесі қамтамасыз ететін оқу-әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету республикалық семинар-кеңесте негізгі мәселе болып көтерілді.

Республикалық семинар-кеңес еліміздің балаларына құқықтық білім беру мақсатында салауатты өмір, балалар мен жеткіншектерді ішімдік, темекі тарту және нашакорлықтан сақтандыру мәселелері туралы ақпарат алғысы келетіндерге үнемі қызмет ететін телефон желісін құру, білімдік және тәрбиелік үрдістерді іске асыруда ата-аналарды педагогтармен және балалармен, әлеуметтік ортамен өза байланыстарын күшейтуді ұсынды.

Жалпы білім беретін мектептердегі жалпы мектептік шаралардың, ата-аналар жиналыстарының және сынып сағаттарының тақырыптарын мониторингтен өткізу, кәмелетке толмағандар арасында жағымсыз құбылыстарға талдау жүргізу және олардың алдын-алу мақсатында ұйымдастыру шараларының жоспарын жасау, әрбір аймақта оқушы жастар арасында нашакорлықтың алдын-алу шараларын ұйымдастыру мәселелерімен бірге дене тәрбиесі жұмысына керек спорт залдарды қажет құрал-жабдықтармен қамтамасыз етуді жетілдіру қажеттілігі туындағынына баса назар аударылды.

“Білім беру ұйымдарындағы тәрбие жүйесінің қазақстандық үлгісі: өзекті мәселелері мен болашағы“ атты республикалық семинар-кеңесті ұйымдастырушылар мен кеңеске қатысушылар облыстық жастар ұйымдарындағы тәрбие жұмысы жәйін зерделеп және бірлесе ықпал етуді іске асырумен қатар, білім беру мекмелерінде тұрақты жұмыс істейтін семинарларын аймақтарда өткізуді бірауыздан қолдады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі республика бойынша Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институтының базасында “Тәрбие жұмысының республикалық ғылыми-практикалық орталығы“ құрылды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы. – Астана, 2006. – 44 бет.
2. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2007 жылғы «Ұлы мұраттар ұлы ниеттерден бастау алады немесе дамушы мемлекеттен – дамыған елдерге» атты Қазақстан халқына жолдауы (28 ақпан, 2007 жыл).
3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Білім бағдарламасы.-Алматы, 2003. –45 б.
4. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасының азаматтарына патриоттық тәрбие берудің 2006-2008 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы Жарлығы. –Астана: Ақорда. 10 қазан, 2006, № 200.

5. Қазақстан Республикасы мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие берудің тұжырымдамасы. –Алматы, 2005.-25 бет.
6. Иманбаева С.Т. Қазақстан Республикасының әлеуметтік даму жағдайына байланысты мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие берудің теориясы мен әдістемесі. Монография. Алматы. 2007. –310 б.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада саяси жаңарудың негізі тірегі ретінде жастардың құндылық бағдарын қалыптастыру бағытындағы мемлекет көлемінде атқарылып жатқан игі шаралар сараланады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются вопросы формирования ценностных ориентиров молодежи.

Н.ҚҰЛЖАНОВА - МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ПЕДАГОГИКАНЫҢ НЕГІЗІН САЛУШЫ

Қалиев С. - п.ғ.д., профессор (Алматы қ., Қазмемқызпи)

Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында (1920 - 40 ж.ж.) Қазақстанда мектепке дейінгі мекемелер тұңғыш ашыла бастаған еді. 1930 жылдары бала бақша, балалар яслилерін ашу, сауатсыздар мектебін ашу сияқты күрделі де қиын мәселе болды. Оның себебі: біріншіден - мектепке дейінгі мекемелерді ашу үшін орасан мол қаржы керек болды (арнаулы үй, үй, жиһаз, оқу құрал-жабдығы, ыдыс-аяқ, ойыншықтар т.б. сатып алу қажет еді).

Екіншіден - балаларға арналған жиһаз, ойыншықтар шығаратын өндіріс орындары жоқ болатын. Сондықтан оларды шет елдерден қымбатқа сатып алуға тура келді.

Үшіншіден - мектепке дейінгі мекемелерде қызмет ететін маман кадрлар жоқ еді. Оларды даярлайтын арнаулы оқу орындары болмады.

Төртіншіден - мектепке дейінгі мекеме қызметкерлеріне қажетті оқу-әдістемелік құралдар мүлде жоқ еді.

Міне, осы проблемаларды шешу ісімен кеңес үкіметінің басқару мекеме басшыларымен бірлесе отырып А.Оразбаева, Н.Құлжанова, Ш.Шонанова, С.Есова сияқты көрнекті педагог қайраткерлер айналысты. Олар бұл істегі батыс елдерінің педагог-қайраткерлері К.Цеткина, Н.К.Крупская, Е.Тасова т.б. іс-тәжірибелерінен үйренді. Олардың педагогикалық еңбектерін қазақ тіліне аударды. Сөйтіп, өздері де мектепке дейінгі тәрбиемен байланысты төл оқу-әдістемелік құралдар жазу, кадрлар даярлау істерімен шұғылданды. Мәселен, Ш.Шонанова 1929 жылы «Жаңа мектеп» журналына екі еңбегін ұсынды. Оның бірі «Мектепке дейінгі тәрбие жұмысының болашақ проблемасы», екіншісі «Балалар алаңын құру мәселесі» деп аталды. Ш.Шонанова (1903-1938) 1922 жылы Қазақстан Республикасы халық ағарту комиссариаты жанындағы мектепке дейінгі тәрбие ісінің методисі, ғылыми хатшысы, инспекторы қызметтерін атқара жүріп, республиканың әр аймақтарында мектепке дейінгі мекемелерді ашу ісімен айналысты. Ол екі рет медицина институтына (Орта

Азия университеті, Алматы университетінің биология факультетіне) түсіп, табына байланысты оқудан шығарылды. 1937 жылы жұбайы, тіл маманы Телжан Шонановпен бірге ұсталып, халық жауы деген жаламен 1938 жылы ату жазасына кесілді.

Ал екінші көрнекті педагог ғалым Назипа Құлжанова (1887-1934) Жангелді ауданында Ы.Алтынсарин ұйымдастырған мектепте оқып, кейін Орынбордағы мұғалімдер семинариясына түсіп, оны 1914 жылы үздік бағамен бітіреді. Назипа Құлжанова Орынборда мұғалімдер семинариясында (1907-1914) оқып жүрген кезінде өзінің идеялық ұстазы А. Байтұрсынов Назипаға өлеңмен хат жолдап оқу инемен құдық қазғандай-ауыр іс. Оған асқан төзімділік, қажымас қайрат керек. Келешек ел үмітін ақтап шығар алғыр, турашыл, өр мінезді азамат бол дей келіп,

Су да болар ол жолда, тау да болар,
Жаудың оғы-жайған тор, ау да болар.
Мынау пайда, мынау зиян демек
Ол ерліктің ісі емес, сауда болар ? !
Шалдығатын, шаршайтын жерлер де бар,
Шалдыққанға мұқалмас ерлер де бар.
Қайраттанып қажымай тырмыссаң да,
Шыққызбайтын жолыңда өрлер де бар

- деп сол кездегі саусақпен санарлық бірді-екілі талапты қазақ қыздарының білім жолындағы қиын кедергілерді жеңіп шығуына ағалық ақыл-кеңесін береді

Н.Құлжанова 1914-1920 ж.ж. Семейдегі мұғалімдер семинариясында оқытушы, 1920-22 ж.ж. Ақмолада оқытушы, 1923-25 ж.ж. «Қызыл Қазақстан» журналының әдеби қызметкері, 1925-29 ж.ж. «Еңбекші қазақ» газетінде, «Әйел теңдігі» журналында қызметтер атқарады. 1934 жылы Ақмолада қайтыс болады.

Н.Құлжанова 1925-29 ж.ж. М.Горкийдің, В.Г.Короленконың, А.Куприннің, В.В. Лаврененконың, Н.К. Крупскаяның еңбектерін қазақ тіліне аударды. 1919 жылы Семей қаласында Ж.Аймауытов, М.Әуезовтермен бірге Абай мұраларын насихаттаумен айналысып, Семейде Абайдың қайтыс болғанына 15 жыл толуына байланысты әдеби кеш өткізіп, Абайдың ақындық творчествосы жайында екі тілде (орысша, қазақша) баяндама жасайды. Осы кеште М. Әуезовтың «Еңлік-Кебек» пьесасынан үзінді қойылады. Артынан концерт болады. Оған өнер саңлақтары И. Байзақов, Ә. Қашаубаев, Абайдың әнші шәкірті Әмбағамбет, Қ. Сәтпаев Ж. Аймауытовтар қатынасып Абай өлеңдерін оқып, Абай әндерін орындады.

Н.Құлжанова А.Байтұрсыновтың ұстаздық үлгісінен нәр алған адам. Ол өзі педагогикалық екі еңбек жазды. Оның бірі «Мектептен бұрынғы тәрбие» (1923) деп аталса, екіншісі, «Ана мен бала» деп аталады. Н.Құлжанованың «Мектептен бұрынғы тәрбие» атты еңбегіне А.Байтұрсынов кіріспе сөз жазып, бұл еңбектің «Қазақстан топырағындағы жаңа тақырыпқа арналған тың туынды» деп жоғары баға береді.

Н. Құлжанова мектепке дейінгі тәрбие мекемесінің жұмыс мазмұнын, атқаратын қызметін айта келіп, баланы тәрбиелеу, өсірудегі ұлттық ойындардың ерекшеліктеріне тоқталады. Үш пен жеті жас аралығындағы балалардың физиологиялық ерекшеліктерін - бала әлемін сөз етеді. Әсіресе, жас баланың айналыны білуге деген құмарлығын, сөйлеуге, сұрақтар беруге бейім болатынын, сол арқылы ойы өсіп жетілетінін айта келіп, баланың ойын дамыту үшін олардың сұрақтарын жауапсыз қалдыруға болмайды. Қазақтар баламен сөйлесуге жете мән бермейді. Сондықтан олардың сөйлеу мәдениеті жетілмейді дейді. Баланы табиғат аясында тәрбиелеудің, табиғат құбылыстары жайында үнемі әңгіме жүргізудің мәніне тоқталады. Н.Құлжанова баланы жас кезінде көбінесе табиғат аясында тәрбиелеудің тиімділігін айта келіп, «Бала даланың кеңдігінде шолпылдатып суға түсіп, жүгіріп құспен бірге сайрап, көбелек қуып, шыбын-шіркей, құрт-құмырсқамен бірге көкорай шалғын, тоғай арасында сайрандай жүріп, көңілі де, жан-

тәні де бірдей өсіп өркендемек» дейді. Автор осы пікірін әрмен қарай жалғастыра келіп: «Әрбір құлықты, жақсы адам мінезінің түпкі негізінде болатын еңбек ету, көңіл көтеру және денесі еліктегіш, талшыбықтай икемді, нәзік сезімді болып келеді» деп мектеп жасына дейінгі балалардың тыныс-тіршілігін сөз етеді. Н.Құлжанова баланы үйде, бала бақшада еңбекке бейімдей тәрбиелеудің маңызына тоқталады. Ол үшін әр бала бақша жанында биологиялық бұрыш, тәжірибе участогі болуы керек. Бала торғайды, қоянды, тоты құсты, кірпік шешенді, балықты өсіруді білсін, аулаға көкөніс, гүл отырғызып, оған су құюды үйренсін, саз балшықтан ойыншықтар жасап үйренсін дейді. Н.Құлжанова баланың санасын оятып, қиялын өсірудегі ойыншықтардың тәрбиелік рөліне ерекше мән береді. «Ойын баланың қиялын өсіреді. Ойнай білу дегеніміз, ойлай білуге үйрету» дейді.

Н.Құлжанова мектепке дейінгі тәрбиенің басты бағыттары «Тән саулығы», «Баланың сырт сезімдерінің дамуы», «Заттың түр-түсін ажыратуы», «Бала тілінің шеберлілігі» «Баланы еңбекке дағдыландыру», «Баланың әдемілік сезімін ояту», «Бала ойындары мен ойыншығы», «Баланы көпшіл болуға баулу» деп жіктей келіп, осы мәселелердің әр қайсысының мән-мағынасын ашып талдайды.

Н.Құлжанова мектепке дейінгі тәрбие туралы жазған еңбегінің құндылығы біріншіден, оның Қазақстан топырағында тұңғыш мектепке дейінгі педагогика ғылымының негізін салушы педагог-ғалым болуымен ерекшеленсе, екіншіден Н.Құлжанова мектепке дейінгі педогогиканы биология, медицина ғылымдарының жетістіктерімен байланыстыра қарастырады, үшіншіден - ол қазақ этнопедагогикасын әлем елдерінің этнопедагогикасымен үндестіре білді, төртіншіден - Н.Құлжанованың еңбектерінде қазан төңкерісінің қарсаңындағы көшпелі қазақ елінің тұрмысы, сол уақыттағы ауыл мен қала өмірінің шындығынан алынған нақты көріністер айқын байқалады.

Ана мен бала тәрбиесі, әсіресе баланы мектепке дайындау жайында әдістемелік құралдар ана тілімізде күні бүгінге дейін тапшылық етуде. Олай болса бұдан 75-80 жыл бұрын жазылған Н. Құлжанованың еңбектері күні бүгінге дейін өзінің құндылығына қылау түсірмес аса құнды еңбек екені даусыз.

Сөйтіп Н.Құлжанова - тұңғыш мектепке дейінгі педагогиканың негізін салушы педагог, ғалым болды.

Қазақстанда тұңғыш мектепке дейінгі тәрбиенің негізін салған көрнекті педагог-ғалым қазақ әйелі Нәзипа Құлжанованы мәңгі есте қалдыруда Қазақстан үкіметі арнаулы қаулы қабылдап, оның туған жері Қостанай облысы Рудный қаласындағы педколледжге ғалымның атын берсе, сондай-ақ Қостанай, Семей қалаларында Н.Құлжанованың атында бір көшенің аты берілсе, 1914-20 ж.ж. өзі істеген Семей педколледжінде Нәзипа атында стипендия тағайындалса, класс-лаборатория белгіленсе ағартушы қайраткер ғалымға жасалған үлкен құрмет болар еді.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Қазақстанда мектепке дейінгі білім мен тәрбие ісінің іргетасын қалаған ғалым-педагог Н. Құлжанованың осы салада атқарған еңбегі талдауға алынған.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена 120-летию со дня рождения основателя казахской дошкольной педогогике Н.Кулжановой. Она является автором таких научных трудов, как «Дошкольное воспитание» (1923), «Дети и матери» (1927) и методических статей, посвященных дошкольному воспитанию.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУ ҮРДІСІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Қойшыбайқызы А. – ізденуші (Алматы қ., Қазмемқызпи)

Мамандар дайындау ісінің талапқа сай сапасын қамтамасыз ететін жоғарғы оқу орындағы оқу-тәрбие үрдісінің бағыттарына әр уақытта ерекше мән беріледі, өткені жоғарғы оқу орындарының басты міндеті мен мақсаты адам қасиеттері мол тұлға, болашақ мамандар даярлау екендігі даусыз. Заман талабы өзгерген сайын жоғарғы оқу орындарына қоғам тарапынан қатысатын талап та өзгереді. Жоғарғы оқу орының басты бағыттары ретінде кәсіптік даярлаудың сапасын жақсарту, біліммен қамтамасыз етудің ғылыми әдістемелік жүйесін түбегейлі жаңарту, оқытудың әдістері мен ұйымдастыру түрлерін өзгерту, педагогикалық пәндерді оқыту үрдістерін жетілдіру, алдыңғы қатарлы оқу тәжірибелері мен қазіргі қоғамның сұраныстары арасындағы алшақтықты жою, адамзат өркениетінің мәдени және өнегелік деңгейінен хабары мол, ой-өрісі жоғары, кәсіби біліктілігі мол маман иелері даярлауды атауға болады.

Елімізде болып жатқан әлеуметтік, саяси және экономикалық түбегейлі өзгерістер өз кезегінде, болашақ маман даярлауда жоғарғы мектептің алдына да жаңа міндеттер қойып отыр. Заман талабы өзгерген сайын жоғарғы оқу орындарына қоғам тарапынан қойылатын талап та өзгереді. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев мемлекеттің болашақ дамуына арналған «Қазақстан-2030» бағдарламасында жоғарғы білімнің сапалылығы, адамгершіліктігі және жаһандануы арқылы мәдениет жасаушылық, интеграциялық роліне ерекше мән берген болатын. Сондықтан Қазақстан Тәуелсіздігіне қол жеткізіп, әлемдік ынтымақтастықтағы мемлекеттердің қатарына тұғыры биік тәуелсіз, өз саясаты мен даму стратегиясын қалыптастырған ел ретінде мүше болып енуі, дербес ел ретінде танылуы отандық білім берудің алдында жаңа міндеттер мен талаптар қойып отыр. Кез-келген елдің білім берудің жүйесінің алдына қоғам дамуының қай кезінде болмасын үлкен үл міндеттер тұрғаны белгілі. Өйткені білім беруді дамыту арқылы мемлекеттің өсіп-өркендеуіне жақсы жол ашылары сөзсіз. Білім берудің қоғамның әлеуметтік-экономикалық құрылымынан, мәдени құндылықтарынан, ұлттық дәстүр, рухани негізден бөле жара қарауға болмайды.

Адамгершілік ұғымдарына түрлі бағыттағы философиялық теориялар және тұжырымдамалар шеңберінде талдау жасалынған. Философтардың ішінде алғаш рет И. Кант адамгершілік ұғымына құрылымдық-функциональдық тұрғыда анықтама беруге талпыныс жасады. Канттың пікірінше мораль адамгершіліктің ең қарапайым көрінісі. Кант моральдық қасиеттері мол адам мінез-құлқын адамгершілік заңдылықтарға сай болып қана қоймай, тұлғаны адамгершілік негізде қалыптастыратындай ерекше мотивтерге сай болуы туралы айтты.

Гегель адамгершілікті әдеттер мен дағдылар ретінде бағалап, соның негізінде адам мінез-құлқы реттелетіндігін айтты. Гегельдің ойынша мораль адамгершілік турасындағы жалпы пікірлердің жиынтығы, мақсат идеал, қарым-қатынасты қамтитын субъективті-жеке дара мораль аймағы. Гегель мораль философиясына жүйелі түрде түсінік бере отырып, оның адам дамуына ықпал ететін механизмдерін қарастырады. Гегельдің пікірінше құқықтық және моральдық әрқайсысы жеке дара мәнге ие бола алмайды. Олардың түпкі мәнінде адамгершілік негіз бар. Адамгершілік-қоғамдық өмірдің желісі. Ол қоғам өміріндегі өзгерістерге байланысты дамып, жаңа мазмұн алып отырды. Мораль адам мінез-құлқын реттеуші нормалардың жиынтығы. Мораль өте күрделі және берекелі емес қоғамдық құбылыс. Ол қоғамдық қатынастардың сан салалы жақтарын, адам мен табиғаттың өзара ықпалдастығын, адамның қоғамдағы, жеке өмірдегі әрекеттесуін бейнелейді.

Моральдық педагогикалық функциясы, оның көмегімен балалар әлеуметтік қарым-қатынастардың тұратын күрделі әлемді меңгере бастайды. Мораль арқылы рухани құндылықтарға бастайтын түрлі өзара қарым-қатынас түрлерінен бетпе-бет келіп, игереді.

Мораль жеке тұлғаға қатыста алғанда рухани әлеуметтік күш ретінде көрініс бере отырып, оның қоғамдық өмір жағдайларына сай бейімделуін, үстемдік етіп отырған нормалар мен мінез-құлық ережелері шеңберінде, деңгейінде әрекет етуіне мүмкіндік береді. Сондықтан моральдық тәрбие, моральдық ағарту және іске тұрақты педагогикалық нәтиже бере алмайды, түпкілікті болмайды, адамға қоғамдық ықпал етудің ақиқатты мақсаты бола алмайды. Ол тек қана жеке тұлғаның ең басты қасиеті болып табылатын, оның ішкі жүйесіндегі рухани-адамгершілік бастаулардың пайда болып дамуына, қалыптасуына ықпал ететін кезең болып табылады.

Бүгінгі таңдағы философиялық ойлардың моральдық адамгершілікпен өзге мән туралы қалыптасқан екі түрлі көзқарас бар. Оның алғашқысында, мораль сананың бір түрі, ал адамгершілік-практиканың әрекет, қадамдар, әрекеттердің аймағы ретінде қарастырылады. Екінші көзқарас бойынша мораль қоғамдық пікірлер, топтық критерийлер, сыртқы бақылау мен талаптың қатаң орындалуын реттейтін әрекет формасы ретінде қарастырылады. Бұл жағдайда адамгершілік-жеке тұлғаның адамгершілік екендігінің сферасы болып табылады. Мораль адамшылық пен гумандылықты идеалды, аяқталған формада бейнеленсе, ал адамгершілік оны тарихи нақты шара ретінде анықтайды.

Отандық философ ғалымдардың пікірлеріне талдау жасамас бұрын, халқымыздың сан ғасырлық рухани адамгершілік қағидаларын ой елегінен өткізіп көрейік. Ұлы түркі қағанаты дәуіріндегі Орғон Енисей ескерткіштеріндегі (VI – VIII ғ.ғ.) жазбаларда былай дейді: «Құлақ қойып тыңдаңыздар, тереннен ойланып, толғаныңыздар. Өлімнен ұят күшті. Адам ұлының бәрі де өлмес үшін туады». IX ғасырда өмір сүрген қорқыт бабамыз «Анадан өнеге көрмеген қыз жаман, атадан тоғылым алмаған ұл жаман. Мен, тәкаппар адамды тәңірі сүймейді. Ақылсыз балаға ата дәулетінен қайран жоқ... қонағы жоқ қараша үйден құлазыған түз артық» - деген екен.

Қожа Ахмет Иассаудің «Диуани хикметі», Жүсіп Баласұнидің «Құдатғу білігі (Құтты білік)», Махмут Қашқаридың «Дуани муға-ат түріндегі», Ахмет Жүйнекидің Хибатул хикаятын» «Ақиқат сыйы» Хорезмидің «Махаббат наласы» адамгершілік, парасат, имандылық өнегелерінің жинағы деп айтуға болады. Бұл өсиетнамалардың маңызы ғасырдан-ғасырға өрлейтіні ақиқат. Бұл рухани жәдігерліктердің адамгершілік мазмұны ұрпақ үшін өшпес мұра, бұл адамзаттың даму жолдары мен шежіресі жинақталған, адам әрекетінің барлық ауқымына әсер ететін адамзаттың тіршілік тәжірибесі, орасан зор рухани әлем.

Адамгершілік тақырыбы туралы айтқанда халықтың тәрбиеге тоқталмай кету мүмкін емес. Халықтық тәрбиенің қайнар көзі, халық педагогикасы мен дәстүрлерді адамгершілік мектебі деп пайымдауға толықтай негіздер бар. Өйткені халқымыздың рухани мектебі болып табылатын өткен даму шежіресін, салт-дәстүр, өсиетнама, мәдениеттің дәстүрлі түрлерін танып білу арқылы адам рухани бастаулардан нәр алып туған діні, тілі, жұртының өзіндік ерекшеліктерін аялап, сақтауға үйренеді. Халқымыздың даналық мектебі адамгершілікке тәрбиелеу мектебінің өзіндік шежіресі мол деп айтуымыз негізді. Халықтың адамгершілікке тәрбиелеу қағидалары адамзат баласының көптеген ұрпақтарын толғандырған. Ұлы педагогтар Я.А. Коменский, Ж.Ж. Руссо, И.Г. Песталоцци, К.Д. Ушинский халқымыздың біртура ғұламалары данагөйлері Ы. Алтынсарин, Ш.Уалиханов, А. Құнанбаев адамгершілік қағидалары мен ғақияларын дәріптеген.

Бұл үрдіс ұрпақ сабақтастығы ретінде бүгінде заңды жалғасын тауып, рухани дәстүрлерге қайта оралуға мән берілуде. Білім беру саласында халқымыздың руханилық дәстүрлерін кеңінен дамытып, өскелең ұрпақты рухани сезімдерінің биік болып, жалпыадамзаттық құндылықтардың бүгінгі таңдағы маңыздылығын түсінетіндей деңгейде тәрбиелеуге мән берілуде.

Қазақ қоғамының өмір сүру салтында рухани құндылықтарды жоғары бағалау, өскелең ұрпақты соған баулу дәстүрге айналған. Белгілі философ Н. Бердяев «Рухани-сүйіспеншілікте, қайырымдылықта, жанашырлықта, әділеттікте, шығармашылықта, еркіндікте, борышта т.б. көрініс табады»-деп атап өткен. Жеке тұлғаның рухани-адамгершілік құндылығы: оның сүйіспеншілік, қайырымдылық, мейірімділік жанашырлық, әділеттілік, шығармашылық мүмкіндіктеріне негізделген ішкі жан дүниесінің көрініс табуы деуге болады.

Болашақ маманның құндылық дүниесінің қалыптасуына ЖОО оқу тәрбие үрдісі әсер етеді. Рухани-адамгершілік құндылық идеяларының негізі-ғасырлар бойы қалыптасқан халқымыздың жазба мұралары, ауыз әдебиеті т.б. арқылы ұрпақтан-ұрпаққа тарап отырған. Болашақ мамандық иесін терең біліммен қаруландырумен қатар биік имандылық қасиеттерді бойына сіңіру және өздері өмір сүретін қоғамға сай етіп тәрбиелеу арқылы рухани құндылық дүниесін қалыптастыруға болады. Философиялық және әлеуметтік әдебиеттерде құндылық мәселесі 60 жылдардың басынан бастап талданады.

80 жылдардағы зерттеулерде құндылықтар мен қызығушылықтардың өзара әсері адамгершілік мәдениетінің жүйелілік элементтері ретінде қарастырылады.

Адамгершілікті дүниені рухани тұрғыда түсінудің әрекеттік әдісі ретінде қарастыру 70 жылдарда басталды, бұл кезде моральдың негізгі ретінде құндылықтарға мән беріледі. 80 жылдар моральдық сана мен іс-әрекеттің өзара қарым-қатынасы, мораль және мінез-құлық, моральдық сананың ішкі компоненттері болып табылатын-моральдық императив, мотив, жеке позициялардың диалектикалық бірлігі зерттеледі.

Мораль мен мінез-құлық арасындағы қарым-қатынастар моральдық мінез-құлықтың екі түрлі мәні болатынын көрсетті. Моральдық ұстаным өзінің негізгі ретінде түрлі мотивтерді арқау етуі мүмкін, сондықтан ол түрлі адамгершілік сапаларға ие болады.

Моральдық мінез-құлықтың өзіндік ерекше сипаты, онда моральдық мотивтердің болуында. Алайда, көптеген адамдардың шынайы іс-әрекеттерінде бірқатар мотивтер кездеседі, оның қатарында моральдық мотивтер арнайы орын алады. Моральдық мотивтер ретінде барлық мінез-құлық сипатын қарастыру керектігі туралы айтқан философтар бар. Ал педагогика ғылымы үшін адамның моральдық ұстанымдарға негізделген іс-әрекеттері аса маңызды.

Моральдық сананың ең түпкілікті өзегі қоғамның материалдық тұрмысы болғанымен оның қалыптасуы арқылы. Ол өзінің даму процесінде қоғамда үстемдік ететін өндірістік қатынастардың ықпалымен қатар қоғамдық сананың басқа да түрлерімен байланысқа түседі. Моральдық құбылыстар қоғам дамуының бүкіл тарихында қалыптастып, осы процесте үнемі жетіліп, өзгеріп жаңа мазмұнға ие болып отырады.

Мораль-қоғамдық сананың ерекше түрі. Ол қоғам тұрмысының әлеуметтік құрылымына байланысты адамадар арасындағы қарым-қатынастарды реттейтін нормалар мен қағидалар жасап шығарады. Жеке адамды белгілі бір қоғамның моральдық мұраттарына сай қалыптастыру үшін, оны осы қоғамда қабылданған моральдық нормаға үйрету қажет.

Қоғам мүшелерінің рухани тіршілігінде моральдық көзқарастардың қалыптасып жетілуімейінше көп саналы, сондай-ақ құрылымы жағынан да арқилы процесс.

Психологтар адам бойында моральдық мінез-құлықтың психологиялық негіз болып табылатын айрықша қажеттілік-жеке адамгершілік қажеттіліктерге айрықша мән береді. Адамгершілік қажеттіліктер адам өмір сүру барысында қалыптасады. Оның басты ерекшелігі түрлі адамдардың санасы мен мінез-құлықтарында түрліше бағыттарда қалыптасуында. Рухани-адамгершілік қажеттіліктердің түрлі адамдардың санасы мен мінез-құлқына ықпал бірдей емес және тәрбиеге байланысы, соған тәуелді болып келеді. Моральдық әлеуметтік, табиғаты әлеуметтік болмыспен объективті қарым-қатынасына байланысты ерекшеленеді. Тәрбиенің сана мен мінез-құлықтың адамгершілік негіздерін қалыптастырудағы ролі шешуші сипатқа ие. Әрбір жеке тұлғаның өмір жолы басқалардан ерекше болғандықтан, моральдық тәжірибенің де мазмұны мен дамуы әр түрлі. Жеке тұлғаның рухани-адамгершілік қажеттіліктері оның психологиясында арнаулы бағдарланып, оның ерік жігеріне қозғау салады. Рухани-адамгершілік қасиеттіліктер ұғымына психологиялық құбылыстар шеңбері қоғамдық мүддеге қатысты мінез-құлық ерекшеліктерін айтуға болады.

Рухани-адамгершілік қажеттілікке адамның жеке дара санасы элементтерін жүзеге асыруға талпынысын, әлеуметтік топқа қатысты моральдық ұғымдары мен сезімдерін қалыптасуын айтуға болады. Кез-келген индивит меңгерген қоғамдық мораль элементі тұлғаның рухани-адамгершілік қажеттілігіне әсер етеді.

Жеке тұлғаның санымен белсенді ету және тұрақтандырудың көп қырлы аспектілер тұлғаның адамгершілік тәрбиесінің теориясы мен практикасында маңызға ие болды. Психологиясының тұрақтылығы мінез-құлықтың біртұтастығы, жеке тұлғаның әрекеттерінің жетілуінің алғышарты болып табылады.

Адамгершілік қажеттіліктер моральдық мінез-құлыққа дағдылылар негізінде қалыптасады. Адамның адамгершілік санаға ғана негізделіп қоймайды, жеке тұлғаның психологиялық ерекшеліктерін де негізге алады, оның ішінде руда белсенділік көрсетуге, тұлғалық адамгершілік тазалыққа, адалдық, принципшілдік, жауапкершілік, шыншылдық, гумандық қасиеттерге, қоғам мен ұжым көзқарасын түсіне білу дағдысына, халықтың қолы жеткен жетістіктеріне аялы көзқарасқа терең адамгершілік мәдениетке тәрбиелеу, әр студентте патриоттық және сезімдерді дамыту, болашақ мұғалімде халық алдындағы өзінің парызын сезінуін, жаңа адамда оқыту мен тәрбиелеуде жауапкершілігін қалыптастыру

Болашақ мұғалімде моральдық сананы дамыту күрделі процесс ол кездескен қарама-қарсылықты жоюмен, ана ұрпақталу адамгершілік тәжірибесін меңгеріп, ұнамды адамгершілік дәстүрлі меңгерумен сипатталар.

Студенттерге адамгершілік тәрбие беруде педагогикалық пәндер үрдіс оқыту маңызды. Осы пәндер мазмұны арқылы студенттердің моральдық нормалар бағдарын бекітуге болады.

Студенттерге адамгершілік бағыттағы ағарту шараларын ұйымдастыру, түрлі практикалық іс-әрекеттер бұл мақсатты жүзеге асыруға ықпал етеді. «Адамгершілік қабілеттер» ұғымына жеке тұлғаның биологиялық ерекшеліктеріне тәуелді. Биологиялық ерекшеліктің жеке тұлғаның мінез-құлқына әсерін бағалау индивид психологиясының жүйелі сипатын ескермей мүмкін емес.

Ешқандай адамгершілік сапа индивидтің биологиялық шартты ерекшелігі немесе туа пайда болмайды. Тәрбиеде тәрбиелік ықпал ету объектiсiнiң табиғи ерекшелiктерi мен спецификасын ескеру маңызды, сонымен қатар жеке тұлғаның адамгершілік сансын қалыптастыруға субъектілік ықпал ету маңызды.

Тәрбиелеуде тұлғаның тұрақты психологиялық қасиеттерін ескеру маңызды. Жеке адамның оның дамуының түрлі кезеңдеріне арналған тәрбие шараларының болуы аса маңызды.

Моральдық құбылыстар қоғам дамуының бүкіл тарихында қалыптасып, осы процесте үнемі жіктеліп, өзгеріп, жаңа мазмұнға бөленіп отырады. Моральдық сананың даму заңдылықтары қоғамның әлеуметтік құрылымына байланысты. Жалпы адамзаттың мораль әлеуметтік даму сатысының нақтылы дәрежесінде қоғамға қызмет етеді. Әлеуметтік тұрмыстың туындысы бола тұра мораль осы қоғам құрылымындағы адамдар санасына әсерін тигізеді. Бұл әсер өздігінен бола алмайды. Оны жүзеге асыру үшін әлеуметтік болмыстың әр саласында еңбек ететін немесе тәрбиеленетін адамдар қоғамдық мораль туралы жүйелі білім алулары қажет. Бұл міндет оқу-тәрбие жүйесі арқылы іске асырылады. Жоғарғы оқу орындарында педагогикалық пәндерді оқыту үрдісінде студенттерге рухани-адамгершілік тәрбие беру де жүйелі жоспарлы тәлім бұлағы бола алады. Бұл жағдайда оқытушылар қауымы жетекші орын алады.

Жас ұрпаққа моральдық тәрбие берудің маңыздылығына байланысты болашақ мұғалімдерге кәсіптік мораль туралы білім беру жоғарғы оқу орындарында педагог кадрларды даярлаудағы басты міндеттердің бірі. Осыған орай жалпы білім беретін мектептердегі шешуші, басты тұлға мұғалімнің моральдық даярлығы мен мәдениеті қазіргі кезеңде қандай дәрежеде болу керектігін талдау педагогика ғылымының маңызды міндеттерінің бірі. Бүгінгі студент болашақ мұғалімдердің білімі, кәсіби шеберлігі, жеке бастарының рухани және моральдық бейнесі болашақ ұрпақтардың жан-жақты дамуына тікелей әсер етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қ. Жарықбаев. С. Қалиев «Қазақтың тәлімдік ой-пікірлер антологиясы» А, Рауан, 1994.
2. Духовно-нравственное воспитание основы нравственного студента в условиях учебного процесса вуза. Учебно-методическое пособие. Караганда, 2005. С.114.
3. Проблемы духовно-нравственного воспитания в современном обществе. Международная научная конференция «Наука и образование-ведущий фактор стратегии «Казакстан-2030».-Караганда, 27-29 июля 2006.-С.477-479.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада студенттерге адамгершілік тәрбие беруде, моральдық нормалар бағдарын бекітуде педагогикалық пәндерді оқытудың маңызы қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассмотрена роль педагогических дисциплин в процессе формирования нравственного воспитания студентов.

ӨЗГЕ ТІЛДІ ДӘРІСХАНАЛАРДА ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

Қордабаева А.А.- (Алматы қ.,Қазмемқызпи)

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» деген сөзі, тіліміздің тәуелсіз мемлекет болып қалыптасып, дүниежүзілік қарым-қатынаста өз орнын табуындағы ролін айқындап отыр. Олай болғанда тәуелсіз Қазақстанға тек білімді мамандар ғана емес, елі мен жері үшін тәуекелге бел байлаған имандылық, адамгершілік, парасаттылық жанына ұялаған нағыз патриот

ұрпақ керек. Міне, сондықтан жас ұрпақты рухани адамгершілікке тәрбиелеу, дүние танымының қалыптасуына, әлемдік сапа деңгейіндегі білім, білік негізін меңгеруіне ықпал ететін жаңаша білім мазмұнын құру – жалпы білім беру жүйесіндегі өзекті мәселе. Осы жолда мұғалімдердің инновациялық іс-әрекеттерді меңгеруі, алдарына қойған басты мақсат болмақ.

Инновациялық әдістеме терминін әдіскер-ғалым Қ.Қадашева өз еңбектерінде жаңаша жаңғыртып оқыту әдістемесі деп береді. Сондықтан, инновациялық методика деген терминді жаңаша жаңғыртып оқыту әдістемесі деп атауымызға болады.

Жаңаша жаңғыртып оқыту әдістемесі алғашында оқытудың озық технологиясы деп аталған еді. Жалпы алғанда, оқытудың озық технологиясы мен жаңаша жаңғыртып оқыту әдістемесі бұрыннан қалыптасқан дәстүрлі әдістемелерді өңдеу, жөндеу, талдау арқылы жетілдіру, жаңа нысандарды іздестіру, оларды іске қосу деген түсінікке негізделеді.

Жаңаша жаңғыртып оқыту әдістемесі – қазақ тілін үйренемін деген талапкерлердің дербес белсенділігін, қызығушылығын, тілге деген сұранысын арттыратын, оқыту процесінде пайдаланылатын, үйренушінің сөйлеу әрекетінің түрлерін бірдей меңгеруге бағытталған, тілді білудің нақты нәтижесі болуын көздейтін әдістемелер мен әдіс-тәсілдер жиынтығы.

Жаңаша жаңғыртып оқыту әдістерінің бірі – пікірсайыс (дебат) әдісі. Оқытудың бұл әдісі шығармашылық ойды, студент пен оқытушының арасындағы қарым-қатынасты қалыптастырады. Студенттің белсенді жұмыс жасауына мүмкіндік береді.

Пікірсайыстың тақырыбы алдын-ала беріліп, студенттер сол тақырып көлемінде дайындалады. Басты шарт – тақырып әр түрлі көзқараста пікірталас туғызатындай болуы керек.

Жаңа технология жүйесінде жиі қолданылып жүрген әдістің бірі – *іскерлік ойын*. Іскерлік ойын арқылы студенттер әр түрлі проблемаларды талдайды. Іскерлік ойында да студенттерді топтарға бөліп, олардың қарастыратын проблемалары алдын-ала таныстырылады. Студенттер проблеманы шешудің тиімді жолдарын іздестіреді.

Білім беру жүйесіндегі жаңа ақпараттық технологиялар – бұл оқу үрдісінің тиімділігін арттыруға әсерін тигізетін, оқу пәнінің мазмұнын терең ұғынуға ықпал ететін құралдар мен әдістердің жиынтығы. Жаңа технология – оқыту үрдісін басқаруға жол ашады. Бұл оның дәстүрлі оқыту әдістемесінен мүлде басқа негізгі ерекшеліктерінен көрінеді.

Оқу үрдісіне жаңа ақпараттық технологияны енгізу бұл оқу үрдісінің пәрменділігін арттыруға, сабақ қарқынын жеделдетуде, оқу барысының барлық кезеңдерінде әрбір үйренушінің оқу-танымдық әрекетіне үздіксіз бақылау жасауды қамтамасыз етеді. Кредиттік оқыту жүйесінде жаңа ақпараттық технология мүмкіндіктерінің маңызы өте жоғары.

Кейінгі кезде кең тараған әдістердің бірі бейнежазба арқылы сабақ беру әдісі болып табылады. Бейнежазба арқылы студенттерге қысқа үзінділер көрсетіледі. Жаңа сөздердің аудармасы беріледі. Бейнежазда көрсетілген үзіндідегі сұхбаттың қазақ тіліндегі нұсқасы беріледі де, соңынан осы тақырыптарға байланысты жаттығу жұмыстары жүргізіледі. Бейнекөрініс бойынша студенттер қысқаша түсініктерін айтады.

Бейнекөрініспен жұмыс жасау студенттердің есту мүмкіндігін жетілдіріп қана қоймай, сонымен бірге көзбен байқау қабілетін де дамытады. Студент бейнематериал бойынша жинаған ақпараттарын өмірде қолдана білуге үйренеді, сондай-ақ студент көрсетілген оқиға бойынша өз ойын еркін, жүйелі түрде жеткізуге тырысады, кәсіби сөйлеуге дағдыланады. Жаңа педагогикалық технология студенттердің сабақ барысындағы белсенділігін арттыруға тікелей әсер етеді. Осы тұрғыдан қарағанда

«Интерактивтік әдіс» маңызды орын алады. Бұл әдіспен оқытудың басты мақсаты – студенттерді өз бетінше ой қорытып, жауап табуға үйрету. Яғни, интерактивті тапсырманы орындау, процесті басқару және ойлау тәжірибесін дамыту және сол тәжірибелерді дамытуға бағытталуы болып табылады. Студенттерді сабақ кезінде барынша белсенділік танытуға тарта отырып, олардың сондай белсенділігін арттыруға мүмкіндік жасайтын әдістемелік амалдарды интерактивті деп атайды.

Интерактивті әдіс өзара қарым-қатынастың мол ауқымын қамтиды. Дегенмен, оқытушылардың өзіндік тәжірибелері білім берудің негізгі көзі болып табылады. Интерактивті әдістемені белсенді түрде қолданатын оқытушылар білім беру жүйесі әсіресе қарым-қатынас процесінде сәтті жүреді деп есептейді. Олардың айтуынша, осылайша оқытқан кезде студенттер сабақты жақсы қабылдап, пікірталас кезінде айтылған жайттарды жылдам ұғады. Оның себептері төмендегідей:

- студенттер мағлұмат алып қана қоймайды, өздері айтқан пікірдің дұрыстығына логикалық түсініктеме береді;
- студенттер пікірлерін алдымен терең ойланып барып айтады;
- мәселені талқылаған кезде студенттер өздерінің және өзгелердің тәжірибелерін пайдаланады. Мұндай жалпы білім қоры кез келген студенттің білімінен артық болатындағы белгілі;
- студенттерден жаңа мағлұматтар алу арқылы оқытушы да білімін толықтырады;

Қазіргі кезде жаңаша жаңғыртып оқыту әдістемесінде электронды оқу құралдары арқылы, яғни компьютер арқылы тіл үйрету мәселесі де орын алып келеді. Компьютермен оқыту жаңа прогрессивтік технологиялық құбылысқа жатады. Компьютерлік технологияларды оқу процесінде пайдалану арқылы электронды оқулықтар арқылы тест жүргізу тиімді әдістердің біріне айналып отыр. Компьютерлер іс жүзінде оқытудың көптеген процестерін жылдамдатуға және тиімділігін арттыруға көмектесері сөзсіз.

Бүгінгі таңда мультимедиа (multimedia) технологиясы барынша танымал болуда, кең таралуда. Мультимедиа термині сөзбе-сөз аударғанда ағылшын тілінде «көпше орта» деген ұғымды білдіреді. Мультимедиа технологиясы – нақты бір міндетті шешуге бағытталған бірнеше ақпарат түрлерін біріктіру технологиясы. Мультимедианың басты ерекшеліктері түрлі ақпарат түрлерін интеграциялауға мүмкіндік беруінде, сонымен қатар нақты уақыт аралығында «адам-компьютер» интерактивті қарым-қатынасының жаңа деңгейі ретінде қарастырылады. Мультимедиа әсіресе интерактивті оқыту мотивтерін барынша белсенді етуге ықпал етеді. Жаңа ақпараттық технологияларды қолдануда оқыту үрдісінде қалыптасқан оқу материалын ауызша баяндау (әңгімелесуі, түсіндіру т.б) оқытудың көрнекті және практикалық әдістерін жетілдіруге ықпал етеді. Жаңа білімдерді бекіту әдістері, өздік жұмыс әдістері, оқытудың стандартына сәйкес студенттерді сабақ конспектісін жазуды талап етеді, егер бұл сабақтар электронды вариантта болса, студенттің қажетті материалды қажеттілікке орай бірнеше рет көруіне, уақытын үнедеуіне мүмкіндік береді. Бұл студенттерді қолайлы конспектісімен қамтамасыз етеді, сонымен қатар конспект жазуға мәжбүрлемейді.

Қазіргі таңда кеңінен қолданып жаңа оқыту технологияларының бірі – модульдік оқыту технологиясы. Модульдік оқыту технологиясында оқыту процесін мұқият құра білген жағдайда студенттердің білім сапасын едәуір арттыруға мүмкіндік туғызуға болады. Қазақ тілін модульмен оқытуды – тілді оқытып–үйретуді сапаландырумен байланысқан жалпы әдістеме тобына жататын дидактикадағы жаңа әдістемелік жүйе ретінде тұжырымдауға болады. Осы

тұрғыда, қазақ тілін модульмен оқыту – оқыту теориясының әдістемелік жүйесіне толығымен енеді.

Аталған технологияның жетістіктері мынада:

- топтағы дарынды студенттерді табуға мүмкіндік болады;
- барлығы тапсырманы бір деңгейден бастап орындайды;
- өз бетінше түрлі логикалық тапсырмалар орындау;
- құрастыру арқылы студент бойында ойлау, салыстыру, қорытындылау,

жинақтау сияқты дағдылар қалыптасады.

Ешбір студент бос отырмайды. Шамаларына қарай тапсырмаларды орындап, балл жинауға тырысады.

Оқыту процесінде жаңаша жаңғыртып оқыту әдістемесін пайдалану – бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Олай болса, бұл әдістеме оқытушылардың шығармашылықпен жұмыс істеп, жаңалықтарды дер кезінде қабылдап, өңдеп, оны өз ісінде тиімді қолдана білуін айрықша талап етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақстан. Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. Ана тілі. Астана. 2007жыл. 28 ақпан.
2. Ұлт тағлымы. Ғыл. Пед. басылым. №3. 2007ж. 243-246бб.
3. Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. Егемен Қазақстан 27.06.2006ж.
4. Қ.Қадашева. Жаңаша жаңғыртып оқытудың ғылыми әдістемелік негіздері: өзге тілді дәрісханалардағы қазақ тілі. Пед.ғыл.докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты.; А.; 2001ж.
5. Қ.Қадашева Қазақ тілін оқыту әдістемесі. А.; 2005ж.
6. Дженкинс С. Фаттахова А. Интерактивные методы обучения и управление классом. К.; 2004
7. Самыков В.В. Интерактивные методы обучения демократии. Т.; 2004

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается применение новые технологий в процессе обучения.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада әдістеме ғылымындағы жаңаша оқыту технологиялары қарастырылады.

ОҚУШЫЛАРДЫ ОҚУ ДАҒДЫЛАРЫНА ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Құспанова Ә.Н. – оқытушы (Алматы қаласы, Қазмемқызпи)

Оқудың тәрбиелік және білім беретін маңызы өте зор. Оқу – дүние тану құралының бірі. Оқу балалардың сезімі мен еркін тәрбиелейді. Ол оқушының логикалық ойлауы мен тілін дамытады. Оқу баланы халық ойы, халық тілегі, халық рухымен таныстырады.

Балалар дұрыс түсініп, мәнерлеп шапшаң оқуға дағдылана түскен сайын, оқудың маңызы да арта түседі. Сондықтан оқуға үйрету процесі бір жағынан, білім мен тәрбие

беруге, екінші жағынан, балаларды оқуға машықтандыруға бағытталған күрделі процесс болып саналады.

Оқу-жазуға үйретудің алғашқы кездерінен бастап-ақ балалар түсініп оқитын болуы керек. Түсініп оқу дегеніміз – баланың оқыған әрбір сөзді нақты затпен байланыстыра алуы, оқығанына мағына бере білуі, оқыған сөздерінің бір-бірімен байланысын және өзара қатынасын түсіне білуі болады; сондай-ақ көркем шығармаларды оқығанда, олардан әсер ала білулері болады.

Түсініп оқу оның идеялық бағытымен тығыз байланысты болады. Оқуға үйрету процесінде балаларда бірте-бірте оқығанының мазмұнына дұрыс түсінушілік пайда болады; оқылып отырған шығарманың шын мәнісін мұғалім ашып беріп отырады.

Түсініп оқуды жүзеге асыру үшін, алғашқы кезде балалар жеңіл және өздері түсінетін мәтіндерді оқиды. Мұндай мәтіндердегі сөздер балаларға таныс заттардың, қимыл-әрекеттің аттары болуы керек, ал сөйлем құрылысы жағынан – балалардың әлі жететін болуы керек.

Тұтас мәтінді түсініп оқу үшін оның ішіндегі әрбір жеке-жеке сөзге түсініп қою жеткіліксіз, өйткені бала жеке-жеке сөздің мағынасын түсінгенмен, әңгіменің желісіне, шығарманың негізгі идеясына түсінбей қалуы мүмкін. Түсініп оқу дегеніміз - әрбір сөздің, әрбір сөйлемнің мағынасын түсінумен қатар, сөздердің, сөйлемдердің бір-бірімен байланысына, тұтас шығарманың негізгі мақсатына түсіну деген сөз.

Оқушыны түсініп оқуға төселдірудің бір жолы - алдын-ала дайындық өткізу болады. Мұғалім балаларды оқылатын шығарманың ішінде кездесетін ұғымдармен және әңгіменің ішіндегі оқығаның жағдайымен алдын-ала таныстырады.

Әсіресе, таныс емес шет елдер немесе отанымыздың өткендегі өмірі туралы әңгімелерді оқығанда, алдын-ала әңгімелесудің маңызы өте зор. Бұндай кезде әр түрлі көрнекі құралдар көрсетіледі, көбінесе, мұғалім балаларды қызықтырып әңгіме айтып береді. Мысалы, Д.Дефоның «Робинзон Крузо» әңгімесін оқытудан бұрын, мұғалім бірнеше суреттерді пайдалана отырып, теңіз туралы, теңіз толқынының жағаға соғып жататыны туралы, балалар көрмеген құбылыстар туралы айқын түсінік береді. Осының арқасында әңгіме балаларға түсінікті болады.

Алдын-ала әңгімелесу балалардың өздерінің бұрын көріп-білгендерін еске түсіру мақсатымен жүргізіледі. Әсіресе жыл мезгілдері туралы оқығанда мұғалімнің сұрауларына жауап бере отырып, оқушы табиғат құбылыстарын естеріне түсіреді. Сөйтіп, оқушылар саналы түрде оқуға дайындалады.

Қандай болмасын мақаланы оқыған кезде, сол оқылған мақаланы түсіндіріп отыру керек, бұл – шығарманың жеке-жеке бөлімдерін бір-бірімен байланыстырып, тұтас мазмұнын меңгеруге көмек етеді.

Түсініп оқуды жүзеге асыру үшін шығарманы оқып шыққаннан кейін де бірсыпыра жұмыс істеу керек болады. Бұл жұмыс қорыту әңгіме деп аталады. Қорыту әңгімеден көзделетін мақсат түрліше болады. Қорыту әңгімеде оқылып талданған шығарма түгелінен қорытылады, оның ішінде оқиға, әрекеттерге баға беріледі, шығарманың кейіпкерлеріне балалардың қалай қарайтындығы анықталады, оқылған шығарманы қазіргі шындық өмірмен байланыстырады, яғни шығарманың идеялық мазмұны айқындалады.

Оқудың әр түрі бар: дұрыс оқу, шапшаң оқу, мәнерлеп оқу, іштен оқу.

Дұрыс оқу түсініп оқу шарттарының бірі болып саналады. Дұрыс оқудың негіздері алғашқы оқу-жазуға үйрету процесінде-ақ қалана бастайды. Балаларды буын жігімен оқуға әбден дағдыландыру, оларды сөздердің сыртқы кескінін ғана меңгеріп, мағынасын жаңылыс ұғынуға немесе тіпті түсінбей оқуға әдеттенуден сақтандырады. Мұғалім буын жігімен оқудан сөзді тұтас оқуға тез көшіп кетсе, балалардың оқыған кезде жаңылысып, қателесе беруінің басты себебі осыдан болады. Дұрыс оқуға

дағдыландыру үшін мұғалім балалардың оқығанына ықылас қойып, олардың оқудағы қателерін көрсетіп, түзетіп отыруы керек. Оқушыларды қателеспей дұрыс оқуға үйрету үшін, яғни сөздерді дұрыс оқуы үшін қолданылатын тәсілдердің бірі - қиын-қиын деген сөздерді алдын-ала балаларға талдатып оқытып алу тәсілі болады. Мәтіндегі осындай қиын сөздерді мұғалім күн ілгері тауып алып, әуелі оқушыларға бұл сөздердің мағынасын түсіндіреді, кейін осы сөздерді мәтін ішінде оқиды.

Оқыған кездегі балалардың жіберетін қателерін жөндеу жұмысы сол қателердің түріне байланысты болады.

Оқығанда балалар негізінен мынадай екі түрлі қате жіберулері мүмкін. Сөзді бұзып оқу және оқып отырған сөзге тілі келмеу. Бала сөзді бұзып оқыған кезде, оған сол сөзді қайта дұрыстап оқытқызу керек те, ол сөздің мағынасын түсіндіру керек. Егер оқушы сөзді соған ұқсас басқа сөзге айналдырып оқыған болса, бұлай алмастырып оқуға болмайтындығын, сөздерді алмастырғаннан оқып отырған сөйлемнің (әңгіменің) мағынасы өзгеріп, бұзылып кететіндігін түсіндіріп, қатесін өзіне түзеттіру керек.

Балалар өте жай оқыса, сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді өзара байланыстыра алмай, ақырында, Мәтіннің тұтас мазмұнына түсінбей қалады. Оқу-жазуға үйретудің бірінші кезеңінде – балалар әлі әріптерді нашар айыратын және оларды бір-бірімен қосып оқуы қиын кезде ғана – жай оқыттыру керек. Бірақ барған сайын балалардың оқу шапшаңдығы арта түсіп, бірте-бірте сауатты адамша оқуға жақындауы керек. Дегенмен балаларды шапшаң оқуға дағдыландыра отырып, белгілі шамадан тыс кетпеу керек.

«Оқу шапшаңдығы түсіну шапшаңдығымен қатар дамуы керек». «... Егер баланың түсінуінен гөрі оқуы шапшаңдау болса, ол – баланың түсінбей оқығаны. Баланың түсінуі арта түссе, ол өзінен-өзі-ақ шапшаң оқи бастайды; сондықтан оқытудың алғашқы кезінде шапшаң оқудың қажет жоқ, тіпті ол зиян келтіреді».

Шапшаң оқу дауыс ырғағын келтіріп оқумен тығыз байланысты. Дауыс ырғағын келтірмей шапшаң оқитын болса, керек емес жерге пауза жасап, пауза жасайтын жерді қосып жіберіп, бала мәтінді өзі де, тыңдаушы да түсінбейтіндей етіп оқитын болады. Шапшаң оқу үшін тым асығып оқыған бала дауыс ырғағын келтіріп оқи алмайды. Шапшаң оқуға машықтандырудың ең сенімді жолы – мәтінді қайыра-қайыра оқыту; бірақ балалар мәтіннің мазмұнын ұғынып, оны қайыра қызығып оқытатын болуы шарт. Бұрын оқыған мәтінді қайта оқытқызу үшін сол мәтінге байланысты басқа бір тапсырма берілген болуы керек немесе балалардың өздері қайта оқуға қалап алған мәтін болуы керек. Бір мәтінді қайта оқытқанда балалар ол оқуды құр бекер оқу деп санамай, белгілі бір тапсырмаға қатысы бар оқу деп қарайтын болулары керек. Және сол тапсырманы істеп шығу керек.

Шапшаң оқуға машықтандыру үшін қайыра оқыттыруға ертегілердің мәтіндері өте қолайлы, өйткені ертегілерде бір-біріне ұқсас қайталанып отыратын жерлер көп болады.

Дауыстап оқудың негізгі сапасының бірі – мәнерлеп оқу болады. Мәнерлеп оқу – саналы түрде түсініп оқудың көрінісі. Тек қана жақсы түсінгенді жақсы айтып, оқып беруге болады.

Мәнерлеп оқудың белгілері кәдімгідей еркін оқу болады. Мәнерлеп оқу дегеніміз кәдімгі сөйлегендегідей етіп оқу болады. Оқып отырған мәтінді анық және дұрыс түсінгенде ғана мәнерлеп оқуға болады. Мәнерлеп оқу, бір жағынан, балалардың мәтінді қаншалықты түсінгенін аңғаруға мүмкіндік беретін болса, екінші жағынан, ол мәтіннің мазмұнын жақсырақ меңгеріп алуға бірден-бір құрал болады. Мәнерлеп оқудың тәрбиелік үлкен мәні бар. Ол оқушы мен тыңдаушының арасын байланыстырып, балалардың эмоциялық қабылдауын күшейтеді. Сонымен қатар,

мәнерлеп оқу балалардың сөйлемдегі дауыс ырғағын дұрыстап отыруға себепкер болады, әрі балаларды сөз бен сөйлемдерді дұрыс айтуға үйретеді. Мәнерлеп оқу жұмысы ең алдымен мәтінді саналы түрде түсініп алу жұмысынан басталады.

Оқуға машықтанған сайын, балалар бірте-бірте грамматикалық, логикалық және психологиялық тыныс жасаудың ережелерін, логикалық екпін түсіре оқу және дауыс ырғағына келтіріп оқудың қарапайым ережелерін меңгере бастайды.

Балаларға, әсіресе өлеңді оқығанда, дұрыс кідірістер жасап оқуды үйрету керек. Өлеңнің әрбір жолы аяқталған ритмикалық тұтас бірлік болғандықтан, ешбір тыныс белгісі тұрмаса да, мағына жағынан пауза жасайтын жер болмаса да, әр жолды кідіріп-кідіріп оқу керек.

Балаларды оқып отырған шығарманың мазмұнына қарай дауыс ырғағын дұрыс келтіріп оқуға үйретудің маңызы бар. Ол үшін мұғалім оқып отырған шығармадан жеке сөйлемдер не бір үзінді алып, оның мағынасына қарай қандай дауыс ырғағымен оқылатындығына балалардың көңілін аударуы керек. Жалпы оқуға үйретуде, оның ішінде мәнерлеп оқуға үйретуде мұғалімнің оқуына еліктеудің зор маңызы бар. Бірақ егер мұғалім балаларды мәнерлеп оқуға үйреткенде құр дауысқа қарап үйретсе, үлкен қателік жасайды. Мұғалімнің құр дауысына қарап оқу саналы түрде түсініп оқу болмайды. Мәнерлеп оқуға үйретудің негізгі шарты мәтіннің мазмұнын талдау болып табылады. Сондықтан балалар әуелі мұғалімнің көмегімен, кейіннен өздері-ақ оқып отырған шығарманың мазмұнына қарап, дауыс ырғағын дұрыс келтіріп, логикалық екпінді дұрыс түсіріп, керекті жеріне дұрыс кідіріп оқуға үйренулері керек.

Оқуға төселдірудің түпкі мақсаты – оқушылардың түсініп, іштерінен оқып алуы болып табылады. Балалар бұған оқып-жазуға үйрене бастағаннан-ақ бірте-бірте дағдылана береді.

Оқуға төселдірудің алғашқы кезіндегі негізі дауыстап оқуға үйрету болады. Оқушылар дұрыс, бір қалыпты буындап оқып төселгеннен кейін ғана ақырын іштен оқуға, яғни көзімен оқуға үйрене бастайды. Бұлайша оқудың техникасын балалар бірден біле қоймайды. Ол үшін мұғалім балалардың бірте-бірте сыбырлап оқудан ерінді ғана жыбырлатып дыбыссыз оқуға, ақырында, көзді ғана жүгіртіп, нағыз іштен оқуға көшуін ұзақ уақыт қадағалап отыруы керек. Бұлайша оқығанда, балалардың қаншалықты түсінгендігін оларға тапсырма беріп, соның орындалуына қарай байқауға болады. Балаларды іштен оқуға үйреткен кезде, оқыған шығармасына байланысты тапсырма беріп отыру керек.

Мұғалім тапсырманың орындалуын тексере отырып, балаларды оқыған мәтіннің мазмұнын қаншалықты түсінгенін тексереді. Сонымен қатар, балалар мұғалімнің тапсырмасы бойынша іштерінен оқып отырған кезде, олар оқып отырған шығармасының түрлі жағына ой жүгіртеді, сөйтіп, саналы түрде түсініп оқуға машықтанады.

Іштен оқу тұсында берілетін тапсырмалар шығарманың қалайша оқылып отырғанына қарай түрліше болуы мүмкін.

Балалар түсіне алатын шығармаларды оқыған кезде, мұғалім балалардың көңілін негізінен оқып отырған шығарманың тұтас алғандағы мазмұнына аударады. Ол үшін сұрақтар қойылады, балалар оған шығарманы оқып шыққаннан кейін жауап қайтарады.

Іштен оқуға машықтандыра түсу үшін үйде іштен оқуға тапсырма беруді көбірек қолдану керек. Балалар оқу сабағына дайындалған кезде, мұғалімнің басшылығымен бірнеше тәсілдерді меңгереді. Мысалы, оқуға берілген тапсырманы орындап отырған кезде, мәтіннің кейбір жерлерін оқушылардың іштен де, дауыстап та бірнеше рет оқып шығулары, өздері сұрақтар қойып, оларға жауап берулері, мәтіннің ішіндегі ең негізгісі, ең қызығы қай жері екендігін ойлаулары, берілген мәтінді қайта-қайта

бірнеше рет оқып шығулары өте пайдалы. Оқушылар мәтінді сөйлем жігімен, ал қиын деген сөздерді буынға бөліп оқуға үйренсін.

Мұғалім тапсырма берген кезде, әрдайым қалай оқу керектігін, дауыстап па, не іштен бе, көрсетіп беріп отырады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Р.Сыздықова, Т.Қордабаев. Оқыту методикасының негізгі мәселелері// Алматы, 1980.
2. Аткинсон Р. Человеческая память и процесс обучения // Москва, Прогресс, 1980 ж.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада оқушыларды оқу дағдыларына үйрету әдістемесінің түрлері қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются виды методики обучения навыкам учения учащихся.

КРЕДИТТІК ОҚУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕН

Майғаранова Ш.М. п.ғ.к., доцент,
Қожахметова К.Ж. п.ғ.д., профессор (Алматы, Қазмемқызпи)

Біздің еліміз халықаралық білім кеңістігімен кірігу мақсатында білім саласына күрделі өзгерістер енгізуде. Сондықтан, қоғам жоғары оқу орнында оқып жатқан болашақ ұстаздарды педагогикалық қызметке дайындаудың сапасын арттыруды талап етеді.

Педагогикалық қызмет - педагогикалық іс-әрекеттің ең күрделі жүйесі. Ол жастарды саналы түрде өмірге дайындауға, адамгершілік, экономикалық, саяси, эстетикалық мақсаттарды іске асыруға бағытталған оқытушылардың ерекше қоғамдық пайдалы әрекетінен тұрады.

Педагогикалық қызметті іске асыратын негізгі тетіктер алуан түрлі. Мәселен, педагогикалық үрдісті басқару – педагогикалық қызметті тиімді ұйымдастыру, жүргізу және бақылау. Тәрбиелеу арқылы қоғамдағы өмір мен айналадағы шындыққа тұрақты көзқарас қалыптастыру. Оқыту – қазіргі заманғы өмір мен іс-әрекетке қажетті білім, білік, дағдыларын қалыптастыру. Дамыту – адамдардың өмірі мен іс-әрекетіне қажетті ақыл-ойы мен тәндік қызметін жетілдіру үдерісі. Психологиялық дайындық - өмірде кездесетін қиындықтарды жеңуге іштей дайын болу үдерісін қалыптастыру.

Педагогикалық қызметтің алғашқы құрамды бөлігі жобалау, ол нақты мақсат пен міндеттер қою арқылы адамдардың бойында белгілі сапалық қасиеттер қалыптастырады. Ұйымдастырушылық қызмет – педагогикалық қызметтің бағытын анықтап, оны ұйымдастыру арқылы тиімді нәтижеге қол жеткізеді. Оқу үдерісіндегі танымдық қызмет – педагогикалық қызметтің субъектісі мен объектісінің өнімді зияттық-танымдық белсенділігін қамтамасыз етеді. Коммуникативтік қызмет - педагогикалық қызмет барысындағы объект пен субъектілер арасындағы қарым-қатынас пен әрекеттесуді мұқият ұйымдастырады. Зерттеушілік қызмет – педагогикалық қызмет үрдісін зерттеп жетілдіреді.

Сонымен, кәсіби дайындықтың негізгі міндеттерінің бірі – педагогикалық қызметті меңгеру үшін үнемі білімін үзіліссіз жетілдіру арқылы сапалы білім беруді қамтамасыз ету.

Педагогикалық қызметті жүзеге асырудың жаңа формасы, кредиттік оқыту жүйесі, жоғары оқу орындарында ұйымдастырылып жүргізілуде.

Кредиттік оқыту жүйесінің мақсаты – ұлттық білім бағдарламасының халықаралық дәрежеде танылуын қамтамасыз ету. Басты міндеттерінің бірі - білім сапасын әлемдік деңгейге көтеру, ол үшін студенттердің өз іс-әрекетін ұйымдастыра білу және білімін жетілдіру қабылеттерін дамыту.

Кредиттік оқыту жүйесі оқу үрдісінде студент пен оқытушы арасында жаңа байланыс қалыптастырып, студенттің әр оқу пәні бойынша жеке дайындығына көп уақыт бөліп, оқу үдерісіне белсенді түрде қатысуын талап етеді. Оқытушы студенттерге қажетті оқу материалдарын іздеп тауып, оны саралап іс жүзінде пайдалана білуге бағыттаушы маман ретінде оқу үдерісін басқарады. Сондықтан кредиттік оқыту формасы оқытушылардан оқу пәнін жүргізуге деген жауапкершіліктері мен біліктіліктерін арттыруды, шығармашылықпен жұмыс жасай білуін және педагогикалық қызметті сапалы атқаруды талап етеді.

Кредиттік оқу жүйесін тиімді ұйымдастыру үшін педагогикалық үдерісті оқу-әдістемелік кешенмен қамтамасыз ету керек.

Оқу-әдістемелік кешеннің құрамды бөліктері:

- студенттің жеке оқу жоспары, кредит саны көрсетілген әр пән бойынша оқу бағдарламасы, оқытушыларға арналған бағдарлама, студентке арналған оқу бағдарламасы (силлабус), әр пән бойынша аудиториялық жұмысқа арналған дәрістердің тезисі, семинар және практикалық сабақтардың оқу жоспары, үлестірмелі материалдар мен аудиториялық сабақта көрсетілетін мультимедия;

- студенттердің өзіндік жұмысына арналған материалдар: үй тапсырмалары, әр пән бойынша өз білімін қадағалау материалдары, рефераттар мен курстық жұмыстардың тақырыптары, кітапханадағы электрондық материалдар, студенттердің білімін тексеруге арналған электрондық тесттер, емтихан билеттері;

- практика өткізуге арналған материалдар: жоспар, бағдарлама, практика есебі.

Сонымен, оқу-әдістемелік кешен - дидактикалық-әдістемелік құралдардың жиынтығы, оның негізіне алынатын оқулық, студенттің танымдық қызметін басқаратын біртұтас әдістемелік жүйені қамтамасыз етеді.

Оқу-әдістемелік кешеннің атқаратын қызметі:

- білім мазмұнының сапасын қамтамасыз ету;
- әдістемелік жүйе ретінде біртұтас білім беру;
- оқыту үрдісінің психологиялық заңдылықтарына орай, оқыту формасы мен әдістерін, оқу қызметін ұйымдастыру;
- оқыту құралы ретінде оған қатысатын субъектілердің өзара әрекеттесуін іске асыру.

Жоғарыда аталған қызметіне байланысты оқу-әдістемелік кешеннің белгілеріне педагогикалық жүйенің ақпараттық моделі, оқытудың дидактикалық жүйесі - өздігінен оқу және оқу құралдарының өзара байланысы жатады.

Оқу-әдістемелік кешеннің мазмұны мен құрылымы студенттердің психологиялық және педагогикалық танымдық іс-әрекет тұжырымдамасына негізделіп, оқытудың әдістемелік жүйесінің ерекшеліктеріне байланысты жүзеге асырылады.

Оқу-әдістемелік кешеннің элементтері:

- оқыту мазмұнына қатысты материалдар, курстың көлемі, оны оқыту тәртібі мен оқытуды анықтайтын бағдарлама мен жалпы әдістемелер, т.б.;

- оқу курсы сипаттайтын материалдар, оларды бекіту және бақылау. Өзінің атқаратын қызметіне және стратегиялық бағытына сәйкес әлеуметтік-педагогикалық мақсаттарды шешетін материалдарды қарастыру:

- оқу-нормативтік қызметі: ақпараттық, қадағалау, бейнелеу, моделдеу, бағдарлаушы;

- жоғары білім берудің базалық деңгейінің қызметі: бекіту, өз білімін қадағалау, мотивтік, ақпараттық, дамыта-тәрбиелеуші, жүйелеуші (сөздіктер, анықтамалар, білімді есепке алатын құралдар);

- студенттердің қабілеті мен қызығушылығын арттыратын ақпараттық, мотивациялық қызметке бағыттайтын қосымша практикалық курстар;

- педагогикалық үдерісті техникалық жағынан қамтамасыз ету (мультимедия, моделдер, видеотехника, т.б.);

- оқытушыларға қажетті оқу-әдістемелік құралдар.

Әдістемелік тұрғыдан оқытудың негізгі элементі: пәндік білімнің логикалық құрылымынан, оқыту технологиясынан, әдістемелік нұсқаудан тұрады (мақсат, мазмұн, оқытушы мен студенттің іс-әрекеті, оқыту құралдары мен техникалық жабдықтар).

Оқу-әдістемелік кешеннің құрамды бөліктерінің бірі – бағдарлама. Оқу бағдарламасы әр пән бойынша игеруге қажетті мазмұн мен білім, білік, дағды көлемін, оқыту бөлімдерін анықтайтын құжат. Бағдарлама белгілі дидактикалық талаптарға сай құрылады. Сонымен қатар бағдарлама оқытушы мен студенттің іс-әрекетін үйлестіретін және оқу-әдістемелік құралдар даярлауда міндетті түрде басшылыққа алынатын нормативтік құжат болып саналады.

Бағдарламаға қойылатын жалпы талаптар: толықтық, нақтылық және оны іске асыру үдерісін белгілеу. Толықтық қойылған мақсатқа сай білім беру мазмұнындағы элементтерді тұлғаны дамытуға, зияттық дамуын қамтамасыз етуге, алған білімін жаңа жағдайда пайдалана білуге және өздігінен білім алу ізденісін арттырумен сипатталады. Нақтылық барлық элементтер туралы түсінігі, оның белгілері, сипаттамасы, байланысы оқу үдерісіндегі мазмұнды жүзеге асыруды түсіндіретін инструментаридің қызметін атқарады. Бағдарламаны іске асыру үдерісі білім беру мазмұнын оқу үрдісімен бірлікте қарастырады: барлық элементтердің бірізділігі мен байланысын, оқыту мақсатының соңғы нәтижесіне жету кезеңдерін, оқыту әдістері мен ұйымдастыру формалары мен құралдарын ашып көрсетеді.

Бағдарлама түсінік хаттан, мазмұннан, нормативтерден және ақпараттық-әдістемелік бөліктерден тұрады.

Оқу-әдістемелік кешен дайындауда педагогикалық үдерістің негізгі құрамды бөліктері: мақсаттылық, мазмұндық, операциялық-іс-әрекеттік, аналитикалық-нәтижелік тұрғысынан сипатталады.

Мақсаттылық құрылым тәрбиелеудің, оқытудың, білім берудің мақсатын анықтауды қажет етеді. Бұл мақсаттарды анықтау үшін студенттердің қызығушылығын және жоғары оқу орнына қойылатын қоғамның даму бағыты мен талаптарын ескеру қажет.

Мазмұндық құрылым студенттерді тәрбиелеудің, оқытудың, білім берудің бағытын біртұтас қарастырады.

Білім мазмұны белгіленген мақсат пен міндеттерді және әлеуметтік орта қатынастарындағы әлеуметтік рөлдерді атқаруға адамның даяр болуын қамтамасыз етуді білдіреді. Тұлғаның дамуына, адам бойындағы кісілік қасиеттер арқылы адамдармен, қоғаммен, мемлекетпен және біртұтас әлеммен қарым-қатынас орната білу негіздерін қалыптастыруға бағыттайды.

Операциялық – іс-әрекеттік құрылым педагог қолданатын педагогикалық

құралдар кешенімен және қойылған мақсатқа сай тәрбиелеу, оқыту, білім беруді білдіреді.

Педагогикалық үдерістің үнемі қозғалыста болып, өзгеріске ұшырайтыны белгілі. Педагогикалық үдеріс субъектілердің өзара әрекеттесуінің дамуын білдіреді.

Аналитикалық-нәтижелік құрылым – педагогикалық үдерістің тиімділігі субъектінің білімі мен жалпы мәдени даму деңгейінде көрінеді. Педагогикалық үдерістің нәтижесін талдау, он есепке алу мен бағалау жүргізіледі.

Кредиттік оқыту жүйесі оқытудың жаңа формаларын, соның ішінде оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін студенттің өзіндік жұмысын ұсынады. Оқытушының жетекшілігімен студенттің өзіндік жұмысы аудиториядан тыс уақытта оқытушымен тікелей байланыста орындалып, сабақ кестесінде көрсетіледі. Студенттің өзіндік жұмысы студенттің жеке оқу жоспарында апталық жүктемесіне кіреді және сабақ кестесінде көрсетіледі.

Оқытушының жетекшілігімен студенттің өзіндік жұмысының басты мақсаты - әрбір студенттің өзіндік жұмысына мониторинг жасап, оны түзетіп отыру. Оқытушы студенттің өзіндік жұмысына жеке және топтық консультация жүргізеді. Интерактивті түрде семинар және практикалық сабақтар өткізу, үй тапсырмасының орындалуына бақылау жасау, білім деңгейінің сапасын ағымдық және аралық бақылаулар түрінде жүргізеді. Сонымен бірге, дәріс сабағында толық ашылмаған проблемалық мәселелер мен күрделі материалдарды талдауға мүмкіндік береді.

Студенттің өзіндік жұмысы білім стандарты бойынша оқылатын пәндер арқылы білімін толықтыру мақсатында жүргізілетін оқудың ерекше түрі. Студенттің өзіндік жұмысы белгілі ғылым саласынан терең теориялық білімді игертуге, оның танымдық қабілеттерін дамытуда, шығармашылық белсенділігін қалыптастыруда, зерттеушілік дағдыны игертуде маңызды рөл атқарады. Студенттің өзіндік жұмысы дәріс сабақтарындағы материалдарды белсенді қабылдауға; оқулық, оқу-әдістемелік әдебиеттерді өздігінен пайдалана біуге, оқу барысында кездескен күрделі тақырыптар бойынша пікірлесуге; оқу материалдарын игеру және тапсырмаларды орындауда кездескен күрделі сұрақтарды түсінуге еңбектеніп, оған лайықты ізденіске түсуге, өзіне қажет сұрақтар бойынша консультация жүргізуді сұрау тәрізді жұмыстар ретінен тұрады.

Шетел тілін үйренуде Интернет жүйесін қолдау көптеген мүмкіндіктер береді. Нақтырақ айтқанда сайт мекен жайлары арқылы кез-келген тиісті тақырыпты таңдап алуға болады. Мысалы, Интернетте «Шағын мәтіндер. Шығармалар. Өлеңдер. Диалогтар. Әлемтану. Сөздіктер. Менің елім т.б» бөлімдері бар. Міне осы секілді ауқымды мәліметтерді алу арқылы студент оқу әрекетінде, сөздікпен жұмыстар жасауға, емтиханға дайындалуда жұмыс істеу дағдылар қалыптасады.

Сондай-ақ, оқытушылар тілді меңгертуде Интернет жүйесін пайдалана отырып, әлемдегі оқыту программаларын бақылай отырып, оларды өз пәндерінде пайдалануға мүмкіндіктер алады.

Жалпы қорыта айтқанда оқыту үрдісінде сонымен қатар шетел тілі пәндерін жүргізгенде білім саласында Интернет жүйесін пайдалану студенттердің сапасы нәтижелерге жетуге көптеген мүмкіндіктер берері сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Баймұхамедова С. Жаңа ақпараттық технологиялар. Оқу құралы. Алматы, 2003ж.
2. Ботағариева Г. Интернетті пайдаланудың маңызы // Қазақстан мектебі 2007 №7/8
3. Кусаинова Л.К. Интернет в учебном процессе // Білім кілті 2006 №3
4. Байгушева К. Интернет – технологии в образовании шаги навстречу // Высшая школа Казахстана 2002. № 4
5. Әбішева Л. П., Исатаева Ұ.Б. Интернет жүйесін білім саласында қолданудың маңызы. Шымкент. 2003.ж

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада жоғары оқу орындарында шетел тілін оқытуда интернет мүмкіндіктерін пайдаланудың педагогикалық негіздері қарастырылған

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются педагогические основы интернет возможности при изучения иностранного языка

ФРАНЦИЯДАҒЫ БІЛІМ ЖҮЙЕСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Утеева К. Ж. – оқытушы (Алматы қ., Қазмемқызпи)

Жалпы білім беру жүйесі үш сатыдан тұрады: а) бастауыш сынып (5жыл); б) колледж (4 жыл); в) лицей (3жыл). Бастапқы екі саты, яғни бастауыш сынып пен колледж бәріне бірдей міндетті (9 жыл). Бастауыш мектептің ролі 20ғ. басында жоғары деңгейде болды. Себебі, халық арасында сауатсыздар саны азая түсті. Бұнда білім алу міндетті және ақысыз. Бастауыш сынып 2 циклдан тұрады: 1) фундаментальды оқыту; 2) тереңдетіп оқыту. Аптасына 5 күн оқиды. Әр сыныпта 22-24 бала болады. Емтихандар жоқ. Сабақ аптасына 26 сағат болады. Оқылатын пәндер үш топқа бөлінеді: 1-топқа: француз тілі, тарих, география, азаматтану, шаммамен оқыту мерзімі 40 пайыз; 2-топқа математика, жаратылыстану, технология 35 пайыз.; 3-топқа дене тәрбиесі, бейнелеу музыка 25 пайыз. 80ж басында бастауыш сыныпта шет тілін оқытуға эксперимент жүргізіледі.

Бастауыш сыныпты бітірген 11-12 жасар бала колледжге түсе алады. Бастауыш сыныпты бітірген барлық бала толық емес орта мектепке яғни 4 жылдық колледжге өтеді. Колледждің негізгі міндеті базалық тұрғыдан жалпы білімге дайындау мен мамандық бойынша білім беру. Колледж негізінен мектеп сияқты ұйымдастырылған, бірақ онда полупансион және кейде интернат деп бөлінуі кездеседі. Полупансионда балалар түс мезгілінде түскі тамақ ішеді. Ал, интернатта оқыса, апта бойы колледжде болып, тек аптаның соңында ғана үйлеріне барады. Колледжде білім 2 циклден тұрады, аралары 2 жыл: 6-5 сынып; бақылау немесе обзорный цикл; 4-3 сынып бағыт көрсету. Обзорный циклда бастауыш білімді толықтырылап, орта білімнің алғашқы сатысын бастайды. Бұл цикл оқушылардың бәріне ортақ. Ал цикл ориентации 2 бағыттан тұрады: 1) білімдік дайындық сыныптары, 2) технологиялық дайындық сыныптары. Колледжді бітірушілерге бітірді деген куәлік тапсырылады. Оқушылар үш пән

бойынша яғни француз тілінен, математикадан, тарих пен географиядан жазбаша емтихан тапсырады. Лицей толық орта білім (3 жыл). Лицейде жалпы және технологиялық білім тереңдетіліп өтіледі. 2-класта (10 сыныпта) өтілетін сабақтар: міндетті пәндер: француз тілі, математика, шет тілі, тарих-география, физика-математика, биология-геология, дене тәрбиесі аптасында 23,5 сағат. Факультатив пәндер (3сағат). Бұл екі топқа бөлінеді:

1) экономика және социологиятану, екінші шет тілі, эстетикалық циклдегі пәндер, арнайы спорт түріне дайындау;

2) лабораториялық технология. Бір факультативті таңдау міндетті.

Бірінші, бітіруші сыныптар арнайы секциялардан тұрады: А секция. Бұл іштей секцияларға бөлінеді. А1-гуманитарлық математика; А2 - шет және ежелгі тілдер; А3 - гуманитарлық өнер; В секциясы; С секциясы;

20ғ. 60ж. дейін Франция бірінші орында гуманитарлық пәндер болды: әсіресе көне тілдерді оқыту болатын. Ал қазір бірінші орында математика жетік дамыған С секциясы болды. Яғни түлектер жалпы бакалавр дәрежесіне немесе технологиялық бәлім алу үшін емтихан тапсырады. Лицейді бакалавр дипломымен жақсы бітірген талапкер университетке емтихансыз түсуіне құқылы. Емтихандар арнайы бекітілген мемлекеттік комиссия алады.

Франция немесе ресми түрде Француз Республикасы – Еуропадағы ең байырғы мемлекеттердің бірі. Ол тарихи ескерткіштердің, түрлі мәдениет және өркениеттің нағыз шоғырланған жері. Францияның көркемсурет өнері, әдебиеті мен сан қилы музыка мәдениеті әлемде кеңінен танымал. Франция – оқушылар мен студенттер елі.

Мұндағы оқушылар мен студенттердің саны 15 миллионнан асып, жалпы елдегі халық санының төрттен бірін құрап отыр. Оның 13 миллионы мектеп жасындағылар.

Қазіргі Француздық оқыту жүйесі соңғы екі жүз жыл бойына қалыптасып келді. Бүгінде ол әлемдегі ең алдыңғы қатарлы оқыту жүйелерінің бірі болып саналады. Бұл елдегі жүйенің бір ерекшелігі: астанасы мен шет аймақтарындағы білім беру сапасының бірдей болуында. Елде 7000 колледж, 2600 лицей бар. Жыл сайын білім беру саласына мемлекеттік бюджеттің 30%-ы жұмсалады.

Бастауыш білім беру Францияда міндетті және ақысыз. Көпшілік балалар 2-3 жастан бастап «аналық мектепке» (ecoles maternelles) барады. Онда мұғалімдер және психологтар 3-4 жыл оларды мектепке дайындайды.

Мектепте оқу 1967 жылдан бастап 6 жастан 16 жастағы дейінгілерге міндетті болып енгізілді. Францияның мектептік білім жүйесі ресейлік жүйеден артықшылығы – үш блокқа бөлінуінде. Алдымен балалар дайындық курсы қосқанда, 5 жыл бастауыш сыныпта оқиды, колледждерде оқу 4 жылға созылады, ал лицейлерде бұл мерзім 2-3 жыл. Бастапқы екеуі, яғни, бастауыш сынып пен колледжде оқу – міндетті болып келеді. Одан кейін орта білім алу үшін 11 жас пен 15 жастағылар төрт жыл (6-сыныптан 3-сыныпқа дейін) колледжде оқиды. 1975 жылдан бастап бұл колледждер бірыңғай колледж деп аталады, 3-сыныптан кейін оқушылар таңдауы бйынша, жалпы (филология, экономика, жаратылыстану ғылымдары); кәсіби; технологиялық (медицина, социология, ғылыми және өндірістік технология) лицейлердің біріне түсуге дайындалады. Жалпы білім беретін лицейлерде оқу мерзімі үш жыл, мұны бітіргендерге университеттерге оқуға түсуге жол ашылмақ.

Лицей – орта білімді аяқтаушы жүйе және сонымен қатар жоғарғы білімге жетелеуші орда. Лицейде өз дәрежесінде білім алып, сынақтарды оқушылар 18 жасында тапсырады. Францияның университеттеріне, институттарына түсу үшін, миткердің бакалавр дипломы болуы міндетті. 1808 жылдан бастап, бакалавр дипломы

ұлттық нышан тәрізді, ол ойдағыдай орта білім алғаны туралы куәләндіреді, жоғары оқу орнына түсуге жол ашады. Франциялық лицейдің ресейлік орта мектептен екі айырмашылығы бар: біріншіден, бұл бағытта мамандық таңдау ерте басталады, екіншіден, орта білім туралы аттестатты барлық лицей оқушыларына берілмейді, тек жақсы оқыған оқушылары, яғни 80 пайызы ғана ала алады. Сонымен қатар, Францияның өзінде мекен етпейтін шет ел балаларын да тек жеке меншік оқу орындарына ғана емес, мемлекеттік білім орындарына да оқуға түсуіне қолайлы жағдайлар жасалған.

Оқушылардың бағыт-бағдар таңдап алуы (екінші жылға қалдыру, келесі сыныпқа көшу, білім алудың басқа бағыты) екі жақтың: сол оқу орындарының өкілдері (оқытушылар, әкімшілік) және ата-анасы мен оқушы арасындағы әңгімеден кейін болады. Оқу орындарында дұрыс бағытты таңдауға көмектесетін арнайы кеңесшілер болады. Францияда колледжді бітірушілер сыныбы – 3-сынып мамандық таңдаудың ең маңызды, алғашқы баспалдағы болып саналады.

Францияның жоғары білім беру жүйесі бойынша, білім алудың 2 түрі ұсынылады: қысқа (les formations courtes) және ұзақ (les formations londes). Оқудың қысқа түрі көбінесе 2 жылды қамтиды және өндіріс, қызмет көрсету, коммерция салалары секілді практикалық тәжірибелермен байланысты. Бұл түрдегі білім беру жүйесіне мына оқу орындары жатады: Les Instituts universitaires de technologie (IUT), Les sections de techniciens superieurs (STS)

Сонымен қатар екі жыл оқыған соң, студенттерге тиісті дипломдарын береді, кәсіптік өмірге бейімделуге мүмкіншілік жасайды және де ең бастысы, жоғары білім беру мектептері өнермен, коммерциямен, денсаулық сақтау ісімен байланысты болады.

Бүгінгі күнде Францияның білім беру жүйесі одан әрі дамуда. Егер 1980 жылы студенттер саны 1,2 миллион адам болса, 2001 жылы ол 2 миллион адамға өсті.

Франция жеріндегі әрбір оныншы жоғары білім алатын студент – шет елдік болып келеді.

Қазірде Францияда оқушылардың басым бөлігі Ұлттық білім министрлігінің қарауындағы мектептерде білім алады. Ал мектеп жасындағы 100 мыңдай бала ақыл-есі немесе денсаулығындағы басқа бір оқуға байланысты Денсаулық министрлігіне қарасты мектептерде оқиды. 200 мыңдай оқушы ауыл шаруашылығына бейімделген мектептерде оқып, кәсіби немесе техникалық дайындықтан өтеді.

Ұлттық білім министрлігіне қарасты мектептердің мемлекеттікте , жеке меншік те болуы мүмкін. Жеке меншік мектептердің бастысын католиктік оқу орындары құрайды.

Франция немесе ресми түрде Француз Республикасы – Еуропадағы ең байырғы мемлекеттердің бірі. Франция – оқушылар мен студенттер елі.

Мұндағы оқушылар мен студенттердің саны 15 миллионнан асып, жалпы елдегі халық санының төрттен бірін құрап отыр.

Бастауыш білім беру Францияда міндетті және ақысыз. Көпшілік балалар 2-3 жастан бастап «аналық мектепке» барады. Онда мұғалімдер және психологтар 3-4 жыл оларды мектепке дайындайды.

Мектепте оқу 1967 жылдан бастап 6 жастан 16 жастағы дейінгілерге міндетті болып енгізілді. Францияның мектептік білім жүйесі ресейлік жүйеден артықшылығы – үш блокқа бөлінуінде. Алдымен балалар дайындық курсын қосқанда, 5 жыл бастауыш сыныпта оқиды, колледждерде оқу 4 жылға созылады, ал лицейлерде бұл мерзім 2-3 жыл. Бастапқы екеуі міндетті болып келеді. Одан кейін орта білім алу үшін 11 жас пен 15 жастағылар төрт жыл (6-сыныптан 3-сыныпқа дейін) колледжде оқиды. 1975 жылдан бастап бұл колледждер бірыңғай колледж деп аталады, 3-сыныптан кейін

оқушылар таңдауы бойынша, жалпы, кәсіби, технологиялық лицейлердің біріне түсуге дайындалады. Жалпы білім беретін лицейлерде оқу мерзімі үш жыл, мұны бітіргендерге университеттерге оқуға түсуге жол ашылмақ.

Оқушылардың бағыт-бағдар таңдап алуы екі жақтың: сол оқу орындарының өкілдері және ата-анасы мен оқушы арасындағы әңгімеден кейін болады. Оқу орындарында дұрыс бағытты таңдауға көмектесетін арнайы кеңесшілер болады. Францияда колледжді бітірушілер сыныбы – 3-сынып мамандық таңдаудың ең маңызды, алғашқы баспалдағы болып саналады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Энциклопедия стран мира. – М., Экономика. 2004 ж
2. Методика обучения иностранному языку. 2007 жыл, сәуір
3. Лысова Е.Б. Франция Национальный институт педагогических исследований // Педагогика. -2001 №10
4. Лысова Е.Б. Стандарт по-французски // Педагогический калейдоскоп - 1998-11-17марта

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада Францияның жалпы білім беру жүйесіне сипаттама беріліп, ерекшеліктері қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье дана характеристика системы общего образования Франции и рассмотрены ее особенности.

КРЕДИТ ТЕХНОЛОГИЯСЫ НЕГІЗІНДЕ ОҚЫТУДАҒЫ САБАҚТЫ ЖОБАЛАУ МӘСЕЛЕСІ

Халитова И.Р. – п.ғ.д., профессор (Алматы қ., Қазмемкызпи).

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңында «кредиттік технология – білім алушының және оқытушының оқу жұмысының көлемін өлшеудің сәйкестендірілген бірлігі ретінде кредитті пайдалана отырып, білім алушылардың пәндерді оқып зерделеу дәйектілігін таңдау және дербес жоспарлау негізінде оқыту» талабын қоюмен бірге «жеке адамның білімдарлығын ынталандыру және дарындылығын дамыту» ұстанымы қарастырылған.

Кредит жүйесінің оқу үрдісіне енуімен қатар оқытудың жаңа технологиялары да білім беру үрдісіне дендеп орнығып келеді. Өйткені кредит жүйесінің талаптарына жауап беру, жаңғыру үстіндегі қоғам талаптарын қанағаттандыру- осы қоғамда өмір сүріп қызмет ететін, талапқа сай білім, білігі бар кадрлар даярлау, жоғарғы оқу орындары студенттері мен мектеп оқушыларына білім беру мазмұны, сипаты мен технологиясын жаңғырту қажеттігін туындатты. Білім субъектілері- мектеп, орта және жоғарғы оқу орындарының арасындағы тығыз байланыстар дидактикалық технология негіздерін бүгінгі студент болашақ ұстаздың да жете меңгеруі керек екендігін көрсетеді.

Оқытудың кредит жүйесіне көшуі оны ұйымдастыру мәселесіне де жаңаша жуықтауды талап етеді. Осыған орай бірқатар М.В.Буланова-Топоркова, А.А.Вербицкий сынды т.б. ресейлік ғалымдар сабақты бұрынғыдай жоспарлау емес

жобалауды бүгінгі күн талабы ретінде қарастыра келіп оның ішкі тетіктерін анықтауға ұмтылыс жасаған. Ал біздің пікіріміз бойынша осындай жобаланған сабақ оқытушының шығармашылық ізденістері мен өз мүмкіндіктерін кең пайдалануына мүмкіндік береді.

Белгілі болғандай қазіргі уезде «оқыту технологиясы», «дидактикалық технология» деген ұғымдардың мазмұны дәстүрлі әдістерді жоққа шығармайды, керісінше соларды қамтиды. Бірақ оларды пайдаланудың жаңаша сипатын, нұсқасын табу оқытушының білім, білігі мен шығармашылық дағдылары мен әлуетіне байланысты. Педагогикалық жобалаудың туындауы оқытудың жаңа технологиясын оқу үрдісіне ендіруімен тығыз байланысты. Өйткені қазіргі кезде оқыту әдіс, тәсілдері ұғымынан кең ауқымды қамтитын «оқыту технологиясы» деген ұғым ендірілуде.

Кезкелген оқытудың әдіс, тәсіл, амал, жолдарын технологияға айналдыру үшін алдымен оқыту үрдісінің тұжырымдамасын - концепциясын немесе басты жетекші пікірін анықтау керек. Одан соң сол концепция негізінде оқытуды ұйымдастырудың жобасы жасалып оның құрылымы анықталып, жүзеге асыру амалдары белгіленеді. Бұны педагогикалық жобалау дейді. Педагогикалық жобалаудың қызметін- сабақты ұйымдастыру, болжау, сол негізде белгілі бір мазмұнды оқушыларға жеткізудің әдіс, тәсілі, құралдарын, оқушылармен қарым-қатынас орнатудың жаңа мүмкіндіктерін қарастыру деуге болады.

Сабақты педагогикалық жобалау дегеніміз – педагог пен оқушының белгілі бір білім мазмұнын меңгеруге бағытталған іс-әрекетінің тетіктері мен элементтерін алдын-ала анықтау. Педагогикалық жобалаудың мәні- болашақ іс-әрекеттің әр түрлі нұсқаларын жасау және оның нәтижесін болжау.

Дәстүрлі оқытуда ұстаз болашақ сабақтың мақсатына байланысты оны жоспарлайды, мысалы ол аралас сабақ болса, онда ұйымдастыру кезеңі; өткен тақырып бойынша оқушылардың білімін тексеру; жаңа тақырыпты өту; оның пысықтауы, үй тапсырмасын түсіндіру; сабақты қорытындылап, оқушыларға баға қою; Осы сияқты оқытудың басқа түрлерінде де жоспары түзіліп, оқу үрдісінде солай іске асады.

Дәстүрлі оқытудың жетістіктерін жоққа шығармай –ақ, оның кейбір тұстарын жаңа заман талаптарына сәйкестендіріп пайдалану мүмкіндігі де бар. Алай да әлемдегі білім беру кеңістігіндегі жетістіктерді ендіру бүгінгі оқытуды ұйымдастыру үрдісін қайта қарастыруды талап етеді. Дәстүрлі оқытудың құрамды бөлігіндегі кейбір маңызды тұстарын қарастырамыз: айталық дәстүрлі оқытуда оның басты кейіпкері мұғалім, ал оқушы соның айтқандарын орындап отыруы тиіс; дәстүрлі оқытуда мұғалім осы үрдістің негізгі қозғаушы күші, ал оқушы оған бағынышты; дәстүрлі оқытуда мұғалім оқушыға мынадай басты пікірмен жуықтайды: сен оқушысың, мен мұғаліммін; сен білмейсің, мен білемін, мен саған үйретемін, ал сен үйренуің тиіс т.с.с. Дәстүрлі оқытуда алдын-ала белгіленіп қойған және барлық мектептерде, орта және жоғары оқу орындарында және барлығы ұстануы тиіс оқыту формалары мен құрылымы бар; дәстүрлі оқытуда негізгі міндет оқытушыға жүктеледі; оқушы оның айтқанын орындаса ғана білімді болады-деген секілді басқа да ерекшеліктер бар. Түптеп келгенде олардың барлығында оқушыдан гөрі оқытушыға көбірек салмақ түседі.

Оқытудың жаңа технологияларын пайдалану осы үрдісті мүлде басқаша ұйымдастыру талабын қояды. Өйткені мұндағы басты кейіпкер мұғалім емес, оқушының өзі. Ал ұстаз оқушының іс-әрекетін бағдарлап, бағыт беріп, көмектесіп, түрткі беріп, қозғау салып, сабақтың тынысын көтермелеп, психологиялық жағымды ахуал түзіп, ынталандырып, сол арқылы олардың оқу әрекетінің ұтымды болуына шарт

түзумен шұғылданады. Ал бұлар оқытушыдан кең ауқымды шығармашылық әлуетті талап етеді.

Жоба негізгі бір концепцияға немесе басты пікір, наным, көзқарасқа негізделеді. Бұлар тақырыптың мазмұнына байланысты және пән ерекшеліктеріне қатысты анықталады. Концепция – латын сөзі болып ол түсіну дегенді білдіреді. Бұл жерде концепция – белгілі бір құбылыс, зат не ой санаға болған көзқарас, ұстанымдар жүйесі; белгілі бір іс-әрекеттің, жұмыстың, шағырманың негізгі пікір немесе жалпы ой жүйесі. (Краткий педагогический словарь, М, 2005 с. 61) Педагогика үрдісіне бұл ұғым ендірілгені мен педагогикалық сөздіктер мен оқулықтарда әлі күнге «педагогикалық концепция» немесе «педагогикалық тұжырым» деген ұғымға әлі анықтама беріле қойған жоқ.

Жалпы тұжырымдама, ой немесе негізгі пікір; белгілі бір салаға қатысты көзқарас немесе ұстанымдар жүйесі. Алайда осыған орай сөздіктердегі және оқулықтардағы кейбір пікірлерді негізге ала отырып педагогикалық тұжырымдама дегеніміз – педагогикалық үрдістің маңызы, заңдылықтары, оны ұйымдастыру ұстанымдары мен әдістері, белгілі бір теориялық негізде құрылымдауға қатысты пікірлер жүйесі. Осыған орай, белгілі бір теорияның, моделдің, технологияның негізін қалайтын «ой тұжырым» деген ұғымдар педагогикада кеңінен қолданылады.

Дидактикалық технологияда сабақ(дәріс) жобаланады. Дәстүрлі оқытуда бұл жоспарланады. Жоспарды мұғалім жүзеге асырады, ал жобада оқушының өзінің танымдық іс-әрекетін мұғалімнің ұйымдастыру шаралары қарастырылады. Кесте 1. Бұл жердегі маңызды мәселе оқытушының тақырып мазмұнына қарай оқыту технологиясын алдын-ала таңдауы. Жаңа технология негізінде мұғалім сабақты жүзеге асырады. Ал дәстүрлі оқытуда мұғалім сабақ өтеді.

Кесте-1 Жоспар және жобаны салыстыру

Сабақтың жоспары	Сабақтың жобасы
Ұйымдастыру кезеңі Өткен тақырыпты тексеру Жаңа тақырып өту Жаңа тақырыпты пысықтау Үй тапсырмасын беру Сабақты қорытындылау Оқушының білімін бағалау	Сабақтың жобасы: I- кезең а) моделі; ә) құрылымдау; мақсат – сабақтың басты пікірі; наным, көзқарас; сабақ өту жүйесі; сабақ өту ахуалы; сабақ өту үрдісі; оқушы мен оқытушының іс-әрекет моделі; II-кезең, сабақты жүзеге асыру тетіктері, басты пікірді орнықтыру; эмоционалды-психологиялық тыныс қалыптастыру; III-кезең- әдіс, амал, тәсіл, жолдары, іс-әрекет шарттары т.б. технологиясы; жұмыс нәтижесін қорытындылау;

Көріп отырғанымыздай оқытушының міндеті жобаланған сабақ барысында оқушылардың іс-әрекетін түзетіп, реттеп, көмектесіп, нұсқау беріп отырады. Бұл жердегі басты мәселе оқушының өздерінің жұмыс істеуіне шарт түзу басқаша айтқанда іскерлік ахуал орнату, мүмкіндік туындату.

Осыған орай қазіргі жаңа технологияларды толыққанды пайдалануға кең жол ашу үшін бұрынғыдай сабақтың мақсаты міндетімен ғана шектелмей оның түгелдей ой тұжырымды (концепциясын) жасауды ұсынамыз. *Жалпы концепция - бұл ғылыми зерттеулер нәтижесінде туындайтын негізгі көзқарас, пікір не басты наным ретінде педагогикалық үрдісті жобалаудың негізінде жататын басты пікірлер жүйесі.*

Сондықтан сабақты жобалаудан бұрын алдымен оның концепциясын ойластырып, анықтап алып одан соң жобалау, модельдеу, құрылымдау іске асырылады.

Оқытуды жобалаудың басты мәселесі- ой тұжырым(концепция) негізінде оқушылардың өзін оқу іс-әрекетіне жұмыслдыру арқылы білімді меңгеру, өздігімен бірге өздігінен ізденіп білім алуға бағдарлау. Ал бұл оқытушы тарапынан үйрету жолдарын жобалау мен бірге оқушының үйрену жолдарын да қарастыруды талап етеді.

Педагогикалық жобалау – басты пікірді(идеяны), көзқарасті, наным, сенімді жүзеге асыруды жақындата беретін, бірінен кейін екіншісі ретімен келіп отыратын нақты іс-қимылдардан тұрады.

Бұл ретте мынадай үш кезеңді қарастыруға болады:

I кезең – модельдеу;

II кезең –жобалау;

III кезең –құрылымдау;

Осы кезеңдердің әр қайсысын жекелеп қарастыратын болсақ – педагогикалық жобалау –басты пікірді немесе ой тұжырымды анықтау, оны жүзеге асырудың жүйесін жасау, оған қол жеткізудің жолдарын белгілеу. Екінші кезең, педагогикалық жобалауда – жасалған моделді ары қарай дамытып, практикалық қолдану деңгейіне жеткізу. Үшінші кезеңде, педагогикалық құрылымдауда – жасалған жобаны нақты оқушының не болмаса оқытушының нақты жағдайда қолдануына мүмкіндік беретіндей етіп бөлшектеу(тегершік, тетіктерг-детальдау).

Сонымен қазіргі сабақта алдымен оның ой тұжырымы анықталады. Одан соң I-кезеңде а) сабақтың моделі түзіледі; ә) сабақтың құрылымы жасалады; б) одан соң мақсаты мен міндеттері – сабақтың басты пікірі; нанымы, белгілі бір көзқарас белгіленеді; сабақ өту жүйесі; сабақ өту ахуалы; сабақ өту үрдісі; оқушы мен оқытушының іс-әрекет моделі қарастырылады; II-кезең, сабақты жүзеге асыру тетіктері, басты пікірді орнықтыру және оған қол жеткізу жолдары белгіленіп, эмоционалды-психологиялық тыныс, іскерлік ахуал орнықтырылады; III-кезең әдіс, амал, тәсіл, жолдары, іс-әрекет шарттары, оқытушының іс-әрекеті мен оқушының іс-әрекет траекториясы белгіленеді, сабақты ұйымдастырудың басқа да ең майда тегершіктері мен тетіктері нақтыланып көрсетіледі. Осылардың барлығы оқыту технологиясын құрайды.

Қазіргі қоғамда адамға қойылатын талаптардың өзі білім берудің мазмұны мен білім беру үрдісін ұйымдастырудың өзіне басқаша жуықтау жолдарын қарастаруды керек етеді. Осыған орай ҚР «Білім беруді дамытудың 2015 ж. дейінгі» тұжырымдамасында «денсаулыққа нұқсан келтірмейтін және ақпараттық технологияларды ендіру» міндеті қойылған. Мемлекет тарапынан білім беруге қойылатын талаптар оқу үрдісін ұйымдастыруды қайта қарау қажеттігін туындатты.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. ҚР Білім туралы Заңы. /Егемен Қазақстан, 2007, 14 тамыз.
2. Вербицкий А.А. Активное обучение в высшей школе. М.,1991г.
3. Кашлев С.С. Современные технологии педагогического процесса. М., 2000.
4. Кролеснокова И.А. и др. Педагогическая праксеология. М., 2005 г.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада кредит технологиясы негізінде оқытудағы сабақты жобалау мәселесі қарастырылған

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются проблемы проектирования урока на основе кредитной технологии.

БОЛАШАҚ ҰСТАЗДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕБІНІҢ МӘНІ МЕН МАЗМҰНЫ

Юсупов Б.Ю. - п.ғ.к., доцент,
Әбілдаев Е.С. оқыт. (Алматы, Қазмемқызпи)

Болашақта мектеп мұғалімі қандай болуы тиіс екенін түсіну үшін, бүгінгі күні орта білім беретін оқу орындарында жас ұрпақты оқытып және тәрбиелеп жүрген мұғалім бейнесіне қайта қарауымыз кере. Бұл орайда тілге тиек болатыны, педагогтардың біліктілігінің төмендігі, шәкірттермен арадағы педагогикалық әдептілік негіздері қарым-қатынастардың қажырлығыз және оның барлық уақытта сақтала бермеуі. Сондықтан, мұғалімге тән педагогтық қарым-қатынас әрекетінің мәні мен мазмұнын ашып, болашақ ұстаздарға оның негізгі сапаларын қалыптастыруымыз қажет сияқты.

Педагогтық әдеп дегеніміздің өзі не екеніне көңіл аударайық “Әдеп” (такт) сөзі (латынша - *taktus*) “жұғысу”, “адам арақатынасының түрі” мағынасында қолданылады. Әдеп – адамдардың өзара жақсы қарым-қатынас жасауына қажетті жағдай. Әдепті адамдарға басқаларға барынша жақсылық жасауды, қуаныш әкелуді тілеп тұру тән. Басқа адамдармен қарым-қатынаста әдепті адам сақ та сергек. Ол өзін ұжымда оған сөзімен, жеңілтек мінезімен ешкімнің көңіл-күйін бұзбауға тырысады. Қайсыбір арсы-гүрсі мінезді мұғалімдер қайдағы бір орынсыз әзіл, тұрпайы тұспал, естіген құлаққа ерсі сөздермен шәкірттерінің жанды жеріне тиеді. Ондай мұғалімдерді оқушылардың суқаны сүймейді. Олар өз әріптестерімен де сыйыспайды. Ондайлармен тіл табысу өте қиын. Мұғалім мен оқытушы арасында болатын қатынаста педагогикалық тактінің маңызы зор. Педагог этикасында бұл ұғым тәрбиеші мен тәрбиеленушінің арақатынастарын белгілейді. Мұғалімнің педагогикалық әдебі болмайынша ол өз пәнін қанша терең білгенімен, тіпті тәрбиелік жұмыста алуан – түрлі, әдіс-тәсілдерді меңгергенімен, өзінің алдына қойған – жас ұрпаққа жан-жақты тәрбие беру мақсатына жете алмайды. Педагогикалық әдептің психологиялық мәні бар екендігін атап кеткен жөн. Жеке адам басқа адамдармен, сондай-ақ жас ұрпақпен қарым-қатынас жасағанда, мол өзінің индивидуалдық өмір тәжірибесін, адамдар арасындағы қандай нормалар арқылы жүзеге асатындығын нақтылы көрсетуге тырысады. Өйткені педагогикалық такт, басқа этикалық ұғымдар сияқты, белгілі бір құрылымнан - өзіне тән ерекше құрамдас мүшелерден тұрады. Солардың ішіндегі ең негізділері: оқушыларға педагогикалық әсер етудегі мөлшерді сақтау мәселесі, ұстаздық ықпалдың нәтижелілігі, жеке адамның рухани дүниесін егжей-тегжейлі түсіне білуі, жас буынның ұнамды қасиетін тани біліп, оны бүкіл адамгершілік мінез-құлықты қалыптастыруға пайдалануға қабілеттілігі. Демек педагогикалық әдеп – мұғалімнің ең басты моралдық қасиеттерінің бірі, онсыз ол ұстаздық ете алмайды.

Әдепті сақтамаған адамдар біреуге жақсылық жасап отырып та, оның жанын жарақаттауы да мүмкін. Мәселен сынып жетекшісі. Ата-аналарды оқушыларды қатыстырып бір оқушыға сыйлық береді. Бірақ оны оқушы жақсы оқығаны үшін сыйлық ретінде емес, қайыр ретінде қабылдайтынындай етіп береді. Онымен қоймай, мұғалім енді бұдан да тәртіпті болу, оқу керек деп тәптіштеп, табанда тәрбиелей бастайды. Оқушы шыдамай кетіп сыйлықты лақтырып кеп жібереді. Әдептен тыс мұғалімдер шәкірттеріне де, қызметтес әріптестеріне де күйініш әкеледі.

Оқушыларды оқыту тәрбиелеу ісінде жалпы әдеп атаулыны педагогикаға кіріктіріп пайдаланудың өзі педагогтық әдеп болып есептеледі. Әдетте, әдепті адамдарды олардың кішіпейілділік, басқаны түсіне білушілік, жылы шырайылылық,

тапқырлық, елгезектік, өзгенің пікіріне құлақ асушылық, ұстамдылық, байсалдылық, әзілкештік сияқты мінез-құлық белгілеріне қарап тануға болады екен. Мұндай айрықша белгілер әдепті мұғалімнің бойында да болуы тиіс. Әдепті мұғалім ересек адамдармен қалай сыпайы және ілтипатпен сөйлесе, оқушылармен де, тек ересектерден гөрі сақ және ықыласпен сөйлесуі керек. Біз мұны әлде де баса айтқымыз келеді, өйткені, әлдекімдердің ойынша әр адамның өзін ересектердің арасында ұстауы – бір басқа да әңгіме де, оқушылардың ішінде ұстауы мүлдем басқа әңгіме көрінеді.

Мектепте мұғалім ашық жарқын, бып-биязы, сүп-сүйкімді, ал, класс табалдырығынан аттаса болды, суық, тұнжыр, түсініксіз боп шыға келетін мұғалімдер қателеседі. Мұғалім әрине, өте жинақты, бірақ табиғи жинақты болуы керек. Жалпы әдеп бар да, педагогикалық әдеп бар. Кез-келген тәрбиелі де мәдениетті адамның бойынан педагогтық әдеп табыла бермейді. Педагогтық әдеп – медицина қызметкерлерінің дәрігерлік этикалық сияқты мұғалімнің кәсіптік сапасы. Ол педагогтық білім мен педагогтық тәжірибені қоса алғанда пайда болатын педагогтық шеберліктің құрамдас бөлігі болып табылады. Педагогтық әдептің негізі оқушыларға деген шын ықыласта және олардың адамдық ар-ұятында, адалдықта жатыр. Педагогтық әдепке – баланы адам ретінде сыйлау деп анықтама беруге болады. Баланы құрметтеу қажет екенін алдыңғы қатарлы педагогтар аз ескерткен жоқ.

Әдептің негізі оқушыларға деген шын ықыласта және олардың ар-ұятына деген адалдықта жатыр. Педагогтық әдеп заңдылықтарын кейбір мұғалімдердің өздері білмеуі мүмкін. Бала тәрбиесінде әрдайым “қамқорлықпен қараудың сақталуын” талап етуі қажет. Бұл ойды шәкірттер бойындағы адамдықты сақтау ғана емес, қайта оның дамуына қамқор бола білуіміз керек деп, түсіну керек. Кейде оқушылар әдеп сақтамайды, дөрекілік көрсетеді, тәртіп бұзады. Ол үшін оларға ақырып, жекірудің қажеті жоқ, қайта өз ар-намыстарын қорғап қана қоймай, басқалардың ар-намыстарын да қорғау үшін күресу керек.

Мұғалімдердің кейбіреулері педагогтық әдеп – мұғалімнің оқушыны баурап алатын табиғи қабілеті десе, енді біреулері – мұғалімнің жалпы мәдениетінің құрамдас бөлігі: үшінші біреулері – пәнді жетік білу және оның методикасын жақсы меңгеру деп есептейді. Бұл айтылғандардың ішінде аздылы көпті педагогтық әдептің белгілері бар. Педагогтық әдепті меңгеру кейбір мұғалімдерге қарағанда екінші мұғалімдерге жеңілдеу сағатына күмәнсіз, бірақ мұны іштен туа пайда болатын қабілет деу қажет. Сол сияқты, педагогтық әдетті мұғалімнің жалпы мәдени тәртібі, немесе оның жалпы методикалық сауаттылығымен қатар қоюы да қате. Педагогтық әдеп әрине, мұғалімнің барлық қасиеттерімен жылдасып жататыны рас, өзіндік ерекшеліктері болады. Сезім сияқты оның анықтамасы айқын. Педагогтық әдеп дегеніміздің өзі, шын мәнінде, психологиялық әдеп деген К.Д.Ушинскийден бері келе жатқан анықтама.

Мұғалімнің әдебі әдеп бүкіл оқу-тәрбие жұмысының барысында ұстанатын жөнге лайық шара ретінде анықталады. Жөнсіздікке жол беру – педагогтық әдептен айырады. Тәжірибелі педагогтардың да кейде шамдануы мүмкін, бірақ олар шектен шықпайды. Мұғалім неғұрлым ашуланса, оқушылардың соғұрлым көп күлетінін кім білмейді? Педагогтық әдепті шама-шарықты білумен ғана шектеуге болмайды. Шама-шарықты білу – педагогтық әдеп негізінде жатқан педагогтық заңдылықтардың бірі. Шама-шарықты білуге қарағанда әдеп ұғымының мағынасы әлдеқайда кең. Мазмұны жағынан педагогтық әдебі – оның жеке басының іскерлік сияқты көптеген қасиеттерінің жиынтығы. Педагогтық әдеп, кең мағынасында алғанда – мұғалімнің әрбір нақты ісі үстінде тәрбие мәселесінің ең ұтымды әдіс-тәсілдерін қолданып, оқушыларды еліктіріп әкететін кәсіптік сапасы.

Жас өспірімдерге біздің тарапымыздан әрбір педагогтық әдіс-тәсіл әрбір ескертпе мұғалімнің беделін жоғары көтеретіндей, не болмаса оған нұқсан келтірмейтіндей

болуы керек. Мұғалімдер өз талаптарын оқушылардың қалай орындайтынына маңыз беріп қана қоймай, сонымен қатар, іреніш тұмау жағын да ойластырғаны жөн.

Барлық уақытта не болса соған өз көзқарасын таңбайтын, оқушылардың теріс – мінез-құлықтарына көз жұмып қарамайтын, олардың кез-келгеніне қатты ескерту жасаудан қашпайтын, бірақ оқушыларына да, өзінің мұғалім атына да ақылмен, құрметпен қарайтын, педагогтық әдептен хабары мол әдепті мұғалім оқушылардың жүрегіне жол таба біледі. Жол таба білудің нәзік жолдары: ерік-жігер, ұстамдылық, ілтипаттылық, дәуектілік, талап қоя білушілік, зейінділік, қалжындай білушілік, орынды мысқыл, ептілік, әзіл-оспаққа үйірсектік, көзқарас және дауыс ырғағының мол болуы.

Бірқатар ықпал - әсер әдіс-тәсілдерінен санаулысын ғана пайдаланатын мұғалімдер де бар. Оқушылармен жұмыс барысында ешқандай ымыраны мойындайтын да мұғалімдер де бар. Олар көбінесе дауыспен сөйлейді. Сабағын түсінбегенде, күлкі буынға класта тақта сүртілмегенде ондай мұғалімдер шәкірттеріне өктем сөйлейді. Мұндай жәйттерге мән беру керек, бірақ түрліше мән беру керек. Белсенді емес деп оқушыларды қыран жапқандай қылудың қажеті қанша? Одан да олардың белсенділігін көтеріңіз. Оқушылар айтқанды ұғып алмаса, айқайдан пайда жоқ. Сол материалды қайтадан түсіндіру керек. Күлді деп оқушыларға айқайламай күлетіндей жағдай болса, олар күлкісін бәрібір жасыра алмайды. Мұғалім ашуланса, олардың күлкісі тіпті қозып кетеді. Одан да оқушылардың күлуіне мүмкіндік беріп, өзінде қосылып күліп, содан кейін құлаққа жағымды үнмен бір әңгіме бастап, сөйтіп барып жоспарланған материалдың мазмұнына көшу керек. Мысалы, парта кір болса, оқушыларға реніш білдіруге де болады немесе тақтаны үн-түнсіз сүрте бастап, сәлден соң оларға естірте: “Егер сіздерге тақта сүрту қиын болса, мен-ақ сүртейін” – десе де жеткілікті. Келесі жолы тақта айнадай жалтырап тұрады. Оны әрине, мұғалімнің беделі біледі.

Балаларға ықпал әсер ететін әдіс-тәсіл қорының молдығы қажетті нәрсе саналмағанымен, мұғалімнің педагогтық әдепке ие екенін білдірмейді. Оған қоса әрбір ықпал - әдіс-тәсілін нақты іс-қимылмен нақты жағдайға сәйкес қолдана білу талап етіледі. Әрбір әдіс-тәсілдің орынды қолданғаны жақсы. Орнымен айтылса, әзіл-қалжың ашу-ызаның бетін қайтарады.

Мұғалім әдебі – творчество, ақыл-ой әрекеті айрықша іскерлік. Әдепті мұғалім педагогтық әр түрлі әдіс-тәсілдердің мол арсеналын меңгеріп қана қоймай, сонымен қатар оларды ақыл таразысына салып өлшеп пайдалана да біледі. Бір қарағанда көпшілік құрал ретінде елеусіз көрінгенімен әдепті мұғалімнің бойындағы іскерлік оқушыларға қозғау салатын әдіс-тәсілдерді іріктеу үстінде көрініс береді, жалпы жұмыс барысында тік мінезді, көрген-білгені шамалылау мұғаліммен салыстырғанда оның артықшылығы байқалмай қоймайды. Дәнекерлік қызмет атқаратын мұндай айла тәсілдер айналаға жылу беріп, мұғалім мен шәкірттердің ара қатынастарын жұмсартады. Жеңіл әзілмен мұғалімнің тапқырлығы осының ішінде. Оқушылардың мінез-құлықтарының қыр-сырын нәзік түсінетін әдепті мұғалім, дөрекі добал мұғалімге қарағанда өзін көтеріңкі сезінеді. Әдепті мұғалімге оқушылардан көз айырмаудың қажеті жоқ. Оның оқушыларымен байланысы сенім мен өзара сыйластыққа құрылады. Сондықтан да, ондай мұғалім оқушылармен ара-тұра жеңіл әзілдесіп, қайсыбіреулеріне мысқылмен ескерту жасай алады. Әдепті мұғалімнің мінез-құлқы түгелдей табиғи болады. Оқушылармен әдепті қарым-қатынаста болу әдегіне, мінезінің ажырамас бір бөлігіне айналады. Бойына осындай әдет-дағдылар сіңген ұстаз ғана шәкірттерінің жүрегіне жол табады. Бұған әр педагог ие болуы қажет.

Қарым-қатынас тұрғысынан педагогтық әдеп мұғалімнің жан-жақтылығының, оның идеялық сенімінің, жүріс-тұрыс мәдениетінің, жалпы және арнаулы білімнің,

мамандығына байланысты ізденіс жемістер қорының жиынтығы. Шебер педагог болмай тұрып, әдепті педагог болмақ жоқ. Педагогтық әдеп жаттау, есте сақтау және жаттығу жолымен жасалмайды. Ол мұғалім ізденісінің нәтижесі, ол оның ақыл-ойының көрінісі болып табылады. Мұғалімнің педагогтық әдебінде еліктеу деген болмайды.

Мұғалімнің әдебі әр мұғалімде әр түрлі және әр қалай көрініс беруі мүмкін. Бұл оның жас мөлшеріне, темпераментіне, мінез-құлқына, тағы басқа да ерекшеліктеріне байланысты. Әдеп әр мұғалімнің дара қасиеті. Нақты математикалық есеп бір тәсілмен шығарылады, бірнеше тәсілмен шығатыны сирек, ал оқушылардың жүрегіне жол табудың тәсілдері екібастан сан алуан. Әр мұғалімнің педагогтық әдебі бірқатар ұқсас жайттарды шешуге жарамды белгілі бір схемаға және формулаға сыйыспайды. Мұғалімнің оқушылармен тіл табысуы көбіне оның жағдайға ой көзімен қарай білуіне, оған басқа жағдайлардан да өзі айрықша маңыз беруіне байланысты.

Сондықтан біздің көзқарасымыз бойынша, жаңа дәуір педагогы-бұл пәндік білімнің жүйесін, ғылыми білімнің әр саласы бойынша білік пен дағдыны игеріп қана қоймай, сонымен бірге өзінің бойына педагогқа тән әдепті қарым-қатынас белгілерін қалыптастырған, өмірлік педагогикалық әдеп дағдыларды игеруіне бағытталған әдіс-тәсілдерін игерген маман.

Ендігі жерде ХХІ ғасыр мұғалімін қалыптастыруға бағытталған педагогикалық қарым-қатынас мәселелерін зерттеуге байланысты ізденістерді ғылыми басылымдар арқылы насихаттау саласында жаңа кезең туғанына көз жеткіземіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қоянбаев Р. Педагогика - А., 2000.
2. Бұлақбаева М.К., Педагогикалық мамандыққа кіріспе - А., 2005.
3. Юсупов Б.Ю. Мұғалімге тән педагогикалық қасиеттер -А., 2000.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада болашақ ұстаздың мұғалімдік жұмыс барысында қажетті педагогикалық әдептің мәні және мазмұны ашылған

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются сущность и содержание педагогического такта в работе будущих учителей

СПОРТ ЖӘНЕ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ

ФИЗИЧЕСКОЕ ВОСПИТАНИЕ КАК ФАКТОР ПОВЫШЕНИЯ ЗДОРОВЬЯ УЧАЩИХСЯ МОЛОДЕЖИ

Джаманчалова Ж.Ж., Новикова О.М. (г. Алматы, Казгосженпи)

Исходя из современной парадигмы приоритета человека как высшей ценности во всей духовной и телесной неповторимости личности, признания ее социально-природной уникальности, *физическое воспитание и спортивную подготовку следует рассматривать как направленный процесс формирования у человека ценностей*

здоровья, физической культуры и спорта в интересах его телесного и духовного совершенствования на всех этапах возрастной эволюции.

Цель физического воспитания подрастающего поколения является формирование основ физической и духовной культуры личности, повышения ресурсов здоровья, как системы ценностей, активно и долгосрочно реализуемых в здоровом стиле жизни.

Задачи физического воспитания:

1. Формирование у дошкольников, школьников, студентов и других категорий молодежи осознанной потребности в освоении ценностей здоровья, физической культуры и спорта;
2. Физическое совершенствование и укрепление здоровья как условие обеспечения формирования и достижения высокого уровня профессионализма в социально-значимых видах деятельности;
3. Природосообразное и индивидуально приемлемое развитие физического потенциала каждого ребенка, подростка, юноши и девушки, обеспечивающее достижение необходимого и достаточного уровня развития их физических качеств, системы двигательных умений и навыков;
4. Физкультурное общее образование дошкольников и учащейся молодежи, направленное на освоение ими интеллектуальных, технологических, нравственных, этических и эстетических ценностей физической культуры;
5. Валеологическое образование дошкольников, учащейся молодежи как важнейший на современном этапе фактор формирования здорового стиля жизни.
6. Актуализация знаний на уровне навыков проведения самостоятельных занятий и умений приобщать к ним других.

Осознание жизненной важности регулярных занятий физическими упражнениями обеспечивается успешностью развития интеллектуального компонента физической культуры и спорта и подкрепляется приобретенными умениями и навыками рационального управления своим психофизическим состоянием, способностью изменять его в заданных пределах.

Ведущим фактором успешности *физического воспитания и спортивной подготовки* является специально организованный процесс адаптации к физическим нагрузкам, параметры которых определены закономерностями тренировки и согласованы с состоянием организма тренирующихся, ритмом их возрастного развития и личностными установками, интересами и уровнем притязаний.

Валеологическое образование призвано акцентировать внимание здоровых дошкольников и учащейся молодежи на сохранении и увеличении ресурсов здоровья. Средства и методы валеологии тесно взаимосвязаны с физическим воспитанием.

В последние годы в системе образования наблюдается резкое ухудшение состояния здоровья и физической подготовленности обучающихся. По данным научных исследований, лишь около 10% молодежи можно считать здоровыми, около 40% детей страдают хроническими заболеваниями. Резко прогрессируют болезни сердечно-сосудистой и костно-мышечной систем, которые во многом обусловлены недостаточной двигательной активностью в сочетании с неблагоприятными экологическими условиями и питанием.

Более 50% юношей и девушек, окончивая школу, уже имеют 2-3 хронических заболевания, а в целом лишь 15% выпускников можно считать практически здоровыми. По причине низкого уровня состояния здоровья около 1 млн. детей школьного возраста полностью освобождены от занятий физической культурой.

Более 30% юношей по состоянию здоровья не могут быть призваны в армию. За последние двенадцать лет количество граждан, годных к военной службе, сократилось почти на треть (с 92,7% до 67%). В то же время количество граждан, ограниченно

годных и временно не годных к военной службе, возросло почти в 5 раз (с 4,5% до 22,3% и с 2,1% до 10,3% соответственно). Более 40% призывников не могут выполнить самые низкие нормативы по физической подготовке.

Сокращение сети физкультурно-оздоровительных учреждений, спортивных клубов, коммерциализация спортивных центров с повышением стоимости тренировочно-оздоровительных услуг привели к снижению двигательной активности различных групп детей, развитию хронических заболеваний, прогрессированию физических дефектов и к ухудшению физической подготовки допризывной молодежи. Проблема физического воспитания детей с различными отклонениями в состоянии здоровья до настоящего времени стоит остро и, к сожалению, во многих школах не решена. Таких детей просто освобождают от занятий физической культурой, в то время как ослабленные дети в еще большей степени нуждаются в благотворном влиянии на организм различных средств физической культуры.

Традиционная система физического воспитания в образовательных учреждениях на современном этапе для обеспечения необходимого уровня физической культуры, физического развития и подготовленности воспитанников и обучающихся нуждается в увеличении их двигательной активности, в усилении образовательной направленности учебных занятий по физической культуре, в расширении внеучебной физкультурно-оздоровительной и спортивной работы на основе создания спортивных клубов в каждом образовательном учреждении и в значительном улучшении материально-технического обеспечения процесса физического воспитания.

В последние годы открыты четыре новые специальности по подготовке специалистов для дошкольных образовательных учреждений, по туризму и внешкольной физкультурно-оздоровительной работе, для работы с учащимися, имеющими отклонения в состоянии здоровья и физическом развитии.

Содержание физической культуры в образовательных учреждениях различных типов определяется государственными образовательными стандартами, примерными (базисными) учебными планами и примерными учебными программами, которые утверждаются федеральным органом исполнительной власти в области образования. Это обеспечивает непрерывность физического воспитания обучающихся, преемственность его содержания и требований к их физической подготовленности.

Наряду с общими проблемами в организации процесса физического воспитания на уровнях дошкольного, общего и профессионального образования происходят негативные процессы, ограничивающие качество его функционирования и не обеспечивающие необходимого уровня образованности в физической культуре воспитанников и обучающихся, их физического развития и физической подготовленности.

На уровне дошкольного образования большая часть детей по разным причинам не посещает детские сады и тем самым не вовлечена в организованные занятия физическими упражнениями. Не приобретая правильных двигательных навыков, дошкольники отстают в своем физическом развитии, что в определенной степени сдерживает их интеллектуальное развитие.

На ступени начального общего образования существующий объем уроков по физической культуре (два часа в неделю) не обеспечивает обучающимся физиологически необходимой нормы потребности в двигательной активности, достаточной для нормального развития основных систем и моторики активно растущего молодого организма.

На ступени основного общего образования реально не обеспечено дополнение уроков физической культуры внешкольной клубной работой, позволяющей вовлечь в разнообразные секционные занятия по интересам основную массу школьников и

сформировать у них потребность в регулярных занятиях физическими упражнениями и спортом (лишь 21% школьников занимается в организованных спортивных группах и секциях).

На ступени среднего (полного) общего образования ограничение применяемых форм и средств физического воспитания не удовлетворяет весь спектр интересов и потребностей старших школьников и, как правило, ведет к снижению посещаемости уроков физической культуры, что особенно проявляется у учащихся, отнесенных к подготовительной и специальной медицинским группам.

На уровнях начального и среднего профессионального образования утеряна сложившаяся годами система профессиональной направленности физического воспитания, использование в ней прикладных видов спорта; неоправданно сокращен (с четырех до двух часов) недельный объем обязательных учебных часов, отводимых на физическую культуру в модели и примерных учебных планах начального и среднего профессионального образования; разрушена клубная деятельность учебных заведений, ранее финансировавшаяся отраслевыми профсоюзами.

На уровне профессионального высшего образования слабо организована работа по формированию у студентов методико-практических навыков физического и спортивного совершенствования, ведения здорового образа жизни; резко сокращена секционная и клубная работа из-за недостаточного бюджетного финансирования внеучебной физкультурно-спортивной деятельности вузов.

Оздоровительная и коррекционная физическая тренировка является основным методом реабилитации детей с ослабленным здоровьем и отклонениями в физическом развитии и подготовленности.

Физкультурное образование дошкольников и учащейся молодежи целесообразно осуществлять в форме обязательных теоретических уроков физической культуры, а физическую подготовку, там, где это возможно, в форме обязательных учебно-тренировочных занятий преимущественно за пределами школьного, вузовского расписания. Для практических занятий группы занимающихся комплектуются по возрастно-типологическим признакам и с учетом общности интереса к виду физкультурной, спортивной или оздоровительной активности.

Традиционная система физического воспитания в образовательных учреждениях на современном этапе для обеспечения необходимого уровня физической культуры, физического развития и подготовленности воспитанников и обучающихся нуждается в увеличении их двигательной активности, в усилении образовательной направленности учебных занятий по физической культуре, в расширении внеучебной физкультурно-оздоровительной и спортивной работы на основе создания спортивных клубов в каждом образовательном учреждении и в значительном улучшении материально-технического обеспечения процесса физического воспитания.

Основой гуманизации и культурной эффективности физического воспитания и спортивной подготовки является его либерализация, которая предусматривает свободу выбора занимающимися форм занятий, режимов их интенсивности, планирования результативности, а также возможность беспрепятственного изменения вида физкультурной или спортивной активности на основе информированности о своих способностях.

Факторы, осложняющий процесс физического воспитания дошкольников и учащейся молодежи:

Распоряжения и команды. В процессе проведения урока учитель пользуется распоряжениями и командами. Под распоряжением понимается словесное указание учителя на уроке связано с выполнением упражнения или другие действия детей. Команды для выполнения упражнения обязательно должны быть едиными по форме. При проведении урока надо умело пользоваться распоряжениями и командами, как для выполнения упражнений, так и для организации учащихся.

Указания применяются во всех классах при выполнении упражнений. Своевременные, уместные указания помогут лучшему выполнению упражнений. Указания должны быть краткими, точными, побуждающими к действию, требовательными.

Показ упражнений. Среди методов обучения самым доступным является показ. Демонстрация упражнений должна проводиться с такого места, которое было бы хорошо видно всем занимающимся. Показ сочетается с объяснением. Объяснение предшествует показу чаще всего при повторении упражнений или совершенствовании.

Упражнения. Чтобы совершенствовать у детей определенные навыки, необходимо многократное повторение изучение движений.

Планомерные упражнения детей в изучаемых движениях способствует достижению более высоких показателей физической подготовленности.

Многократное повторение упражнений помогает быстрее овладеть техникой движения и улучшает качество выполнения.

Разучивание движений может проводиться в целом и по частям. Чтобы быстрее и лучше овладеть элементами сложного упражнения, вначале их надо выполнять в облегченных условиях. Совершенствовать умения и навыки можно в играх и соревнованиях.

Соревнование как совершенствования применяется после того, как у учащихся образовался некоторый навык. Соревновательный метод пробуждает интерес детей, способствует лучшему выполнению упражнений, повышению результатов, позволяет за короткий промежуток времени значительно увеличить физиологическую нагрузку

на организм. Пользоваться этим методом надо весьма осторожно, так как в условиях соревнования возникает большое нервное и физическое напряжение учащихся и снижается точность выполнения упражнений.

Исправление ошибок. При выполнении физических упражнений дети могут допускать ошибки общие и индивидуальные и нарушать правила. Все ошибки должны своевременно исправляться. Если ошибки индивидуальные, учитель, не прекращая работы других детей, подходит и дает необходимые указания.

Если ошибка допускается всем классом, надо прекратить выполнение задания и обратить внимание детей на ошибку. Если допущено несколько ошибок, то прежде всего исправляются главные, наиболее существенные, а затем второстепенные.

В работе с детьми большое значение имеет хорошее знание учителем индивидуальных особенностей своих учеников. Учитель должен хорошо знать состояние здоровья и физическое развитие каждого ученика.

Слабо подготовленные дети часто стесняются своих товарищей: в этих случаях учитель должен быть особенно внимателен, иногда облегчить условия выполнения, стремиться вселить надежду и уверенность. В индивидуальном подходе нуждаются дети, имеющие хорошую подготовку.

Необходимо предъявлять повышенные требования, частично усложнять упражнения. Встречаются дети, которые не проявляют интерес к физической культуре, неохотно занимаются. В таких случаях необходимо выявить причины. При индивидуальном подходе обязательно надо учитывать состояние здоровья детей.

Физическое воспитание детей нельзя полностью осуществить только она уроках. Необходима и самостоятельная работа учащихся. Одним из видов такой деятельности будет выполнение домашних заданий. Задания на дом способствуют прочному освоению пройденного материала, содействуют воспитанию у детей привычки к систематическим занятиям физическими упражнениями и положительно влияют на их здоровье и их развитие.

Хорошая подготовка учителя к урокам – залог успешного их проведения. Готовясь к очередному уроку, учитель должен учесть итоги предыдущих уроков и в связи с этим решить, какой материал повторить, какой изучить. При подготовки к уроку составляется план и определяются конкретные задачи. После определения конкретных задач урока подбирается материал для основной, а затем вводной и заключительной частей. При подборе материала определяется дозировка. Она имеет решающее значение и для нагрузки, и для формирования двигательных умений и навыков. Учитель предусматривает различные методы и приемы, разрабатывает переходы от одного вида упражнений к другому, порядок перемещений детей после выполнения упражнений и так далее. При подготовке к уроку необходимо продумать и организовать страховку. При подготовке к уроку учитель решает вопрос о месте занятий.

Планы уроков по форме затем могут быть различными, но в каждом нужно указать дату и номер урока, задачи, место проведения, необходимое оборудование и инвентарь, а также содержание, дозировку материала.

Таким образом, подводя итоги, есть основание заключить, что эффективное решение этих задач определяется высоким уровнем профессионального образования, общей культурой и эрудицией педагога, его опытом, индивидуальностью, творческим отношением к собственному опыту и опыту других – всем тем, что стоит за профессиональной компетентностью и определяет учителя – мастера.

Методическое пособие, включающее необходимые сведения об организации процесса физического воспитания детей, поможет начинающим учителям

физкультуры добиться успехов в физическом и нравственном развитии, в общем состоянии здоровья.

Интерес к проблемам детской физической культуры будет постепенно расти в современном мире различных происходящих процессов. Вот – вот этот застой в области физической культуры и спорта пройдет. Жизнь детей должна быть более радостной и здоровой.

ЛИТЕРАТУРА

1. Матвеев Л.П. «Теория и методика физической культуры» М. 1981.стр 12,13,71,72,73,52,53,55,57 и т.д.
2. Под редакцией А.А. Гужаловского «Основы теории и методики физической культуры» М.1986г.
3. Л.Д. Глазырина, Т.А Лопатик «Методика преподавания физической культуры» 2004г.
4. В.М. Кочаткин «Физическое воспитание» М-1978г.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассказывается об уроке физической культуры, который является обязательной формой занятий, обеспечивающий необходимый минимум знаний, умений и навыков, предусмотренных программой.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада дене тәрбиесі сабағының барлық оқушыларға міндеттілігі, бағдарламадағы талаптармен дағдыларды үйретудің жолдары қарастырылған.

МАГИСТРАТУРА

БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫН АҚПАРАТТАНДЫРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ, ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Нүсіпжанова Ж. С. – магистрант (Алматы қ., Қазмемқызпи)

Қоғамды ақпараттандырудың негізгі бөлігі – білім беруді ақпараттандыру.

Білім беруді ақпараттандыру жағдайында компьютер оқыту мен дидактикалық құралға айналып отыр. Сол себепті қазіргі білім беру саласында мультимедиялық электрондық оқу құралдарын мектеп пәндерін оқытуға пайдалану өзекті мәселелердің бірі. Мектепте компьютерді оқыту процесіне пайдалану мәселесі үлкен пікірталас туғызды. Кейбір адамдар мектепті компьютерлендіру оқушылардың жалқаулығын туғызады,- деп пікір айтса, ал енді біреулері компьютерді оқыту процесіне пайдалану оқушылардың белсенділігін туғызады деген пікір қозғалды. Бүкіл әлемде мектепте компьютерді пайдалану тәжірибесі мынадай болжам айтқан: компьютер, біріншіден, оқушыға қалам құралы ретінде қолданылса, ал, екіншіден, оқыту процесінде көрінбейтін ақпараттық процестер арқылы оқушының қызығушылығын туғызатын құрал ретінде қолдануға болады. Ақпараттандырудың негізгі міндеттерінің бірі – мектепте компьютерді оқыту құралы ретінде қолдану: оның мүмкіндіктерін жаңа

материалды баяндауда, үйрету программаларын қолдану арқылы виртуальды лабораториялық жұмыстарды жүргізу, баяндалған материалды бекіту, интернет – технологияларды пайдалану.

Аталған мәселені дамыту үшін білім беру қызметкерлері үшін түрлі тренинг курстар өткізілу қажет. Ол үшін бір жүйеге келтірілген, әрі білім беру қызметкерлерінің категорияларының ерекшелігі ескерілген оқу бағдарламалары жасақталуы қажет. Сонымен бірге білім беруді ақпараттандыру жағдайында педагог мамандардың ақпараттық сауаттылығын, ақпараттық мәдениетін және ақпараттық құзырлығы сияқты қабілеттіліктерді қалыптастыру мәселесі де бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің біріне айналып отыр. Ал, бүгінгі күнде бұл мәселе қалай жүзеге асырылып жатыр деген сауал туындайды. Ең, бастысы мемлекеттік тілде осы бағыттағы мәселелер әлі де болса, жеткілікті деңгейде емес болып отыр. Білім мекемелерінің басшылары мен мектеп пәндері мұғалімдерін жаңа ақпараттық технология бойынша дайындықтан өткізілген курстардың нәтижесі ақпараттық құзырлықтарын қалыптастыру қажеттігін айқындап отыр. Аталған ерекшеліктер қазіргі педагогтың ақпараттық құзырлығын дамыту көрсеткіштері мен белгілерін анықтайды:

ақпараттық кеңістіктегі білім беру жүйесі туралы біртұтас түсінікті беру;

ақпараттық (дербес жағдайда, компьютерлік) сауаттылық: оқу - әдістемелік, тәжірибелік және ғылыми – ізденіс жұмыстарының нәтижелерін безендіру мен дайындау технологиясын меңгерту;

өз қызметін ақпараттық технологияның мүмкіндіктерін қолдану арқылы ұйымдастыру: жаңа ақпараттық технологияның мүмкіндіктері туралы білім; коммуникациялық қызметтерді оқыту процесіне қолдану дағдысы; білім беру процестерінің ерекшеліктеріне сәйкес педагогикалық программалық құралдарды таңдап, қолдана білу.

Білім беру жүйесін ақпараттандыруды дамытудағы тұжырымдамалық көзқарастарға келетін болсақ:

Білім беруді ақпараттандыру - білім беру саласының теориясы мен практикасына жаңа ақпараттық технологияны жан- жақты пайдалану және оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық- педагогикалық мақсаттарын жүзеге асыратындай жағдайда оның мүмкіндіктерін қолдану процесі.

Білім беруді ақпараттандырудың негізгі мақсаты – Қазақстан Республикасында біртұтас білімдік ақпараттық технологияны пайдалануға, Қазақстан Республикасындағы ақпараттық кеңістікті әлемдік білім беру кеңістігімен сабақтастыруға мүмкіндік береді.

Білім беруді ақпараттандырудың негізгі міндеттері:

ақпараттық және телекоммуникациялық техникалық құралдармен қамтамасыз ету;

Білім беруді ақпараттандыру бойынша практикалық шараларды анықтап, жүзеге асыру;

Оқу-тәрбие процесіне жаңа ақпараттық технологияны енгізуді қамтамасыз ету бойынша ғылыми – ізденушілік және оқу-әдістемелік жұмыстарын жүргізу;

Мектеп пәндері бойынша жасақталатын жалпыға міндетті білім стандарттарының және оқу- әдістемелік кешендерінің мазмұнын ақпараттық технологияны пайдалану мүмкіндіктерімен жетілдіру білім беруді басқаруда ақпараттық жүйені құру;

Білім беру мекемелерінің қызметкерлері үшін программалық – техникалық құралдарды қамтамасыз ету және мультимедиялық программаларды, электрондық оқулықтарды жабдықтау;

Педагог кадрларды жаңа ақпараттық технологияны өз қызметтеріне еркін пайдалана білуге дайындау және жүйелі түрде біліктіліктерін көтеру.

Білім беруді ақпараттандыру қағидалары:

қоғамның әрбір мүшесі үшін алынатын білімдер мен мәліметтердің түсініктілігі;
жеке тұлғаның интеллектуальдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту;

білім мен тәрбиенің бірізділігі;

жалпы компьютерлік сауаттылық;

оқыту мен тәрбиелеудің жылдамдығы.

Нәтижелер:

жаңа ақпараттық технологияны қолдану арқылы білімнің сапасын көтеру;

жаңа ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды енгізу арқылы білім беру мазмұнын жаңарту;

жаңа ақпараттық технологияны қолдану саласы бойынша оқушылардың мамандыққа баулу механизмін құру;

Біздің еліміздегі және шет елдердегі жинақталған ақпараттық ресурстарға жедел ену;

Мультимедиялық электрондық оқулықтарды, виртуальдық лабораторияларды және бақылау программаларын жасақтап, қамтамасыз ету;

Отандық білім беру жүйелерін біртұтас әлемдік ақпараттық білімдік кеңістікке ену арқылы сабақтастыру;

Білім берудің телекоммуникациялық желілерін құру;

Республиканың білім беру мекемелерін басқарудың біртұтас ақпараттық желісін құруға негіздеп, білім берудің басқару салаларының ақпараттық желісін құру.

ӘДЕБИЕТТЕР

Білім беру жүйесін 2003-2005 жылға дейін ақпараттандырудың мемлекеттік бағдарламасы.

Вершиловский С.Г. Социально – андрагогические проблемы управления современной школой // Андрагог в открытом обществе (материалы российско – польского семинара) / Под ред. Е.А.Соколовской, Т.В. Шадринной. – СПб. – Иркутск – 242с.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін 2010 жылға дейін дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы.

Білім беру мекемелері қызметкерлерін ақпараттық – коммуникациялық технология саласы бойынша біліктілігін көтерудің ғылыми - әдістемелік негіздері. // Әдістемелік құрал. А., 2006ж

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада педагог кадрларды жаңа ақпараттық технологияны өз қызметтеріне еркін пайдалана білуге дайындау және жүйелі түрде біліктіліктерін көтеруді мемлекеттік тілде жүргізу мәселесі қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В данной статье указано на подготовку педагогических кадров к свободному использованию новых информационных технологий и регулярного повышения их квалификации по проведению необходимых мероприятий на государственном языке.

**ЭЛЕМЕНТТЕР ХИМИЯСЫН ОҚЫТУ КЕЗІНДЕ ФОСФОР
ҚАЛДЫҚТЫТАРЫНАН ФОСФОР ҚЫШҚЫЛЫН ӨНДІРУ МӘСЕЛЕСІН
САБАҚҚА ЕНГІЗЕ ОТЫРЫП, БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРГЕ
ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Раимбекова М.Б. - магистрант (Алматы қаласы, Қазмемқызпи)

XXI ғасыр химия ғасыры деп атауға тұрарлық, себебі күннен –күнге химия ғылымының теориялық, фактылық жаңалықтармен қоса химия өндірісі де күшті қарқынмен өсуде. Сондықтан орта мектептегі химия курсының мазмұнына теориялық, деректі және өндірістік материалдар мольнан енгізілуі тиіс. Химия өндірістері туралы берілетін мағлұматтар оқушыларға политехникалық білім беру міндеттерін шешуге жәрдемдеседі. Бұл міндеттерге жататындар : қазіргі заман өндірістеріндегі еңбекті ұйымдастырудың жалпы техникалық негіздерімен таныстыру; өлшеу және есептеу техникасымен байланысты білім, білік және дағдымен қаруландыру; оқушылардың ғылыми – техникалық ой-өрісін дамытып, жобалар және корструкция жасай білуге баулу; оқушыларды өндірістік еңбекке үйрету.

Химия пәні оқушыларды ауыр индустрияның аса маңызды саласы – химия өнеркәсібінің негіздірімен таныстырады. Мысалы, мектепте *элементтер химиясын оқыту кезінде фосфор қалдықтытарынан фосфор қышқылын өндіру мәселесін сабаққа енгізсек*, химия ғылымы мен өндірісінің өзара шарттастығын, ғылымның өндіруші күшке айналып ортырғанын көрсетуге мүмкіндік жасайды. Химия өнімдерінің халық шаруашылығында және тұрмыста кеңінен қолданылатын, шикізаттарды химиялық өңдеудің кең өріс алғаны, экологиялық мәселелерді шешу жөніндегі химияның маңызы туралы ұғым қалыптасады.

Өндірістік материалдар химияның физикамен, биологиямен, сызу және математика, т.б. пәндермен байланысын жүзеге асыруға септігін тигізеді, олардың алған білімін химиялық мәліметтермен толықтырады. Элементтер химиясын оқыту кезінде фосфор қалдықтытарынан фосфор қышқылын өндіру мәселесін сабаққа енгізсек және осындай басқада химия ғылымы мен өндірістік материалдар алуан түрлі мамандықтармен таныстыру арқылы оқушыларға кәсіптік бағдар береді, өмірден өз орнын табуға жәрдемдеседі.

Өндірістік материалдардың білім берудегі міндеті – химия өндірісі туралы ұғымдар жүйесін қалыптастыру. Бұл жүйеге өндіріс өнімі, шикізаты, шикізатын өнімге айналуының негізіне жататын химиялық реакциялар, технологиялық әрекеттер, қондырғылар мен аппараттар және олармен жұмыс істеу техникасы, өндірістің негізгі мамандықтары кіреді.

Ең маңызды ұғым - өндіріс өнімі, кез келген химия өндірісі қажетті өнімді шығару үшін дүниеге келеді. Өнім деп отырғанымыздың өзі яғни фосфор қалдықтытарынан фосфор қышқылын өндіру мәселесін сабаққа енгізсек адамға пайдалы физикалық және химиялық қасиеттері бар зат болғандықтан, бұл зат өндірістен бұрын оқылғаны жақсы. Бұл жағдайда тарихи негіз ескеріледі. Жаңа зат алдымен зертханада алынып, қасиеттері және қолданылу мүмкіндігі зерттеледі. Содан соң зат зертханадан гөрі зауыт жағдайына жақындатылған үлкен қондырғыларда сынақтан өткізіледі. Сына у кезінде өндіріске байланысты мәселелер жинақтап анықталғаннан кейін химиялық зауыт салынады, зат химиялық өнімге айналады. Мселен, фосфор қалдықтытарынан фосфор қышқылын өндіру мәселесін сабаққа енгізсек , фосфор қышқылы өндірісін оқып-үйрену осы айтылғанға ұқсас жүзеге асады. Фосфордың оттекті қосылыстарын өткенде оқушылар фосфор қышқылының қасиеттерін тәжірибе жүзінде зерттейді,

фосфордың табиғатта кездесетін қосылыстарын, оксидтердің қасиеттерін, бір-біріне айналу реакцияларын зерттеу арқылы өндірістік материалдарды игеруге әзірленеді. Бұдан соң өндірістің үш сатысының негізіне жататын химиялық реакциялар зертханалық қондырғыларда жүзеге асырылады, ақырында өндірістің өзімен танысоды.

Келесі ұғым - өндірістің шикізаты. Шикізат ретінде табиғатта кездесетін заттар, басқа өндірістердің жартылай өнімдері мен қалдықтары қолданылады. Осыған орай табиғи ресурстарды кешендік, қалдықсыз және үнемді пайдалану, азық заттарын шикізат есебінде қолданбау тұрғысынан түсіндіріледі.

Технологиялық әрекеттерге байланысты қалыптасатын маңызды ұғымдардың бірі- химия өндірісінің экологиялық таза болуын қамтамасыз ету. Фосфор қалдықтытарынан фосфор қышқылын өндірудің өте пайдалы екендігін түсінсе.

Зерітпеу мақсаты: Фосфор қалдықтарынан тыңайтқыштар өндеп алудың технологиясы мен әдістері. Рентгенфазалық талдау алынған өнімнің құрамын, қосылыстарын көру. Натрий гуматын фосфор қышқылының әсерінен ыдырап, аммиакпен бейтараптағаннан кейін реакция нәтижесінде натрийдің дигидро- және гидрофосфаттары түзіледі.

Зерітпеу міндеттері: Фосфор өндірісінің қалдықтарын залалсыздандырудың әр түрлі тәсілдеріне ұсыныс. Құрамында фосфоры бар қалдықтарды пайдалану, оларды қажетті өнімдерге өңдеу проблемасының өзектілігі.

Зерітпеу объектісі: Төменгі сортты фосфориттерді жаңа жол күкіртті қоса отырып, фосфорлы және фосфорлық – азотты қышқылды іліктеу әдістері.

Егіннің бітік шығуына яғни толық пісіп жетілуіне минералдық тыңайтқыштардың әсері зор екендігі қазіргі жұрттың бәріне мәлім. Өсімдік өскенде жерден әр түрлі заттарды (тұздарды) тамыры арқылы бойына сіңіріп қорек ететіндігі баршаға белгілі. Ал егінді жинағанда жерден алған қоректі заттар бірге кететіндіктен, сол топырақтың құнарлығы нашарлайды. Нашарлаған жерді жақсарту үшін минералды тыңайтқыштар және органикалық тыңайтқыштардан көбінесе тек көн қолданылады. Бірақ та үнемі ондай тыңайтқыштарды қолдану, топырақтың құрылымын өзгертіп, оның құнарлығын нашарлатып, ондағы гумустың мөлшерін азайтады. Ал өсімдіктің дұрыс өсіп-өнуі үшін азот, фосфор, калий, макро және микроэлементтер мен органикалық заттар, қосылыстар қажет. Ал ауыл шаруашылық дақылдарының өнімін арттыру үшін тыңайтқыштың құрамында осы атаған өсімдікке қажетті заттардың болғаны жөн. Сол себепті қазіргі ғылымның техниканың дамуы өзіміздің елімізде өндіріліп отырған фосфор өндірісінің қалдықтарынан тыңайтқыштар алып орырмыз. Бұл бір жағынан, қалдықсыз өнім алудың бір жолы болса, екіншіден, сапалы әрі көп өнім алуға бірден-бір себеп.

Тыңайтқыш түрінде өсімдікке берілетін үш элементтің (фосфор, азот, калий) ішінде фосфордың орны ерекше, фосфор өсімдіктің дәніне жиналады. Фосфорлы тыңайтқыштардың ең маңыздыларына *жай және қос суперфосфат, аммофос, преципитат, сүйек ұны, диаммофос, азофосқа, фосфарит не апатит ұны* жатады.

Фосфор қалдықтарынан тыңайтқыштар өндеп алудың технологиясы мен әдістері күннен күнге өсуде. P O - пен байытылған жартылай өнімді алу мақсатымен төменгі сапалы Қаратау фосфаритін күкірт және азот қышқылдарының көмегімен ыдырату процесінің тиімділігі жақында анық болды. Құрамында магний бар Қаратау шикізатының фосфор қышқылын экстрациялау ерекшеліктерінде зерттелген.

Фосфор өндірісінің техногендік қалдығы болып келетін - *ізбес шамы* және оның қышқылдық ыдырату процесінің (K:C=1:1:T=100-110) нәтижесінде алынатын өнімнің рентген – фазалық, ИК- спектрлік және химиялық әдістермен талдаулары зерттелген. Яғни қалдықтан *аммофос* түріндегі тыңайтқыш алынады екен. Сондай – ақ *ізбес шамы* және фосфоритті ұсақтың құрамы зерттелген. Осы қалдықтарды қолдана отырып, *ізбес*

шамы; фосфаритті ұсақ; шламды фосфор қышқылы = 70:30:100 қатынасында, құрамында фосфор бар тыңайтқыш алу жолдары да зерттелген. Алынған тыңайтқыш құрамында суда толық еритін 45 процент P O бар және фторы екі еселік суперфосфаттан 2,5 есе аз.

Фосфор өндірісінің тағы бір техногенді қалдығы – котрельді шаң химиялық және физикхимиялық анализ әдістерімен зеттеледі. Котрельді шаңның сұйытылған күкірт қышқылымен әрекеттесу нәтижесінде құрамында фосфор, азот бар тыңайтқыштарды алуға болады. Алынған өнімдердің құрамында P,K,N,S сияқты компоненттер бар және олар суда, лимон қышқылы мен аммоний цитратында толық ериді. Котрельді шаңнан (электрофильтр шаңы) алынған фторсыздандырылған экстрациялық фосфор қышқылынан өндірілетін фосфор, азот құрамдас тыңайтқыштарды алу нәтижесі қарастырылған.

Фосфор өндірісінің қалдықтарын залалсыздандырудың әр түрлі тәсілдірі ұсынылған. Құрамында фосфоры бар қалдықтарды пайдалану, оларды қажетті өнімдерге өңдеу проблемаларының өзектілігі белгілі. Өндірістік масштабта тек қана котрельді сүттің жана қалдықтарын және «кұнарсыз шламдары» РК типті тыңайтқыштарға өңдеу тәсілі бар екені анықталған. Шлам жинағыштарды залалсыздандырудың, олардың құрамындағылары химиялық элементтерге, әр түрлі салаларда қолданбалы фосфорқұрамды заттар мен тыңайтқыштарға өңдеудің тиімді жолдары бар.

Мырыш, кадмий, қорғасын және мыс металдарын фосфорлы үлгілерінде инверсиялы вольтамперметрия әдісімен анықтауға болады.

Төменгі сортты Шілісай фосфоритін жанажол күкіртін қоса отырып, фосфорлы қышқылды және фосфорлық-азотты қышқылды іріктеу әдістері зерттелді. Сутектік және цитратты-өнімделетін фосфатты түрдегі біріңғай қатынастағы суперфосфатты (47,0-48,0 процент P O) қосарлы типін өнімдеуге болады.

Технологиялық әрекеттерге байланысты қалыптасатын маңызды ұғымдардың бірі – химия өндірісінің экологиялық таза болуын қамтамасыз ету. Соңғы кезге дейін химия өндірісін жоспарлауда , салуда және пайдалануда мол өнімалу брінші орынға қойылып, өндірістің қалдықтарын заласыздандыруға, кешенді пайдалануға көңіл бөлінбей келді. Осыдан барып, химия өндірісі зор пайдасымен бірге экологиялық жағдайды нашарлатып, айналадағы ортаға, тірі организмдерге орны толмас зиянын тигізді. Бұдан өндірістік материалды біржақты қарастырмай, қауіпсіздік шараларына, табиғатты қорғау мәселелеріне ұдайы назар аудару жөніндегі әдістемелік міндеттер келіп туады.

Ф.Дре: *«Экология – болашақтың ғылымы, себебі, адамның біздің планетамызда өмір сүрудің өзі прогресімен анықталуы мүмкін»* деген. Олай болса , қазіргі заманғы экология тек жеке ғылым ретінде ғана қарастырылып қоймай, ол дүниеге көзқарасқа, адамзаттың тіршілігін сақтауы туралы мәселеге айналып отыр.

Болашақ мұғалімдерге таңдап алынған мамандығына байланыссыз болашақ маманға табиғаттың даму заңдарын түсінуге мүмкіндік беретін білімдердің қажеттілігі күмән туғызбайды. Оның осы білімдерді өзінің болашақ қызметінде іс жүзінде қолдана білуіне қоршаған ортаның жағдайы тікелей не жанама түрде тәуелді болады.

Адамды тәрбиелейтін қоғам мен орта болса, ал баланы тәрбиелейтін мұғалім мен отбасы. *«Мұғалім мектепке жан кіргізеді, кемшілігін жасырады»* деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай, мұғалім жас буынды қазіргі заман талабына сай тәрбиелеп білім береді. Білім негізі – сабақта. Сондықтан болашақ мұғалімге экологиялық білім беру арқылы, біз бүгінгі күн талабына сай білімді, білікті, саналы оқушылар тәрбиелей аламыз. Ол үшін әр болашақ мұғалім экологияның мына салаларынан білім алғанын жөн көремін.

Бірінші «*Биологиялық жүйелердің экологиясының негіздері*» бөлімінде классикалық биология экологияның негіздері берілген.

Біз А.К. Бродскийдің «тек биологиялық жүйелер экологиясында ғана классикалық экологияның міндеттер мен функциясы сақталады»- деген осымен келісе отырып, тек классикалық экология ғана экологиялық дүниетанымды, яғни айналадағы болып жатқан нәрсенің барлығына деген ерекше экологиялық көзқарасты қалыптастыруға қабілетті деп есептейміз.

Қазіргі кезеңде экологиялық білім беруде себептен оның туғызатын салдарына көп көңіл бөлінуде. Нәтижеде қоғам мен табиғаттағы күрделі байланыстарға сараптама жасаудың орнына, адамзат бар күшін табиғатты тиімді пайдаланбаудың зиянды салдарын жоюға жұмсап отыр. Осы жерде Р. Риклефстің сөзі орынды: «Егер біз табиғатпен қандайда бір келісімге келгіміз келсе, онда көптеген жағдайда біз оның талаптарын орындауға тиіспіз». Бұл талаптар адамзат қоғамы ерте ме, кеш пе санасуға мәжбүр болатын табиғаттағы барлық құбылыстар мен процестер бағынатын табиғат заңдарына негізделген.

Екінші «*Әлеуметтік экожүйелердің экологиялық мәселелері және оларды шешу жолдары*» бөлімінде қазіргі заманғы әлеуметтік және қолданбалы экология негіздері, биологиялық жүйелердің адам қызметі әсерінен өзгерген - әлеуметтік экожүйелердің экологиялық мәселелері және оларды шешудің кейбір жолдары қарастырылады.

В.И. Вернадскийдің айтуы бойынша адам алып геологиялық күш ретінде әсер ете бастады. Қазіргі заманғы экологиялық мәселелер ең алдымен адам қызметімен байланысты.

Әлеуметтік және қолданбалы экологияда адам қызметіне байланысты туған экологиялық мәселелердің себебі мен салдары және экологиялық мәселелердің шешу құралдары қарастырылады.

Жалпы алғанда курстың негізгі міндеті болашақ мұғалімдерге қоғам мен табиғаттың қарым – қатынасын оптимизациялаудың негізі ретінде табиғи және техногенді процестерге жүйелік көзқарасты қалыптастыру болып табылады.

Экологияның әдістері. Қазіргі заманғы экологияның әдістемелік негізін жүйелік тұрғыдан қарастыру, ортаның жағдайын бақылау, эксперимент және моделдеу құрайды.

Жүйелік тұрғыдан қарастыру экологияның кез келген объектісі, тірі табиғаттың барлық элементтері өзара байланыста болғандықтан, жүйе немесе жүйенің бөлігі болып табылатындықтан көптеген экологиялық зерттеулерде қолданылады.

Экологиялық жағдайда дұрыс түсіну үшін берілген жердегі өзара әрекеттесетін факторлардың барлығын есепке алуды, ал бұл әр түрлі экологиялық әдістерді қолдануды талап етеді.

Ортаның жағдайын бағалау және есепке алу әдістері. Бұларға метеорологиялық бақылау, температураны

Зерттеудің өзектілігі. Адамзат баласы тіршілік етуінің алғашқы кезеңінен бастап өздерінің күнделікті тіршілік өміріне керекті заттардың бәрін биосфера компоненттерінен жерден, судан, өсімдіктер әлемінен, жануарлар дүниесінен, жер қойнауынан алып келгені баршаға белгілі.

Биосфера барлық материалдық игіліктердің қайнар көзі. Оның байлықтары (жер, су, ауа, өсімдіктер әлемі мен жануарлар дүниесі) ежелден бері қарай адамзат баласының барлық мұқтаждықтарын өтеп келеді. Биосфераның бар сыйы біздің қоғамымыздың жан-жақты дамуына үлес қосады, тіршіліктің негізгі көзі.

Биосфера-тіршілік тірегі. Ол адамзат және ондағы қоғаммен тығыз байланыста (биосфера-адам-қоғам). Сонымен биосфера дегеніміз-біздің айналамызды

қоршаған орта. Оны адамзат жасаған жоқ, ол адамзат баласының пайда болуынан әлде қайда бұрын жасалған.

Биосфера көптеген компоненттерден тұрады. Олардың ішіндегі ең маңыздысы да, күдіреттісі де-жер, оның үстіңгі қабаты қара топырақ. Биосферадағы барлық тіршілік иелері-адамзат баласы, жан-жануарлар дүниесі, өсімдіктер әлемі жерден қуат, нәр алады. Бір сөзбен айтқанда Жер тіршіліктің тірегі. "Байлықтың атасы-еңбек, анасы-жер", "Жері байдың елі бай, "жер — таусылмайтын қазына" халықтың даналы сөздерінде қаншама философиялық мән жатыр десеңізші! Құнарлы жерлер үшін көне заманнан бері қарай көптеген қантөгістер, неше түрлі ауыр соғыстар, ұрыс-тартыстар болғаны белгілі. Жер - біздің асыраушы анамыз. Адамзат баласы жердің бергенін даяр күйінде пайдаланып қана қоймастан, тарихи даму үрдісінде оны өзі де өңдеп, игере бастады.

Адамзат баласының нағыз егіншілік кәсіппен шұғылдануы тарихи, біздің жыл санау мерзімізге дейін 8500 жыл бұрын қалыптасқан дүние. Жер өңдеу мен егіншілік жүргізудің қарапайым тәсілдерін, тіпті, осы күнде де кездестіруге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Кармышев В.Ф. Химическая переработка фосфатов. М.: Химия, 1983. 304 с.
2. Джусипбеков У.Ж., Ажибаев Т.Р., Бержанов Д.С. Отходы фосфорной промышленности пути их утилизации // Аналитический обзор. Алматы. КазНИИНКИ. 1992. 41 с.
3. Полищук П.М. Иванкевич Е.Б. Исследование отходов производство фосфора // В сб.: Фосфорная промышленность. М. 1972. №9. С. 28-32.
4. Мырзабайұлы А. Химияны оқыту әдістемесінің практикумы. –Алматы: Рауан, 1997.
5. Нұғманұлы И. Химияны оқыту әдістемесі. Алматы: Рауан, 1993.
6. Бірімжанов Б. Нұрахметов Н., Мұратбеков М. Жалпы және аорганикалық химияның теориялық кіріспесі. –Алматы, 1977.
7. Реймерс Н.Ф. Экология. Теории, законы, правила, принципы и гипотезы. – М., 1994. 376 с.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада құрамында фосфоры бар қалдықтарды пайдалану, оларды қажетті өнімдерге өңдеу проблемаларының өзектілігі көрсетілген. Мектепте шлам жинағыштарды қалалсыздандырудың, олардың құрамындағыларды химиялық элементтерге, әртүрлі салаларда қолданбалы фосфорқұрамды заттар мен тыңайтқыштарға өңдеудің тиімді жолдары ұсынылады.

РЕЗЮМЕ

В статье показана актуальность проблемы использования фосфорсодержащих отходов, их совместной переработки на целевые продукты. Выявлено, что в школьной программе нужно раскрыть способ переработки отходов фосфора. Намечены рациональные пути обезвреживания шламонакопителей и переработки их содержимого на химические элементы, фосфорсодержащие вещества различного назначения и удобрение.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕГІ «АТАМЕКЕН» БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МӘНІ

Сарсенбаева Р – магистрант (Алматы қ., Қазмемқызпи)

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау. Жеке адамның шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы интеллектін байыту. Еңбек рыногында бәсекелесуге қабілетті жұмысшылар мен мамандар даярлау, оларды қайта даярлау және біліктілігін арттыру» деп көрсетілген/1/. Олай болса, барша ұстаздар қауымына ХХІ ғасыр талабына сай азамат тәрбиелеудегі үлкен жауапкершілік жүктеліп отырғаны анық. Қазіргі білім беру саласында шығармашылық қабілеті бар, талантты, іскер мамандарға мұқтаж.

Оқушыларға берілетін тәрбие жұмысы бойынша ұсынылып отырған «Атамекен» бағдарламасының /2/ негізгі мақсаты – Қазақстан Республикасының мүддесін қорғайтын, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру. Сол мақсатта қазіргі жас-жеткіншек бойына еліне, жеріне деген сүйіспеншілік пен ізгілікті дарыту. «Ізгілік» бағдарламасы халық тәрбиесінің тамырынан мәлімет беретін «Атамекен», «Дәстүр» бағдарламаларынан нәр ала отырып, қазіргі өркениетті ел тәрбиесінің маңыздысына назар аударту. Адам тәрбиесіне кері әсер ететін жағымсыз әдеттерді талдау. Үлгілі жағын ұлт мүддесіне сай пайдалана отырып, жастарға жан-жақты тәрбие беру.


Мұғалім мәртебесі мен беделін ерекше көтеру бүкілхалықтық, жалпы әлеуметтік мемлекеттік басты мәселеге айналуы тиіс. Өйткені мұғалім - өркениеттің өзегі, білім көзі. Ғылымның жаңаша бағыттары мен жаңа технологияны дамыта алатындай талантты тұлғаларды түлетіп тудыратындар беделді де білгір педагогтар екені даусыз. Сондықтан елдің мұғалімі жақсы болмай, мемлекеттің өркениетке өрлеуі мүмкін емес.. Сол үшін де мұғалімге айрықша жағдай жасалып, олар тек жастарға білім беріп, жеткіншектердің барлық дарындылық қасиеттерін дамытумен ғана айналысуға толық мүмкіндік туғызылуы керек.

Ұлттық сана – сезімнің қалыптасу деңгейі адамның өз тілі мен дініне, елінің тарихына, мәдениеті мен әдет-ғұрып, салт-санасына деген азаматтығынан көрінеді.

Осындай тәрбиені алдарына мақсат етіп ұстаған ағым жас жеткіншектер тәрбиесіне үлкен өнеге береді, өз ұлтының мәдениеті мен әдебиетіне деген қызығушылықтары артады. Қазақ жастары тәрбиенің қай саласы болса да ата-бабасының үлгісін мақтан ете алады. Басқа халықтармен салыстыру деңгейінде тұра алады. Қазақ жастарының дүниетанымы, халқының озық дәстүрлерінің орасан зор екендігін сезінуі, жоғары тарихтағы күрделі саяси өзгерістерді есепке ала отырып, ой елегінен өткізуі қажет.

Қазақ халқы елінің болашағын ойлай отырып, өмірден өткен ақылдың кені қариялар сөзіне ерекше мән берген. Сөз мағынасын ой елегінен өткізіп, тәрбиелік мәніне зер салған. Сол арқылы тәрбие түрлерін одан әрі байытып, тәрбиелей білген. Сол өсиет сөздерді педагогикалық білім беруде де кеңінен қолданған.

Төменде берілген тәрбие салалары арқылы жастарды еліне, жеріне, айналаны қоршаған ортаға, жанұяға деген сүйіспеншілігі дағдысын қалыптастыруға баса назар аударып тәрбие беру. Ұлттық тәрбиенің негізгі мақсаты: ұлттық сана сезімі мол, рухани деңгейі биік, іскер, еңбекқор, табиғи әдепті де, ізетті ұрпақ тәрбиелеу.



Бүгінгі жастарымыздың сана сезімін өркениетті елдің үлгілі тәрбиесін пайдалана отырып, ұлттық дәстүрде қалыптастыру үшін тәрбие жұмысын жаңа талапқа сай бағыттау керек. Еліміздің халықтық педагогикасына сай қазіргі бейне көріністерді, сын тұрғысында талқылай отырып «Атамекен» бағдарламасы бойынша «пікір талас», «дебат», «КВН» сияқты сыныптан тыс тәрбие жұмыстарын жүргіздің маңызы өте зор. Сондықтан да халқымыз «жақсыны үйрен – жаманнан жирен», «Ардақта ата-ананды, құрметте дананды» - деп адамгершілік тәрбиеге жол сілтейді. «Үлкенге - құрмет, кішіге - ілтипат жаса» - дей отырып, инабаттық пен ізгілікке тәрбиелеуді ескертеді.

«Тәрбиесіз берілген білім халыққа апат әкеледі» - деген екен даналарымыз бен ғұламаларымыз. Болашақ мұғалімдеріміздің алдында тұрған мақсаттары: өскелең өміріміздің өркені жас жеткіншектерімізді тәрбиелеу.

Ақылгөй даналар тәрбиесін тез қабылдайтын жастардың дарындылығымен қазақ халқы ғасырлар бойы халықтық педагогикамызды ұмытқан жоқ.

Жүргізіліп жатқан тәрбиенің қай саласын алсақ та алдымыздағы негізгі мақсат:

1. Адамның дүниетанымын, азаматтың тұлғасын қалыптастыру.
2. Еңбек және экономикалық, экологиялық тәрбие беру.
3. Өзіндік білім мен өзіндік ақыл-ой тәрбиесіне баулу.
4. Отан сүйгіш, ұлттық тәрбие, салауаттылық өмір тәрбиесі мен дене тәрбиесіне ерекше назар аудару көзделген.

Сондықтан да «Атамекен» бағдарламасының қазіргі кезде оқушыға сапалы білім саналы тәрбие беруде жан-жақты шара жасалынуы, шығармашылығының маңызы өте жоғары.

«Атамекен» бағдарламасындағы тәрбиенің тақырыптық шаралары:

«Келер ұрпақ алдында зор жауапкершілік жүгін арқалап келеміз», - деген Н.Назарбаевтың сөзі жай айтыла салған жоқ. Еліміздің болашағы көркейіп, өркениетті елдер қатарына қосылуы бүгінгі ұрпақ бейнесімен өлшенеді. Өркениет біткеннің өзегі - білім, ғылым, тәрбие екендігіне ешкімнің таласы жоқ.

Мектеп — бүгінде рухани даму ошағы. Практикада бір қолайсыз жағдайлар кездесе оған біреулер қым-қуыт заман кінәлі, орта мектеп, отбасы кінәлі дейді. Бірақ ішінара болмаса, бұл тұжырымдар бүгінгі қоғамға нақты сипаттама бола алмайды. Себебі, заман өзгергенімен, сол тарихи дамуды қалыптастыратын адам ешқашан жақсылықтан безініп, жамандықтың ауылына бармайды. Қытайдың «Өзгерістер кітабында» («Ицзин») мынандай қағида келтіріледі: батыстықтар болып жатқан құбылыстардың сыртқы сипатына көбірек көңіл бөлсе, ал шығыстықтар соның ішкі астарын білуге ден қояды.

Қазақстан қаз тұрып, қазір әлемнің бәсекеге қабілетті 50 елдің бірі болуға ұмтылуда. Өз менталитетімізді түбегейлі орнықтыра аларлық күш - қуатымыз бар ма дегенге келсек, ең алдымен ұлттық дәстүр, ұлттық рух, ұлттық намыс, отансүйгіштік қасиеттер арқылы оятуымыз, оятып қана қоймай, бай мұраларымызбен үнемі жігерлендіре толықтырып отыруымыз қажет. Ата заңымызда жазылғандай ой бостандығы, сөз бостандығы берілді. Телеарналар мен баспасөздерде ұлттық салт - дәстүрімізге, әдет - ғұрпымызға қатысты танымдық дүниелер үзбей көрсетіліп, жарияланады.

Бірақ бұл бүгінгі ақпараттар тасқыны өрттей лаулаған заманда соған тосқауыл боларлық, асқарлы міндетті атқара алмайды. Өйткені кешегі кеңестер тұсында АҚШ пен Жапония да осы елге қатысты тұтастай бірнеше институттар жұмыс атқарды. Қоғамдық дамуымызды, экономикалық өрлеуімізді ойлаған бүгінгі билік басындағылар педагог - ғалымдар бірлесе отырып, идеологиялық майданның стратегиясы мен тактикасын құрып қалыптастыратын кезең туды. Патриотизм - өз Отанына деген ереше сезім, өзінің туып - өскен жеріне деген сый құрметі, өзінің отбасын, жанұясын мақтан тұтып, құрметтеуі.

Жоғарыда айтып кеткен ғылыми-педагогикалық ой-толғаныстар негізінде дүниеге келген этнокомпекстік тәлім-тәрбиесінің жүйесінің негізінен туындаған. «Атамекен» атауы – сол аталған жүйенің қалыптасуына тарихи әсерін тигізген саяси-қоғамдық, этнографиялық және басқа да қоғам дамуының салаларын қамти отыра,

халқымыздың бойындағы барлық қасиеттерді жас ұрпақтың сана-сезіміне сіңіру қалыптастыру мақсатында 30 ұлттық ғылыми-тәлімдік, рухани-танымдық бағыттардың бір-бірінен ажырамайтын, халық педагогикасының ұлттық ерекшелігі болып табылатын – этнокомплекстік тәлім-тәрбие жүйесінің «Атамекен» бағдарламасы жасалынып, қоғамдық өмірге, енуіне тарихи – педагогикалық маңызын тигізді.

«Атамекен» ұлттық ғылыми-тәлімдік, рухани танымдық бағдарламасы – Қазақстандағы және шет елдердегі ұлттық білім-тәрбие шаңырақтары – мектеп, мектептен тыс тәрбие ошақтары, оқушылар сарайы, балабақша, білім-ғылым мәдени-ағарту мекемелеріндегі тәлім-тәрбие жүйелері мен іс-әрекеттерінің ұлттық спецификалық ерекшеліктерін айқындайтын, қазақ халық педагогикасы мен психологиясына, тарихы мен мәдениетіне, салт-дәстүрлеріне негізделген – этнокомплекстік жүйе болып табылады.

«Атамекен» бағдарламасы арқылы болашақ ұстаздарымыз жас ұрпақ бойына халқымыздың мыңдаған ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары, тарихи шежірелер мен мәдениетінің, ұлттық рухани-танымдық, тәлім-тәрбиелік, тұрмыстық-әлеуметтік, қасиетті киелі асыл мұраларының қазынасын жас ұрпақтың бойына сіңіру, ата – бабаларымыз армандаған қоғамымыздың білімді, парасатты, қасиетті, иманды, қайратты, ұлтжанды, қайырымды тұлғаларын дайындау істеріне үлес қосып, әрі қарай шыңдау. Сонымен бірге қазіргі заман талаптарына сай тәрбие жұмыстарының жаңаша, мазмұнды, сапалы жүйелерін жасауға, ұлттық мамандар даярлау істеріне белсене ат салысу, қазақ халық педагогикасы мен психологиясы ілімдерінің ұлттық тәлім-тәрбиелік ерекшеліктерін дүниежүзіне таныту, бірлескен іс-шаралар атқару.

«Атамекен» Бағдарламасы - әр халықтың сан ғасырлар бойы жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу үрдісінде қалыптасқан озық тәжірибелерге негізделген – адамгершілік, парасаттылық және жалпыадамзаттық құндылықтарды бүгінгі жас өркеннің бойына қалыптастыруда, педагогикалық білім беруде маңызы өте зор болып табылады.

Бабаларымыздың көне ғасырлар көшінен жеткен асыл мұраларын ұрпақ санасына сіңіру заманымыздың қай кезеңінде болмасын оңай болмады. Ұлттық тәрбиенің ұрпақ тағдырын шешетін ұлы қазынамыздың бірі екенін осындай еңбектер нәтижесінен көруге болады.

Білім мен тәрбиенің негізгі мақсаты: дені сау, ұлттық сана сезімі жоғары оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер, табыскер, ғылым мен техниканы меңгеруге қабілетті, имандылық сияқты қасиеттер қалыптасқан жас ұрпақты тәрбиелеу.

«Атамекен» Бағдарламасы негізінде жұмыс жүргізудің нәтижесінде жастарымыз туған өлкесінің тарихымен, мәдениетімен, сал-дәстүрімен, байтақ Қазақстанның төл тұрғындары – қазақтардың және елімізді қоныстанған өзге де ұлт өкілдерінің тұрмыс-тіршілігімен танысып, одан әрі педагогикалық білім беруде тәжірибелері шыңдала түсті. Қорыта келгенде, елдің жадынан шығуға айналған хандарымыздың, батыр бабаларымыздың, көсеміміздің, билеріміздің, халқымыздың, мәдениеті мен ғылымына, әдебиетіне елеулі сіңген ардақтыларымыздың есімдері қйта жаңғырды. Ел дәстүрі жаңарды, жасарды, толысты. «Атамекен» бағдарламасының осы халық педагогикасы негізінде жүргізілген тәрбие жұмыстары мектептерде баланың ой-санасының дұрыс жетілуіне, құрметпен ілтипатты түсінуіне себепкер болып отыр. Келешек ұрпақ тәрбиелеуде алға тартқан бағдарламасына сай шығармашылықпен жұмыс істеп, дарынды балаларды көптеп шығарып, іскер мамандар әзіреуіміз алдымыздағы азаматтық парызымыз болмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.Қ.Р. «Білім беру заңы» - Алматы, 2007
2. «Атамекен» ұлттық ғылыми-тәлімдік, рухани-танымдық бағдарламасын оқу-тәрбие жұмыстарына жүзеге асырудың этнопедагогикалық-этнопсихологиялық мәселелері., Астана 2008ж
3. Н.Сейдіғазым *Мұғалім даярлығына байланысты* // Қазақстан мектебі: Алматы, 2002 - №3 7-9-б.
- 4.М. Жұмабаев Педагогика. Алматы, “Ана тілі”, 1992.
- 5.Назарбаев Н.Ә. Қазақстан - 2030 стратегиялық бағдарламасы: Елбасының Қазақстан халқына Жолдауы. - Алматы, 1997. - 96 б.
- 6.Қазақстан Республикасының «Білім» мемлекеттік бағдарламасы. - Алматы, 2000.
- 7.Қ.Ахметұлы
Ф. Ахметова., «Білім негізі – Рухани уыз тәрбиесі»

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада болашақ мамандарды «Атамекен» бағдарламасы негізінде даярлау мәселесі қарастырылады.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматривается проблема подготовки будущих учителей на основе программы «Атамекен».